1298.	гипоменорея	етеккір аз келуі	<p>1. (hypomenorrhoea; грек. hupo – «төменде, төменгі; асты» және грек. men – «ай» және грек. rhoia – «ағу, ағып біту») – етеккір циклінің бұзылуынан байқалатын гинекологиялық ауру. Гипоменорея — етеккірдің аз келуі, қоңыр түсті болады, мұндай етеккірдің мөлшері стандартты физиологиялық нормаға жетпейді. Гипоменорея кезінде қан шығындылары көп келмейді және қоңыр түсті болады. Бұл аурудың белгілері: етеккір ұзаққа созылмайды (олигоменорея) немесе мүлдем етеккір</p>

			<p>келмейді (аменорея). Гипоменорея әйелдер физиологиясының өзгеруінің диагностикалық көрсеткіші немесе әйелдің жыныстық саласында патологияның туынды асқыну процесі болуы мүмкін.</p> <p>2. Әзербайжан:Hipomenoreya</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек:Hipomenoreya</p> <p>5. Түрік:hipomenoreya</p> <p>6. Ағылшын:Hypomenorrhea</p> <p>7. Испан:Hipomenorrea</p> <p>8. Неміс:Hypomenorrhoe</p> <p>9. Француз:Hypoménorrhée</p>
1299.	гипосмия	иіс сезу нашарлығы	<p>1. (грек. hupo – «төменде, төменгі; асты» және грек.osme — «иіс, иіс сезу») — иіс сезудің нашарлауы. Барлық немесе кейбір иістерге ғана қатысты болуы мүмкін, біржақты немесе екіжақты болады.</p> <p>Мұрын арқылы тыныс алу бұзылған кезде, мұрын қуысының жедел немесе созылмалы қабынулары, иіс сезу жүйкесінің перифериялық бөлігіндегі аурулар, иіс сезу орталығы зақымданған кезде пайда болады. Диагноз қарапайым иіс сынамаларының немесе иіс сезудің күштілігін өлшейтін аспап ольфактометрдің көмегімен қойылады.</p> <p>2. Әзербайжан:Hiposmiya</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек:Giposmiya</p> <p>5. Түрік:hyposphresia</p> <p>6. Ағылшын:Hyposmia</p> <p>7. Испан:Hiposmia</p> <p>8. Неміс:Hyposmie</p> <p>9. Француз:Hyposmie</p>
1300.	гипопаратиреоз	гипопаратиреоз	<p>1. (hypoparathyreosis: грек. hupo – «төменде, төменгі; асты» және лат. parasītus- «дәмдес; дәмдес-тұздас; мәжілістес; тағамдас; тұздас; тұздас-дәмдес; табақтас; арамтамақ; жарамсақ») – паратгормонның кейбір немесе барлық әсерінің төмендеуі арқылы сипатталатын бірқатар жағдайларды біріктіретін патология, бұл гипокальциемиямен қатар жүреді.</p> <p>2. Әзербайжан:Hypoparathyroidism</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек:Hipoparathiroidizm</p> <p>5. Түрік:hipoparatiroidizm</p> <p>6. Ағылшын:Hypoparathyroidism</p> <p>7. Испан:Hipoparatiroidismo</p> <p>8. Неміс:Hypoparathyreoidismus</p>

9. Француз: Нуропаратироидіе

ҚР ҰЛТТЫҚ БАНКІ ҰСЫНҒАН ТЕРМИНДЕР

1301.	дооценка	үстеме бағалау	<p>1. «Дооценка»— құнның бір бөлігін есептен шығарып тастауға қарама-қарсы операция, яғни егер активтердің нарықтық құны, бағалау құны немесе есептік құны оның баланстық құннан асып кететін болса, активтердің баланстық құнын олармен сәйкестікке келтіру мақсатында арттыру (https://banking_finance.academic.ru/952/Дооценка).</p> <p>«Үстеме баға» I. Тұрақты тіркес.</p> <p>1. Өз бағасынан артық қойылған баға.</p> <p><i>Жасыратыны жоқ, ауылдық жерлерде мезгілсіз кез де үстеме баға қойып арақ сатушылық әлі де кездеседі («Қазақ әдебиеті»).</i></p> <p>2. экон. Негізгі капиталға алынған пайда шамасы мен пайданың кепілді нормасы; мемлекеттік бағалы қағаз бойынша төленетін пайыз арасындағы оң айырма (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экономика.). (ҚС, 1352).</p> <p>2. Әзербайжан: qiymətləndirmə</p> <p>3. Қырғыз: кошумча баа</p> <p>4. Өзбек: baholash</p> <p>5. Түрік: ek deęerlendirme</p> <p>6. Ағылшын: appraisal</p> <p>7. Испан: tasaci3n</p> <p>8. Неміс: Gutachten</p> <p>9. Француз: 3valuation</p>
1302.	эмиссия	эмиссия, шығару	<p>1.«Эмиссия» – лат. emissio – шығарылым. Жаңа акциялар мен басқа да бағалы қағаздар шығарылатын баға.</p> <p>«Эмиссия» (лат. emissio – шығарылым) – барлық нысандағы бағалы қағаздарды, ақша белгілерін, банк және қазынашылық билеттерін айналысқа шығару. Қолма-қол ақша және банк эмиссиясын эмиссиялық банк (ұлттық, орталық банк) жүзеге асырады; депозиттік чек эмиссиясын коммерциялық банктер атқарады; бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік акциондық қоғамдар орындайды. (https://kk.wikipedia.org/wiki/Эмиссия).</p> <p>«Эмиссия» I. Зат есім. 1. [латын. emissio] қаржы термині. Бағалы қағаздар мен қағаз ақшалар шығару ісі. <i>Ресми ақша бірлігін, тиындарын нақыштау тәртібі мен ақша белгілерінің эмиссиясының ақша айналымын ұйымдастыру мен реттеуді қамтитын ақша айналымының құқықтық негіздері мен</i></p>

ұйымдастыру нысандары 1993 жылғы 13 желтоқсанда «Қазақстан Республикасындағы ақша жүйесі туралы» Заңмен белгіленген болатын («Егемен Қазақстан»). Қолма-қол ақша және банк **эмиссиясын** эмиссиялық банк (ұлттық, орталық банк) жүзеге асырады (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экономика.). 2. [латын. emissio] ф и з и к а л ы қ. Қыздырудың ықпалымен, электр аясы мен өзге де себептерден қатты және сұйық денелердің фотондар, электрондар мен иондарды бөлуі, сәуле шығаруы. (ҚС, 1478).

«Шығару» I. Етістік.

1. «Шығар» етістігінің қимыл атауы. Тысқа жеткізу, апару.
– Байқайсың ба, сонда әлгі вагонетканы біржолалық карьердің сыртына шығарудың қажеті жоқ (С.Хайдаров, Құрыш білкітер). 2. Жариялау. – Мынау өлеңдеріңді кітап етіп шығаруға болмайды, – деп төтесінен бір-ақ айтты (Т.Ахтанов, Боран).

3. Бір нәрсенің қатарына, құрамына қосу, жіберу. Қалай дегенмен, атты бабына келтіріп барып, бәйге жолына шығару керек (Ғ.Нұрпейісов, Бесқара). 4. Босату. Сізді институттан шығаруға жетерлік фактілер анықталды (Қ.Мәшһүр-Жүсіпов, Қыздар, жігіттер). Интернетқа түсіп оқығаныма үш жыл болды. Одан шығару керек болса, амалым не, өзім-ақ кетейін (Ә.Жылқышиев, Балжанның тағдыры). 5. Есептің жауабын табу. ...Балалар тақтаға жазылған есеп пен мысалдарды қағаздарына көшіріп, шығаруға кірісті (З.Ақышев, Бәрі де есте). 6. Көтеру, абыройын асыру. Сенің мына күшігің басқарма боп тұрып та жаман ағасын жарылқап халықтың төбесіне бір шығаруға жарамады (Ә.Нұрпейісов, Сең). 7. <ағылшын. output> Ақпаратты компьютердің негізгі жедел жадынан сыртқы құрылғысына шығару.

8. Деректерді негізгі жадтан сыртқы құрылғыға беру. (ҚС, 1431).

2. Әзербайжан: emissiya
3. Қырғыз: эмиссия
4. Өзбек: emissiya
5. Түрік: emisyon

			<p>6. Ағылшын: emission 7. Испан: emision 8. Неміс: Emission 9. Француз: émission</p>
1303.	стерилизация	ретке келтіру, стерилизациялау	<p>1. Үкімет валюта нарықтарында өктемдіктер жүргізген жағдайларда орын алатын инфляциялық-дефляциялық әсерлердің орнын толтыру процесі. «Стерилизация» (ағыл. <i>Sterilization</i>) – (экономика) елдің орталық банкінің айналымдағы қолма-қол ақша мөлшерін мәжбүрлі түрде азайтуы, мемлекеттің кредиттік саясатының бір элементі. (https://ru.wikipedia.org/wiki/ Стерилизация). «Зарарсыздану» I. Етістік. 1. Зиянсыздану, залалсыздану. <i>Личинкалар қыста түгелдей қырылып қалады да, көктемге дейін жайылым зарарсызданады</i> (Ө.Қарамендин, Бұзау ауруы). <i>Сөйтіп кеңсірік арқылы өкпеге өтетін ауа тазарып, жылынады және зарарсызданады</i> (Адам анатомиясы). (ҚС, 555). 2. Әзербайжан: sterilizasiya 3. Қырғыз: стерилдөө 4. Өзбек: sterilizatsiya 5. Түрік: sterilizasyon 6. Ағылшын: sterilization 7. Испан: dauðhreinsun 8. Неміс: Sterilisation 9. Француз: stérilisation</p>
1304.	филтрация	іріктеу, сүзгіден өткізу	<p>1. «Филтровка́ние» (лат. <i>filtrum</i> – киіз, ағылшын. <i>filtration</i>, фр. <i>filtration</i>) – әртекті (дисперстік) жүйелерді (мысалы, суспензия, аэрозоль) дисперстік ортаны өткізетін және дисперстік қатты фазаны «ұстап қалатын» саңылаулы арақабырғалардың көмегімен ажырату процесі. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Филтровка́ние). «Филтрация» – хабарламалардың олардың жоғары, төмен немесе ұйым шегінде қандай да бір деңгейде қозғалу шамасына қарай бұрмалану үрдісі (https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc_physics/2258/Филтрация). «Іріктеу» I. Етістік. 1. «Ірікте» етістігінің қимыл атауы; таңдап іштей бөлу, сұрыптау. <i>Соттардың төрағалары мен әкімшілері қызметіне кандидаттарды іріктеу процесі едәуір демократиялана түсті</i> («Егемен Қазақстан») . <i>Биыл Қазақстан ұлттық</i></p>

құрамасы өзі өз болғалы тұңғыш рет УЕФА қанатының астында әлем біріншілігінің **іріктеу** кезеңіне қатысуды бастайды («Жас Алаш»). (ҚС, 1464).

«Сүзгі» I. Зат есім. 1. с ө й л е у. Сүзгіш. Сүтті тез сүзу мақсатымен

сүзгіні қозғалтып, сүтті шайқай беру – араласқан заттарды бөлшектеп, сүттегі бактериялардың арта түсуіне себепкер (З. Сейітов).

Камфора майдың сұйық бөлегінен тоңазыту, **сүзгіден** өткізу, преске салып с ыру арқылы бөлінеді (С. Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі-дәрмек қоймасы). 2. ж е р г і л і к т і. Тесік ожау, шолпы.

Сүзгі нан пісіруге қолданылады (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі). 3. Шәйнектен

шайды кесеге құйғанда саманы ұстап қалатын сүзгіш құрал. Біздер **сүзгі** болмаса, шай іше алмаймыз (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі).

4. т е х н и к а л ы қ.

<француз. filtre> Сұйықты немесе газды бөгде қатты қоспалардан тазалауға арналған қондырғы немесе зат. Сүзгінің өте майда тесіктерінен сұйық пен газ өтеді де,

қатты түйіршіктер онда қалып қояды. Мұндай **сүзгілер** мақта-матадан, жүннен, тоқыма кенептен, шыпы талшықтардан және т.б. жасалады (Қазақ тілі

терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Тамақ). Өндірісте көпшілік жағдайда вакуум **сүзгілер** және пресс-сүзгілер қолданылады. Вакуум сүзгілер барабанды

және дискілі болып бөлінеді (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Кен). 5. т е х н и к а л ы қ. Белгілі бір жиілікті дыбыстың, электромагниттік

толқындарды, кейбір сәулелерді тоқтататын аспап (жылу сүзгісі, жарық сүзгісі).

Электр **сүзгілер** түзеткіштерде, көп арналы байланыс жүйелерінде, радиоқұрылғыларда, автоматика, телемеханика құрылғыларында т.б.кеңінен қолданылады (ҚҰЭ). (ҚС, 1179).

2. Әзербайжан: filtrasiya

3. Қырғыз: чыпкалоо

4. Өзбек: filtrlash

5. Түрік: süzme

6. Ағылшын: filtration

7. Испан: síun

			<p>8. Неміс: Filtration 9. Француз: la filtration</p>
1305.	выкуп	құнын төлеп сатып алу	<p>1. Акционерлік компания акцияларының бақылау пакетін иелену. «Выкуп» – тұтқындағы адамды құтқару үшін ақшалай немесе мүліктік төлем немесе осы төлем үшін берілетін қаражат (https://ru.wikipedia.org/wiki/Выкуп). 2. Өзбекбайжан: fidyə 3. Қырғыз: куткаруу 4. Өзбек: to'lov 5. Түрік: fidyе 6. Ағылшын: ransom 7. Испан: rescate 8. Неміс: Lösegeld 9. Француз: rançon</p>
1306.	верификация	дұрыстығын тексеру, куәландыру	<p>1. Қисынды әдістердің көмегімен қабылданған және берілген ақпараттың сәйкес келуін анықтау. «Верификация» (лат. verificatio – дәлел, растау) – ғылыми ақиқат пен оның деректері (мәліметтері) эмпирикалық, яғни тәжірибелік тексеру арқылы айқындалады деген әдістемелік концепция, принцип. (https://philosophy_kaz.academic.ru/74/Верификация). «Верификация» (лат. verus – «шынайы» және facere – «делать»): 1) қандай да бір теориялық тұжырымдарды, алгоритмдерді, бағдарламаларды және рәсімдерді тәжірибелі (эталонды және эмпирикалық) деректермен, алгоритмдермен, бағдарламалармен салыстыра отырып дәлелдеу арқылы тексеру, растау, растау тәсілі; 2) соңғы өнімнің алдын ала анықталған эталонды талаптарға сәйкестігін растау; 3) жалғандықты (жасырушылықты, бұрмалауды) танып білу әдістемесі (https://ru.wikipedia.org/wiki/Верификация). «Верификация» (<фр. verification, <лат. verus – шынайы, facio – істеймін) – теориялық қағидалардың шынайылығын тексеру, растықты бақыланатын объектілермен, тәжірибемен салғастыру жолымен анықтау; құжаттарды, есептерді, т.б. тексеру (<i>Тоқсанбай, 12-бет</i>). «Верификация». I. Зат есім. 1. [француз тілінде verification]. Теориялық қағидалардың шынайылығын тексеру, растықты бақыланатын нысандармен, тәжірибемен жалғастыру жолымен анықтау; құжаттарды, есептерді т.б. тексеру. (<i>ҚС, 308</i>).</p>

			<p>«Куәландыру» I. Етістік.</p> <p>1. «Куәландыр» етістігінің қимыл атауы. Растау, айғақтау.</p> <p><i>Жоғарыда айтылғандарды куәландыру ретінде саған осы грамота берілді (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Олардың араларында ағы алыс-берісті куәландырудан басқа істе біздің жұмысымыз жоқ (Ғ.Мүсірепов). Вавилондағы, Мысырдағы, сондай-ақ минойлық және микендік өркениеттердегі секілді Грецияда да әрбір заттың түпнұсқа екендігін әрі соларға қатысты құжаттардың төл дүние екендігін куәландыру мақсатында бедерлі мөрлер пайдаланылды («Парасат»).</i></p> <p>2. заң. Қылмыстық іске қатынасы бар кейбір мәселелерді анықтау үшін адамның денесін, киген киімін қарап тексеруді қажет ететін тергеу әрекеті.</p> <p>Куәландырудың өзі <i>тергеу және медициналық болып екі топқа бөлінеді (Заң терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша анықтамалық сөздігі). (ҚС, 692).</i></p> <p>2. Әзербайжан: uoxlama 3. Қырғыз: текшерүү 4. Өзбек: tekshirish 5. Түрік: doğrulama 6. Ағылшын: verification 7. Испан: verificación 8. Неміс: Bestätigung 9. Француз: vérification</p>
1307.	сговор	сөз байласу	<p>1. Экономикалық операцияларға қатысушылардың өз мүдделері үшін және басқа экономикалық субъектілердің мүддесіне зиян келтіретіндей етіп, осындай операциялардың алдында алдын ала, жария етпей уағдаласуы.</p> <p>«Сговор» – операцияға қатысушы бірнеше тараптың өздерінің мүдделері тұрғысынан және басқа экономикалық субъектілердің мүдделеріне зиян келтіретін жағдайда әрекет етуі туралы уағдаластық жария етілмейтін экономикалық операциялар. Әдетте «сөз байласу» заңға қайшы сипатта болады және мемлекеттің немесе үшінші тараптың мүдделеріне қысым көрсетеді.</p> <p>(https://dic.academic.ru/dic.nsf/econ_dict/13474).</p> <p>«Сөз байлады». I. Тұрақты тіркес. Уәде берді, келісті (ҚС, 1163).</p> <p>«Сөз байласты». I. Тұрақты тіркес. Келісті,</p>

			<p>шешімге келді, мәміле етті (ҚС, 1163).</p> <p>2. Өзербайжан: söhbət</p> <p>3. Қырғыз: жашыруун сөздөнүү</p> <p>4. Өзбек: kelishmovchiliklar</p> <p>5. Түрік: komplo</p> <p>6. Ағылшын: collusion</p> <p>7. Испан: colusión</p> <p>8. Неміс: Kollusion</p> <p>9. Француз: collusion</p>
1308.	присвоение	иемдену	<p>1. Меншік иесі, иегері болғысы келетін тұлғаның объектіні меншігінен, меншік иесін мүліктік және рухани құндылықтарынан заңсыз, негізсіз аластатуы.</p> <p>«Присвоение» – меншікке қарсы қылмыс, кінәліге сеніп тапсырылған тауар-материалдық құндылықтарды заңсыз иелене отырып, өз пайдасы немесе өзгелердің пайдасы үшін алу, меншіктену және айналысқа жіберу сипатындағы ұрлаудың өзіндік нысаны. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Присвоение).</p> <p>«Иемдену» I. Етістік. 1. «Иемден» етістігінің қимыл атауы. Иеленіп алу, өзіне меншіктеп алу. <i>Өзімшіл болуыңа, әрі өзімдікі деп мені иемденуіңе таң қаламын</i> (Ж.Молдағалиев, Айналайын атыңнан). <i>Енді бізге қа йткен күнде де сол қайыққа тез барып жетіп, оны өзгеден бұрын иемденуіміз керек . Әйтпесе қайықты басқа біреу алып қояды</i> (А.Қалығұлов, Сан сырлы). <i>Шаригатт ың заңы бойынша олжа тауып алған адам үш рет айқайлауға тиіс. Егер иесі шықпа са, иемденуге құқы бар</i> (О.Бөкеев, Өн салады шағылдар). 2. Ресми түрде өз иелігіне бекіту, өзінің меншігі ретінде рәсімдеп алу. <i>Қалалық үй қорынан екі бөлмелі пәтер алынған шақта Елдос оны иемденуден бас тартып, сол пәтер Бект ен мен Маруаға бұйырды</i> (А.Байтанаев, Қансонар). <i>Кейіннен, діни, зираттық құрылыстардың пайдалылығы, тиімділігі карьерлерді жергілікті байлар мен сұлта ндардың иемденуіне әкеліп соқтырса керек. Бұған «Кіші Бозда тауындағы тас өндіру орнын Шығаяев сұлтанға беру туралы» іс дәлел бола алады</i> (Р.Бекназаров). <i>Бұ л оларды ұстаушылардың бюджетке ақша қаражатын аударғанын куәланды ратын және осы бағалы</i></p>

			<p>қағаздарды иемденудің барлық мерзімі бойына белгіленген табысты алуға хұқ беретін, ерікті негізде тұрғындар арасында орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаз түрі (Б.Жүнісов). 3. Тәуелдеу, қол астына алу, өзіне күшпен меншіктеп алу. Оңтүстік Американы Испания, Португалия, Англия, Франция отарлаушылары өзара бөлісіп алып, оның тұнып жатқан жаратылыс қорын, табиғи байлығын иемденуі салдарынан Оңтүстік Америкаға да отарлаушылар Мексика бұғазы арқылы кіріп, қырғын салды (Н.Баяндин. Ғасырлар қойнауында). 4. инф. <ағыл. trap> Басқаруды беру жүргізілген ұяшықтың адресін сақтап, автоматты түрде орындалатын жадтың ұяшығына бағдарлама ланбаған шартты түрде өту. Иемденудің сызықжолды иемдену, жазбаларды иемдену, байланыс арнасын иемдену, файлды иемдену сияқты түрлері болады (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Информатика.). (ҚС, 568).</p> <p>«Иелену» I. Етістік.</p> <p>1. «Иелен» етістігінің қимыл атауы; меншіктену. Жердің үсті біздікі, енді астын да иеленуіміз керек (С.Мұқанов, Аспаз). Ендеше, бақытты сондай болуға қақысы бар адам ғана иелену керек (Р.Тоқтаров). (ҚС, 568).</p> <p>2. Әзербайжан: Ödəniş 3. Қырғыз: дайындоо 4. Өзбек: ajratish 5. Түрік: atama 6. Ағылшын: appropriation 7. Испан: apropiación 8. Неміс: Aneignung 9. Француз: appropriation</p>
1309.	преобладающее большинство	басым көпшілік	<p>1. «Басым көпшілік» I. Тұрақты тіркес. 1. Көбі, негізгі бөлігі, көп бөлігі. Калинин облысындағы 500 көлдің басым көпшілігі осы төңіректе болып жүрмегей (Ә.Сәрсенбаев). Шиштердің кейбір радикалды топтары болмаса, басым көпшілігі дәл қазір американдық әкімшілігін қолдап отыр («Жас Алаш»). Совет Армиясының адам күші мен техникасының басым көпшілігі Сталинград түбіне шоғырландырылды (Қ.Көпішев, Қаһарман). (ҚС, 203).</p> <p>2. Әзербайжан: əksəriyyət 3. Қырғыз: басымдуу көпчүлүгү</p>

			<p>4. Өзбек: ko'pchilik 5. Түрік: büyük çoğunluğu 6. Ағылшын: majority 7. Испан: mayoría 8. Неміс: Mehrheit 9. Француз: la majorité</p>
1310.	поручительство	кепілдеме	<p>1. Кепіл берушінің кредитор алдында борышкер өзінің міндеттемелерін толық немесе ішінара орындайтынына жауап беруге міндеттенетін шарт түрі.</p> <p>«Поручительство» – қарыз алушы кредитордың алдында өз міндеттемесін орындауы үшін осы кредитордың алдында субъектінің (кепілгердің) мойнына алған міндеттемесі. Кепілгерлік қарым-қатынас жалпы қағида бойынша ерекше кепілгерлік шарт жасалу нәтижесінде туындайды. Кепілгерлік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің бір тәсілі ретінде күшіне енеді. (https://ru.wikipedia.org/wiki/ Поручительство).</p> <p>«Поручительство» – Басқа адамның міндеттемелерін қамтамасыз етуді мойнына алған біреудің өзіне алған жауапкершілігі (https://www.google.kz/).</p> <p>«Кепілдеме» – (мүлікті) қарызды қамтамасыз ету үшін беру (https://kk.wikipedia.org/wiki/Кепілдеме).</p> <p>«Кепілгерлік» –1) міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі. Ол заң жүзінде ресімделген шарт болуы мүмкін, бұл шарт бойынша кепілгер борышқордың өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындауы үшін несиегердің алдында жауапкершілікті мойнына алады. К. екі түрге бөлінеді: басты борышқор міндеттемені орындамаған жағдайда несиегер тікелей кепілгерге талап қоя алатын ынтымақты К.; 2) банк кепілдігі. (<i>Тоқсанбай, 186-бет</i>).</p> <p>«Кепілдеме» I. Зат есім.</p> <p>1. Белгілі бір істі орындау үшін берілетін куәлік.</p> <p><i>Ойласам</i> енді толғана, Жаңарту үшін көнені, Алыптын онда бір гана Алғашқы кепілдемені (Х.Ерғалиев, Өлеңдері). 2. с о в е т и з м. Белгілі бір партия, не ұйымға мүшелікке өтерде берілетін мінездеме. <i>Түсірдің осы жолға – коммунистін, Сенімді сенің берген кепілдемең</i> (Т.Молдағалиев, Өлеңдері). – <i>Иә, олар ылғи сүйтіп... – Айтпақшы, завком демекші, парткомда болдың ба? – Оны қайдан естідіңіз? – Жел айтты! – Рас,</i></p>

парткомге барып, анкет алып... –
 Елғазы мәз боп күліп отыр, – өзіңізден **кепілдеме**
 сұрайын деп... (Ә.Тарази, Бұлтқа салған ұясын). *Ке*
ше кешкісін *«мені* *іздемеңдер,*
совхоз орталығына барамын», деп ферма меңгеруші
сінің алдынан *өтіп* *қойған.*
 Өзімен бірге істейтін үш коммунистің **кепілдемесі**
 қалтасында, арызы *алдеқашан*
 жазылған, енді орталыққа барып, парторгке жолы
 қпақшы (Д.Досжанов, Дария).

3. *с а я с и.* Куәлік, растаушылық, айғақтық.
 Қазақстан Республикасы Жоғарғы
 Сотының Төрағасын, алқаларының төрағаларын ж
 әне Жоғарғы соттың судьяларын Республиканың Ж
 оғарғы Сот Кеңесінің **кепілдемесіне** негізделген
 Республика
 Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды (ҚР Кон
 ституциясы). 4. Айғақ, дәлел.
 «Атаң да қара жер, анаң да қара жер» деген сөздің
 растығы – тумақ *болса,*
 өлмек те хақ екендігіне **кепілдеме** болса керек. (О.Бө
 кеев). *Шахта бастығы*
Горбатов, партком хатшысы Еркін, жұмысшылар
Жанәбіл, Бораи және т.б. *образы – романның*
идеялық бағытының айқын **кепілдемесі**
 (Х.Сүйіншәлиев. Ізденіс іздері). 5. Біреудің мінез-
 құлқына, жұмыс істеу қабілетіне берілетін
 жағымды пікір. **Кепілдеме** ауызша және жазбаша
 түрде берілетін жағымды пікір,
 рекомендация («Ана тілі»). (ҚС, 629).

«Кепілгерлік» I. Зат есім. 1. **экономикалық,**
 Міндеттемелердің орындалуын
 қамтамасыз ету тәсілі. **Кепілгерлік** заң жүзінде
 ресімделген шарт болуы мүмкін,
 бұл шарт бойынша кепілгер борышқордың өз мінде
 ттемелерін толық немесе ішінара орындауы үшін н
 есиеге затын алады (Қазақ тілі терминдерінің салал
 ық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экономика). (ҚС,
 629).

2. Әзербайжан: etibarlılıq
 3. Қырғыз: кепилдик
 4. Өзбек: kafillik
 5. Түрік: kefil
 6. Ағылшын: surety
 7. Испан: garantia
 8. Неміс: Bürgschaft
 9. Француз: caution

СӨЗДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

1311.	сторнирование	қайтарылатын	<p>1. «Сторнирование» – жазбада жіберілген қателерді түзету мақсатында жазылатын кітаптағы жазбаны (мақаланы) білдіретін бухгалтерия термині. (https://ru.wikisource.org/wiki/Сторнирование). «Сторнирование» – қандай да бір операцияны жоймай-ақ оны болдырмау. Мұндай операция кассалық операциялардың қорытындысына әсер етеді. (http://www.jadatex.com/wiki/documentation/storn). «Қайтарылу» I. Етістік. 1. «Қайтарыл» етістігінің қимыл атауы. <i>Жолаушылардың бір тобы билетке төлеген ақшаларының қайтарылуын талап ете бастаған</i> (Ә.Әлімжанов, Отырардан жеткен сый). (ҚС, 734). «Түзету» I. Есістік. 1. «Түзет» етістігінің қимыл атауы; жөнге салу, жөнге келтіру. <i>Салдырдың жиырма мың сомасынан, Оздырдың бұл ісінді алашыңнан. Түзету ондай орын қиын сауда, Шығарып бір кісінің шамасынан</i> (Кердері Әбубәкір). <i>Кәсібі жаман нысықтың – «Жүзік көзінен жүз өту». Орыннан тұрар ұшып кім, Арманы – елді түзету?!</i> (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). (ҚС, 1293). 2. Әзербайжан: bərra 3. Қырғыз: өзгөрүү 4. Өзбек: bekor qilish 5. Түрік: tersine çevirme 6. Ағылшын: reversal 7. Испан: inversión 8. Неміс: umkehrung 9. Француз: renversement</p>
1312.	ходатайствоват ь	өтініш ету, өтіну	<p>1. «Ходатай» деген зат есімнің түрленуі арқылы туындаған етістік. Ресми мекемелерге, тұлғаларға қолдау көрсету туралы өтініш жасау. «Ходатайствовать» – ресми тұлғаларға, мекемелерге өтінішпен жүгіну; сұрау, өтіну, әлектену (https://ru.wiktionary.org/wiki/Ходатайствовать). «Ходатайствовать» – біреу, бір нәрсе туралы өтініш айту, біреу үшін өтіну. (Ожегов, 2025). «Өтініш» I. Зат есім. 1. Арыз, тілек, қалау, сұрау. – <i>Менің сенен бір өтінішім, қарағым, бізге арнайы келіп малышылардың тұрмысын өз көзіңмен бір көрсең</i> (Ә.Әлімжанов, Махамбеттің жебесі). <i>Жылау да сы</i></p>

			<p><i>лтау, күлулер, Өкініш пенен өтініш, Тірліктің құны білінер, Толысып ойың, бекіп іш</i> (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). <i>Ғанидың өтініші бойынша шақырылған қазақ жастары өкілдерінің мәжілісі өтті</i> (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев). Сонда айтқан өтініш <i>ің осы емес пе, Қаймығып, қаралайсың неге нахақ?</i> (Айтыс). 2. р е с м и. Ресми қатынаста бір жақтың немесе тараптың екінші жаққа жазбаша түрде рәсімдеп білдірген сұрауы, арыз-талабы. Өтініш <i>жазып, жұмысқа алуды сұрадым</i> (“Қазақ әдебиеті”). Өтініштің <i>бірнеше түрі олады. Ол азаматтық құжаттар типіне жатады</i> (Ісқағаздар.).(ҚС, 1044). 2. Әзербайжан: şəfaət 3. Қырғыз: сураныч 4. Өзбек: shafoat qilish 5. Түрік: dilekçe 6. Ағылшын: intercede 7. Испан: interceder 8. Неміс: intercede 9. Француз: intercéder</p>
1313.	нерационально е расходование бюджетных средств	бюджет қаражатын тиімсіз жұмсау	<p>1. Бюджет қаражатын жұмсауда сараланатын бухгалтерия саласының термині. «Нерациональный» – 1) ұтымдылығынан айырылған, бір нәрсені ақылмен қолдануға бағытталмаған; 2) өмірге деген аса парасатты көзқарасымен ерекшеленбейтін. (https://ru.wiktionary.org/wiki/Нерациональный) «Бюджет қаражаты» – мемлекеттік меншікке түсуі және жұмсалуды бюджетте ақшалай нысанда көрсетілетін мемлекеттің ақшасы мен өзге де активтері. (http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095_). «Расходовать»– 1. Бір нәрсені жұмсау, қолдану. 2. Өзінің жұмысы, қозғалысы үшін тұтыну. (Ожегов, 1557). «Тиімсіз» I. Сын есім. 1. Қажеті шамалы, пайдасыз. <i>Бұл жағдайдың өзіне тиімсіз екенін түсінген қарсыласы қызбалықты қойып, шай қастың барысын басқаша жоспарлай бастады</i> (Ә.Бүркімбаев, Жетімек). Ханға тиімсіз жағдай бүкіл қазақ даласына тиімсіз болып саналуға тиіс (І.Есенберлин, Жанталас). (ҚС, 1249). «Орынсыз» I. Сын есім. 1. Жөн-</p>

			<p>жосықсыз, ретсіз, қисынсыз. <i>Ғибрат ал жақсылықтан жақын жүріп, Аулақ қаш жамандықтан сырттан шеттей. Орынсыз батырлыққа аран дама, Әр істің мазмұнына көзің жетпей</i> (М. Дулатов). Мұндайда сый алған балалар сый алу үшін гана тырысып, кеуделеріне орынсыз менмендік, ретсіз тәкаппарлық кіріп, сый алмаған балалар күншіл һәм өзіне-өзі сенбейтін жасық болып шығады (М. Жұмабаев). Сол жаһатты сөз жаздым, Рүстембек, Шайхы шырынға. Сіздерге бұл сөз насихат, Есен жүрсең ер жетіп: Орынсыз іске ұрынба! (О. Шораяқов, Шайыр). Мұндай жағдайда қай-қайсымыздың да ортақ үйіміздің тезірек іргесі бүтінделіп, үзiгi ағаруы үшін істейтін өз міндетіміз бен парызымызды түсіндірмесек, сый-сияпат пән құрмет дәметуіміз орынсыз болар еді (Ә. Кекілбаев, Үш белес). (ҚС, 1012).</p> <p>«Жұмсау» I. Етістік. 1. «Жұмса» етістігінің қимыл атауы. Бір істі атқаруға, орындауға жіберу. <i>Жұмыстан бос уақытың Билігі енді өзіңде. Жұмсауға байдың әлі жоқ Бос отырған кезіңде</i> (С. Сейфуллин, Шығармалары).</p> <p>2. Сілтеу, қолдану. <i>Өзі тікелей ұрысқа қатыспайтындығынан хан көптен б ері сойыл, найзаны жұмсауды ұмытқан</i> (І. Есенберлин, Алмас қылыш). (ҚС, 529).</p> <p>«Бюджет» – ескі норманд. bougette – ақша салынған әмиян, сөмке, қапшық.</p> <p>2. Әзербайжан: büdcə fondlarının səmərəsiz xərclənməsi</p> <p>3. Қырғыз: бюджеттик каражаттардын калдыктары</p> <p>4. Өзбек: byudjet mablag'larining samarasiz sarflanishi</p> <p>5. Түрік: bütçe fonlarının verimsiz harcamaları</p> <p>6. Ағылшын: inefficient spending of budget funds</p> <p>7. Испан: gasto ineficiente de los fondos presupuestarios</p> <p>8. Неміс: ineffiziente Ausgaben der Haushaltsmittel</p> <p>9. Француз: dépenses inefficaces des fonds budgétaires</p>
1314.	законодательная инициатива	заң шығару инициативасы	<p>1. «Инициатива» – лат. initium – бастау.</p> <p>«Законодательная инициатива» – заң шығару билігі органдарының заң жобасын немесе заңды қабылдау, өзгерту, күшін жою туралы ұсыныстарды қарауына енгізуден тұратын заң шығару процесінің кезеңі. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Законодательная инициатива).</p>

«**Законодательство**»– 1. Заңдар жиынтығы. 2. Заңдарды әзірлеу және шығару. 3. Акт (*Ожегов, 462*).

«**Инициатива**». 1. Бастама, қызметтің жаңа түрлеріне деген ішкі ниет, тапқырлық. 2. Қандай да бір істегі басқарушылық рөл. 3. Талқылауға шығарылған ұсыныс. (*Ожегов, 556*).

«**Инициатива**» I Зат есім. 1. [француз. initiative]. Бастама (белгілі бір істі, жұмысты атқаруға байланысты алғашқы бастама, ілкі қадам).

Инициативаның
қандайы болсын дер кезінде көрсетілген көмектің жәрдемімен гана буыны қатайып, бұғанасы бекімек (Б.Ырзабаев, Егінді көл жұлдыздары). Республикамыздың қолөнершілері цементтің орнына жүретін материалдарды өндіру жөніндегі тамаша **инициатива** көрсетіп отыр (Қ.Сәтбаев, Қазақстан – менің Отаным).2. Искерлік, өз бетінше белсенді әрекет жасау қабілеті. *Жеткіншектердің қоғамдық істерге өз инициативаларымен қатысуына мектепте, мектептен тыс жерлерде жағдайлар баршалық («Қазақстан мектебі»).* **Инициатива** – ынта, ықылас (іс-әрекетке жетелейтін қабілет). *Сыртқы түрткілерден және өзіне тәуелсіз де фактормен анытайтын адамның белсенділігі (Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі).* 3. р е с м и. Талқылауға ұсынылған ұсыныс. *Бейбіт инициативалармен танылды.* Білгіңіз келсе мұның өзі дәл осы менен шыққан **инициатива** (Ж.Еділбаев).(ҚС, 581).

«**Бастама**» I. Зат есім.

1. Бір нәрсенің, істің басы, ең алғашқы ұйытқысы. *Өкпінше орай, жоғары жақтан қолдау таппауы себепті – жақсы бастама жалғасын таппады («Қазақстан заман»).* 1963 жылы Ашхабадта түйе шаруашылығы көрмесі өткізілді. Бұл жақсы **бастама** (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). 2. Әдеби немесе музыкалық шығарманың басы. *Күй бастамасында жосылта шапқан ат тұяғының тасыртұсыры құлаққа келгендей* (Ж.Рысалдин, Ахмет Жұбанов). 3. ауыс. Бір нәрсенің бастауы, қайнар көзі, түп-тамыры, негізі. *Әлди, әлди – бастамасы бар әннің, Әлди, әлди – арманы зой адамның, Өмірімнің күй сазы боп*

			<p>шалқыған, Әлдиі зой менің әзіз анамның (Ғ.Мүсірепов, Раушан).(ҚС, 201).</p> <p>«Заң шығару бастамасы – елдегі заң шығарушы органның қарауына белгіленген рәсімдемеге сәйкес заң жобасын ресми түрде енгізу құқығы; заң шығару процесінің алғашқы сатысы. Заң шығарушы орган енгізілген заң жобасын өзінің мәжілісінде қарауға міндетті. Қазақстанда Конституцияның 61-бабының 1-тармағына сәйкес Заң Шығару Бастамасының құқығы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Республика Үкіметіне берілген және заң жобасы тек Парламент Мәжілісінің қарауына тапсырылады. Мәжіліске заң жобаларын енгізу туралы шешімді Парламент (Мәжіліс пен Сенаттың) депутаттары тиісті ұсыныспен рәсімдейді. Үкімет заң жобаларын енгізу туралы шешімге тиісті қаулы шығару арқылы қатысады. Заң Шығару Бастамасы құқығы жоқ мемл. ұйымдардан, қоғамдық бірлестіктер мен жеке азаматтардан түскен заң жобалары Мәжіліске Заң Шығару Бастамасы құқығы бар органдар мен тұлғалар арқылы ғана енгізілуі мүмкін. Президентке Заң Шығару Бастамасы құқығы берілмеген, алайда, Президент заң шығару процесіне ықпал ете алатындай өкілеттікпен қамтамасыз етілген (https://kk.wikipedia.org/wiki/Заң_Шығару_Бастамасы).</p> <p>2. Әзербайжан: qanunvericilik rəhbərliyi 3. Қырғыз: мыйзам жетекчилиги 4. Өзбек: qonun rahbariyati 5. Түрік: yasama liderlik 6. Ағылшын: legislative initiative 7. Испан: iniciativa legislativa 8. Неміс: legislative Initiative 9. Француз: initiative législative</p>
1315.	неустойка	тұрақсыздық айыбы	<p>1. Тараптардың бірі міндеттемесін орындамағаны үшін төлейтін айыппұл.</p> <p>«Неустойка» – борышкер өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған, көбінесе орындау мерзімін ұзартып алған жағдайда кредиторға төлеуге міндетті, заңмен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы (https://ru.wikipedia.org/wiki/Неустойка).</p> <p>«Неустойка» – 1. Тараптардың бірі шарттық міндеттемесін ндамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда төлейтін ақшалай өтемі. 2. Қандай да бір істегі сәтсіздік, құлдырау (Ожегов, 955).</p>

«**Тұрақсыздық**» I. Зат есім. 1. Тұрлауы жоқтық, баянсыздық, жалғандық (дүние туралы). *Мүсірәлі тіршілік шіркіннің тұрақсыздығын, бұл жалғанда бауыры бүтін пенденің жоғын, түбінде баршамыздың барар жеріміз бір екенін айтты* (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). 2. Сөзінде тұрмаушылық, е кісөзділік; айнымалылық. *Бұл көкең өмірде сирек ұшырасатын тұрақсыздық дегенді суқаны сүймейді* (Досжанов). *Көбелектің «кеселі» – Тұрақсыздық деседі. Гүлден алған шапағатты сезімі Келесі бір гүлге жетпей өшеді. Өз мінезі өзіне үкім кеседі... (М.Шаханов). (ҚС, 1288).*

«**Айып**» I. Зат есім. 1. [араб. عیب] Жазық, кінә. *Кемісін кей сараңдар мойнына алмай, Айттың деп айыбымды өкпелейді* (Базар жырау, Шығармалары). *Жиырмаға жеткен қыз кәрі болар, Өңі кетіп, шырайы сары болар. Ер елуге жетсе де айыбы жоқ, Әр уақытта біреудің жары болар* (Шал ақын, Өлеңдері). *Бөрік дейміз. Астында оның жатыр кім? Айыбы не сотталардай пақырдың?! Айқасып-ақ өлетұғын, шіркін-ай, Ашық майдан – Арманы зой батырдың!* (Қ.Мырзалиев). *Және де бір саудагер байып еді, Саудасын әр жерлерге-ақ жайып еді. Үстіне байығанның байимын деу, Оның да осы бір зор айыбы еді* (А.Байтұрсынов). 2. Қылмыс жасап, жазалы, жазықты, кінәлі болғаны үшін ақшалай не заттай төленетін ақы, айыппұл, өтем. *Кейін қалма айып төлейтіннен жаман өзгелері де төңкере бастады* (Ж.Аймауытов, Шығармалары). *[Құлыншақ Абайға] – Айыпқа мал бермеді деп, Бөжсей жағы қомсынды білем, сол кішкене қарындасыңның күтімі де келісті емес деп есіттім-ау!* (М.Әуезов, Таңдамалы). *Күніне екі-үш мезгіл ет жейтін боп, Өткізген енді солай тірілікті, Көрші ел Бозкеңнің момын екен, Сол елді Бозбай қасқыр торыр екен, Арық тоқты сойса да айып алып, Ел үшін арын сатқан обыр екен* (М.Дулатов). *Шахтаны тоқтатқаныңыз үшін шығынымызды өтеумен бірге бес жүз сом айып төлейсіз* (Ө.Әбішев, Замана перзенттері).

3. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Мін, кемшілік. *Бара алмай, өтірікші болып әбден, Семейдің түрмесінде отыр балаң. Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ, Ө*

кімет – өр зорлыққа не бар шараң?!
(А.Байтұрсынов). Біреудің
сиықсыз болуы оның жаратылысынан. Қырғауылды
ң **айыбы** – тек сиықсыздығы
(Аяз би). Жаңа бір сөзінде Үміттің: «Көкемнің мұр
агері болсам, мұның несі **айып**?!» –
деп қарыса түсуінің себебін Шарипа енді аңғарғанд
ай еді (Ө.Қанахин).(ҚС, 45).

«Айыппұл» I. Зат есім.

1. [араб.+иран.] Жазасы үшін төленетін ақшалай өте
м. *Оның*
үстіне сот шешім шығармай жатып, шетел азма
тына миграция полициясы қызметкерлері **айыппұл**
төлеткен («Егемен Қазақстан»). Мәселен, Луговая с
тансасының желілік полиция бөлімінің бастығы Әу
елбек Әбдірашевтің айтуынша, елімізді заңсыз дәліз
етуге ұмтылған 1850 адам ұсталып, оларға 2280м
ың 800 теңге **айыппұл**
салынған, 200 шетел азаматы кейін қайтарылған (
«Егемен Қазақстан»). Жұман
машинасымен келе жатып, көше тәртібін бұзғаны
үшін милиция инспекторына екі жүз теңге **айыппұл**
төлеп, бұдан былай көшеде жүру тәртібін бұзбауғ
а уәде етті
(«Алматы ақшамы»). Темекіні тастамаймын деген
адамдарды қомақты а й ы п п ұ л күтіп тұр («Ана ті
лі»).2. экон. Екі тараптың бірінің шарт бойынша
міндеттемелерді
бұзғаны үшін төлем, тұрақсыздық айыбының түрі.
Айыппұлдың мақсаты – шарт тәртібін нығайту
және зардап шеккен тарапқа залалдың орнын
толтыру (Қазақ тілі терминдерінің салалық
ғылыми түсіндірме сөздігі. Экономика.). (ҚС, 45).

«Ақы» I. Зат есім.

1. Істеген еңбегі үшін төленетін төлем, еңбектің өтеу
і. *Сәтемір үй*
сытырушы болып жалданып, **ақысына** оқу оқиды (Ы
.Алтынсарин). Ем болды ма
ақымды үйге бермей, Шешесіне сый қылып, жаққан
ым да. Бекерге шықты оны бала
күннен Меншіктеп, бойға үйір қып, баққаным да. Тө
бемнен жай түскендей бір-ақ білдім,
Шалекең көп мал беріп, қаққанында (С.Торайғыров,
Алаш ұраны).

2. Бір заттың бағасы, нарқы, құны; соған лайықты ақ
ша, зат, мал-мүлік. *Арбамызды,*
бір текеметтік ақ киізді, тағы да бір бұйымдарды с
оган қалдырдық та, соның

			<p><i>бәрінің ақысына татардан еркек қоңыр тайынша алдық (Ж.Жұмаханов).</i></p> <p>3. Аласы, алашақ. <i>Көшпелі елде ақың болса, көше-көше қасыңа келер (Мақал-мәтел).</i></p> <p><i>Қатты айтсам, қарындастың көңілі қалады, ақыры н айтсам, ақым кетіп барады (Мақал-мәтел).</i></p> <p>4. Пара, ауыз бастырық. <i>Бір мезгілдер болғанда ол есебін адамға сездірмей, бір мыстан кемпірге а қ ы беріп ағасын өлтіртіп, мұра менікі, деп ағасының орнына патша б олды (Қазақ ертегілері).</i></p> <p>5. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Парыз, міндет.</p> <p><i>Жолаушы ақысы жүрсе бітеді (Мақал-мәтел).</i></p> <p><i>Бұған күллі Қазақстандағы жолдастар кірісу керек. Сөйтсек біздің мойнымызд ағы борыш, жолдастық ақы ақталады (С.Сейфуллин, Шығармалары).(ҚС, 60).</i></p> <p>«Тұрақсыздық айыбы» – өз міндеттемесін орындамаған жағдайда борышқордың несиегерге төлейтін ақша сомасы (https://kk.wikipedia.org/Тұрақсыздық айыбы).</p> <p>2. Әзербайжан: itkin düşmüşdür</p> <p>3. Қырғыз: жаза</p> <p>4. Өзбек: yo'qotish</p> <p>5. Түрік: ceza</p> <p>6. АҒЫЛШЫН: forfeit – айыппұл, фант, төлем, тәркілеу</p> <p>7. Испан: perder</p> <p>8. Неміс: verfällt</p> <p>9. Француз: perdre</p>
1316.	правопреемник	біреудің құқығын ауыстырып алушы	<p>1. Азаматтық-құқықтық қатынастарда құқықтар мен міндеттерді бастапқы иеленуші орында тұрған жеке немесе заңды тұлға.</p> <p>«Правопреемник» – басқа адамның барлық құқықтарын, міндеттемелерін, борыштарын өз мойнына алатын адам. Мысалы, қайтыс болған адамның (өмірі сүрген кезінде болған) қызметінің барлық субъектілері мұрагерлік жолымен оның туыстарына өтеді. (http://1nasledstvo.ru/nasledniki/pravopreemnik.html).</p> <p>«Құқықтық» I. Сын есім.</p> <p>1. Құқыққа қатысты, құқықпен байланысты.</p> <p><i>Адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірілген деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық</i></p>

актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды (ҚР Конституциясы). Біз **құқықтық** қоғамға неғұрлым жақындай түскен сайын, қазақстандықтар өздерінің еліміздің толыққанды және белсенді азаматтары екендіктеріне көбірек сене түсетін болады (Н.Ә.Назарбаев, Ғасырлар тоғысында). Қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде болып жатқан өзгерістер жедел **құқықтық** ресімдеу мәселесін алға қойды («Егемен Қазақстан»). Біздің де бастапқы екі жылымыз тәуелсіздігімізді жүзеге асырудың **құқықтық** негізін жасауға кетті (Ә.Кекілбай, Тіл және тәуелсіздік). (ҚС, 837).

«Мирасқор» I. Зат есім.

1. Мирасқа (мұраға) ие болушы, мұрагер. *Ғалым өмірінің заңды жалғасы, ата мұрасына ие болып қалған – **мирасқор** шәкірт еді* (С.Мәуленов, Үркер төбеде тұр). Біздер, ақынның **мирасқорлары** Сұлтанмахмұт мерекесін поэзия тойына айналдырып, кемеңгер ақынның есімін жаңғырта түсуге тиістіміз («Қазақ әдебиеті»). *Жоқ еді бұрын менің **мирасқорым**, Басымнан Қайысты алып кетті сорым. Оллаһи, маған малдың керегі жоқ, Ол малға ие болмақ сіздерге орын* (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). (ҚС, 932).

«Мұрагер» I. Зат есім. 1. Өзінен бұрынғы кісінің артында қалған дүниесіне ие болушы, мирасқор. *Елуге таяған Әбілқайырдың тікелей хан тағына отырар **мұрагерің** тұңғышы марқұм Шах-Будақ сұлтан болатын* (І. Есенберлин, Алмаз қылыш). *Мұра қалдырушының шығармасын **мұрагерлер** өзге біреудің иемденіп кетуінен қорғай алады* (Қазақстан Ұлттық Энциклопедия). *Нақ сол адам күйеу балам болады, Әрі мына таағым да **мұрагер** боп қалады!* (М.Шаханов).

2. Белгілі бір істі, өнерді т.б. жалғастырушы, дамытушы, өнегелі жолды қуушы. *Ол шыбықтай бұралып өсіп, енді-енді толыса бастаған домбырашы Динадан өз өнерінің **мұрагері** мен ертеңгі дағдырын бірден таниды* («Қазақстан әйелдері»). *Қазақ баласы жердің негізгі иесі, даладағы ұлы тарихтың **мұрагері** екенін, осы елдегі*

			<p><i>жақсыға да, жаманға да жауапкер екенін толық сезінетін болды («Егемен Қазақстан»). Бүгінгі замандас – кешегі сұрапыл соғыс майданында ел намысы мен халық бостандығын қорғап қалған Ұлы Отан соғысы батырларының мұрагері</i> (Ж.Исмағұлов, Адам мерейі). 3. Бала, ұрпақ. <i>Сен де тұр қатарға, Манастың мұрагер ұлы, аяулы Шыңғыс ағам-ау, қырғыздың құлагер ұлы. Халқының жігер-күшіне қаламын жаныған Азияның заңғар шыңысың заманың таныған (М.Шаханов). (ҚС, 950).</i></p> <p>2. Әзербайжан: təqəüdçü</p> <p>3. Қырғыз: оордун басуучу аял</p> <p>4. Өзбек: huquq egasi</p> <p>5. Түрік: halef</p> <p>6. Ағылшын: assignee – <i>құқықтық мирасқор, уәкілетті тұлға, өкіл</i></p> <p>7. Испан: cesionario</p> <p>8. Неміс: Rechtsnachfolger</p> <p>9. Француз: cessionnaire</p>
1317.	прерванное производством	өндіріспен тоқтатылған	<p>1. Қылмысқа қатысты мән-жай анықталмағанда өндірісі тоқтатылатын процесс.</p> <p>«Произвóдство» – қандай да бір өнімді жасау процесі (https://ru.wikipedia.org/wiki/Производство)</p> <p>«Производство» – 1. Өндіру. 2. Қоғамның өндіруші күштерін, сондай-ақ адамдардың өндірістік қарым-қатынасын қамтитын материалдық игіліктерді жасау процесі. 3. Қандай да бір өнімді дайындау, өндіру, әзірлеу. 4. Қандай да бір өнім өндіретін қызмет саласы. 5. Өнімді тікелей дайындау бойынша жұмыстар. (Ожегов, 1422-1423).</p> <p>«Прервать»– 1. Күрт тоқтату, үзу что. 2. Сөйлеушіге кедергі келтіріп сөзі бөлу, тоқтату. (Ожегов, 1359).</p> <p>«Өндіріс» I. Зат есім. 1. Тұтынуға қажетті материалдық игіліктерді, құнды заттарды жасап шығаратын өнеркәсіп саласы. <i>Қараганды көмір өндірісі емес, мәдениет те өндірісі</i> (Ғ. Мұстафин,). <i>Қоланы, мысты, кейінірек қорғасынды, алтын-күмісті құйып қорытатын өзінше өндірісі болған</i> (Н. Баяндин). <i>Тағы да жаңа завод, жаңа өндірісі, Даланы еркін жайлап алған өріс</i> (Ж.Молдағалиев, Таңдамалы шығармалар). (ҚС, 1030).</p> <p>«Тоқтату» I. Етістік.</p> <p>1. «Тоқтат» етістігінің қимыл атауы. Аялдату, кідірт</p>

			<p>у. <i>Арызга келген жетімді Жібермей тоқтату, Билері м, сізге жөн бе екен? (Бес ғасыр жырлайды). Қауіпті ой ешкімді де жүдетпесін, Күш қайда тоқтатуға шірет, көшін. Әлемнен сонда-дағы бір сығалап Кетер ме ек екі жүздей жыл өткесін?! (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).</i></p> <p>2. Белгілі бір істі әрі қарай жалғастырмай, тыю, тоқтату қою. <i>Республика Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе ол Республика Парламентінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде мәселе қарап жатқан кезде қозғалмайды (ҚР Конституциясы). Менің міндетім – өзім сияқты өкілдермен бірлесіп, мал өлімін тоқтатуды (Ә.Нұршайықов, Жер туралы жыр).(ҚС, 1254).</i></p> <p>«Үзу» І. Етістік.1. «Үз» етістігінің қимыл атауы; бүтін, тұтас заттың, нәрсенің бір бөлегін қолмен жұлып алу, бөлу, бөлектеу. <i>Сырбай жыланның құйрығын үзуді қоя беруді білмей тұрғанда, көз алдынан бірдеме сып етіп өткендей болды (С.Мұқанов, Сырдария). Сыпайылық, сыршылдық Бар еді ұяң жүзінде, Сенделіп өрттей сезіммен Лапылдап кетіп барамын. Үзуге моншақ көзімнен Жақындап кетіп барамын (Т.Айбергенов, Мен саған ғашық едім). (ҚС, 1343).</i></p> <p>2. Әзербайжан: istehsal tərəfindən kəsildi 3. Қырғыз: үзгүлтүккө өндүрүш 4. Өзбек: ishlab chiqarishga to'sqinlik qildi 5. Түрік: üretim kesintiye uğratılmış 6. Ағылшын: interrupted by production 7. Испан: interrumpido por la producción 8. Неміс: unterbrochen durch die Produktion 9. Француз: interrompue par la production</p>
1318.	ускоренное производство	үдемелі өндіріс	<p>1. Тергеушінің қызметіндегі тергеу жөніндегі сотқа дейінгі өндірістің ерекше түрі. «Произвóдство» – қандай да бір өнімді жасау процесі (https://ru.wikipedia.org/wiki/Производство) «Производство» – 1. Өндіру. 2. Қоғамның өндіруші күштерін, сондай-ақ адамдардың өндірістік қарым-қатынасын қамтитын материалдық игіліктерді жасау процесі. 3. Қандай да бір өнімді дайындау, өндіру, әзірлеу. 4. Қандай да бір өнім өндіретін қызмет саласы. 5. Өнімді тікелей дайындау бойынша жұмыстар. (Ожегов, 1422-1423).</p>

«Өндіріс» I. Зат есім. 1. Тұтынуға қажетті материалдық игіліктерді, құнды заттарды жасап шығаратын өнеркәсіп саласы. *Қарағанды көмір өндірісі емес, мәдениет те өндірісі* (Ғ. Мұстафин,). *Қоланы, мысты, кейінірек қорғасынды, алтын-күмісті құйып қорытатын өзінше өндірісі болған* (Н. Баяндин). *Тағы да жаңа завод, жаңа өндірісі, Даланы еркін жайлап алған өріс* (Ж.Молдағалиев, Таңдамалы шығармалар). (ҚС, 1030).

«Ускоренный».Әдеттегіден тез жүзеге асырылатын (Ожегов, 1964).

«Үдемелі» I. Сын есім. 1. Еселеніп арта беретін, үстемеленіп молая түсетін. *Не де*

болса Жапония экономикасының санаулы жылдар ішінде қайтадан алға шыққаны, соңғы он сегіз жыл бойына ылғи үдемелі қарқынмен өркендеп келе жатқаны кім-кімге де аян (Ә.Кекілбаев, Тырау-тырау тырналар). (ҚС, 1342).

«Жеделдету» I. Сын есім. 1. «Жеделдету» етістігінің қимыл атауы; тездету, жылдамдату. *Шаңғышылар жүрісті жеделдету үшін қол-аяғында тыным*

болмайды (Б.Омарұлы, Жүрек және қан тамыр аурулары). *Шапшаң қолдар ұршықтай тез қимылдап, жұмылса да жеделдету қиын-ақ* (Қ.Бекхожин, Шардара).

Амангелді кенінің аса мол бокситтерін игеру ісін жеделдету шараларын қолдану керек, соның негізінде Павлодарда ірі алюминий зауытын салуға болады (Қ.Сәтбаев). *Бұл жерде әңгіме экономикалық циклдың ағымдағы фазасының қозғалысын өзгерту, оның ішінде, экономикалық дағдарыстың қанат жаюын шектеу, бәсеңдету, жандану фазасының басталуын жеделдету, өндірістік өрлеу фазасын тұрақтандыру немесе оны одан ары қарай созу туралы болып отыр* (Б.Жүнісов). (ҚС, 494).

2. Әзербайжан: sürətlənmiş istehsal

3. Қырғыз: тездетилген өндүрүш

4. Өзбек: tezlashtirilgan ishlab chiqarish

5. Түрік: hızlandırılmış üretim

6. Ағылшын: accelerated production

7. Испан: producción acelerada

8. Неміс: beschleunigte Produktion

			9. Француз: production accélérée
1319.	обоснованное возражение	дәлелді наразылық	<p>1. Жеке тәжірибе негізінде туындайтын қарсылық. Мәселен, тауардың бағасы сапасына сай болмағанда.</p> <p>«Обоснованное возражение» – әлеуетті клиентті сіздің ұсынысыңыздың барлық құндылығын шығарып алу үшін көндіру әрекеті (https://books.google.kz/books).</p> <p>«Обоснованный» – деректермен, дәлелдермен расталған, сенімді (Ожегов, 1002).</p> <p>«Возражение» – бір нәрсеге қарсы дәлел, пікір; бір нәрсемен келіспеуді білдіру (Ожегов, 188).</p> <p>«Дәлелді» I. Сын есім.</p> <p>1. Бір негізге сүйенген, нанымды, қисынды.</p> <p><i>Әбіштің сөзі</i></p> <p><i>Тәкежандарға жат көрінгенімен, дәлелді сияқты (М.Әуезов, Ақын аға). Нұржанның дәл осы бір сөзі дәлелді, тауып айтылған сияқты (З.Шашкин, Өмір тынысы).</i></p> <p><i>Жоғарғы Кеңесте болсын, Жаңаөзенде немесе өзге жерде болсын Әбекеңнің байсалды-басалқалы, дәлелді, уәжді сөзі тәуелсіздік іргесінің нақтылануына қызмет етті («Егемен Қазақстан»). Даярмыз деген мырзалардың дайындығы ат ерттеліп, киімін киіп, тойға жүруге дайындалған даярланыс емес, сиезге алып келіп салатын дәлелді докладтары даяр деп ұғамыз (түсінеміз) (А.Байтұрсынұлы). (ҚС, 355).</i></p> <p>«Наразылық» I. Зат есім. 1. қоғамдық-саяси. Қандай да бір жүйеге, ережеге, іс-шараға, ой-пікір, тұжырымға, шешімге немесе мемлекет саясатына деген қарсылық.</p> <p>Наразылық ауызша не жазбаша, әрекет не әрекетсіздік арқылы білдіреді (ҚҰЭ). Саяси-әлеуметтік наразылық аштық жариялау, жария түрде өзін-өзі өлтіру, белгілі бір кәсіп иелерінің жұмыс берушіге, үкіметке немесе бір мемлекеттің екінші мемлекетке байкот жариялауынан көрініс табады (ҚҰЭ). 2. Келіспеушілік, қолдалаушылық, реніш. Кімде-кім қайғы тартып, бейнет көрсе, Сұм жалғанның қылғаны бұл дей берсе, Әлбетте, бұл – тағдырға наразылық, Түбі аллаға қарсылық, ондайға ерсе (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). Ғали әлі қалың бермеген бір талапты жігіт болғанға, Жамалдың күйеуіне наразылығына</p>

			<p>қарай екі тараптан да бір-біріне махаббат байланды деуге лайық болды (М.Дулатов). (ҚС, 967).</p> <p>«Қарсылық» I. Зат есім.</p> <p>1. Қарсыласушылық, қарсы тұрушылық. Жанталасқан Жанталасқан бай-кулактардың қарсылығын Әкімбай сол жолы көрген (Р.Райымқұлов, Болаттың сынығы). (ҚС, 769).</p> <p>«Негіздеу» I. Зат есім. 1. Айғақты дәлел. Одан да гөрі соғыста болған жағдайға байланысты өзіңіздің шешіміңізді айтып, негіздеу, дәлелдеуіңізді келтіріңіз (Б.Момышұлы, Шығармалары). 2. Ғ ы л ы м и. Ғылым әдіснамасы мен логикада білімнің әртүрлі нысандармен (гипотеза, теория, тұжырым) ақиқаттығы анықталған басқа пікірлер мен тұжырымдарға, теорияларға сүйену арқылы дәлелдеу. (ҚС, 973).</p> <p>«Негізделу» I. Етістік.</p> <p>1. «Негіздел» етістігінің қимыл атауы. <i>Белгілі бір нәрсені басшылыққа алуда, тірек етуде, сүйенуде әрқашан партиялық принципке негізделуіміз керек</i> («Социалистік Қазақстан»). (ҚС, 973).</p> <p>2. Әзербайжан: etibarlı etiraz 3. Қырғыз: жүйөлөштүрүлгөн каршы пикир 4. Өзбек: haqiqiy e'tiroz 5. Түрік: geçerli itiraz 6. Ағылшын: valid objection 7. Испан: objeción válida 8. Неміс: gültiger Einwand 9. Француз: objection valide</p>
1320.	аффилированно сть	аффилирлеу	<p>1. Ағылшын тілді термин (to affiliate, affiliated company, affiliation) экономикалық тәуелділік пен бақылаудың әртүрлі формасында туындаған екі немесе одан да көп өтініш жасаушы субъектілердің өзара қатынасын білдіреді.</p> <p>«Аффилированность» сөзі «аффилированный» (байланысты, жалғанған, қосылған) деген сөзден шығады (http://budem.vpered.ru/archives/535)</p> <p>«Аффилировать» – 1) заңдық тұрғыда қандай да бір адаммен немесе ұйыммен байланысты; 2) қандай да бір тұлғамен ортақ мүдделері байланысты (https://ru.wiktionary.org/wiki/Аффилированный).</p> <p>«Үлес» I. Зат есім. 1. Сыбаға, тиесі. <i>О, көктем, ол иісті білесің сен, Бөлетін әр</i></p>

тірліктің үлесін сен. Сәбидің қолтығында, борбайында Айналып хош иіске жүресің сен (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). *Ықпалы ілімдінің зият болмақ. Үлестен кезіндегі алсыбаға!* (О.Шораяқов, Шайыр). 2. Белгілі бір істің, жұмыстың орындалуына қосылған еңбегі. *Болды!.. Болды!.. Бәрін де білесіңдер, Бұл Жеңісті әркім де үлесім дер. ...Аждаһалар тіріліп келе жатыр! Сақтаныңдар, Адамдар! Күресіңдер!!!* («Жұлдыз»). *Еттің жоспарын орындауда үлесіңіз орасан зор* (Д. Досжанов, Зауал).

3. <латын. pro tio> Белгілі бір нормаға сай адамға тиісті үлес немесе мөлшер; мейрамханада, асханада бір адамға шақталып берілетін тағам немесе сусын.

4. Меншігі. *Үнімен қоңыр назды домбыраның Мен саған мамыр сазды ән құрадым. Санасам, борышым көп, барлығын да Келер күн үлесіне қалдырамын* (М. Шаханов). 5. ауыс. Алланың берген ризығы. *Өгей демей, не дейміз? Көз, құлағың түрік жатыр, Өзіңе аян, заманыңа кімнің қанша үлесі. Күрес әлі жүріп жатыр Байлық пенен кедейліктің күресі, Ақ пен қара күресі, Тән мен сана күресі* (М.Шаханов). (ҚС, 1348).

«Үлескер». I. Зат есім. 1. экон. Жоспарланған нәтиже алу (табыс алу, әлеуметтік және табиғат қорғау объектілерін, т.б. іске қосу) мақсатымен ақшалай қаражаттың, мүліктің немесе қандай да бір басқа құндылықтардың белгілі бір сомасын жарғы капиталына енгізу арқылы қандай да бір бірлескен жобаға қатысушыға айналған жеке немесе заңды тұлға. *Үлескерлер мүддесін мемлекет қорғайды* («Егемен Қазақстан»). *Үлескерлер Үкіметтен үміт күтуде* («Айқын»). (ҚС, 1348).

«Үлескерлік». I Зат есім. 1. экон. Жер иесінің жалдау ақысын онан түскен өнімінің бір бөлігімен алатын жерді жалға берудің бір түрі. *Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі үлескерлік құрылысты реттеу мәселесі жөнінде кеңес өткізді* («Егемен Қазақстан»). (ҚС, 1348).

«Үлеспұл». I. Зат есім: 1. экон. Ортақ іске жеке қатысушының осы ортақ іске қосқан ақшалай жарнасы. (ҚС, 1348).

«Үлестік». I. Сын есім. Сыбағасына, үлесіне тиген (нәрсе). *Өз көңілінің жарастығын, тағдырдың шеберлігімен жасағанда*

			<p><i>й, үлестігін тапса керек</i> (С. Алдабергенов, Қанат ұшқанда қатаяды). (ҚС, 1348).</p> <p>2. Әзербайжан: mənsubiyyət</p> <p>3. Қырғыз: таандық</p> <p>4. Өзбек: a'zolik</p> <p>5. Түрік: üyelik</p> <p>6. Ағылшын: affiliation</p> <p>7. Испан: afiliación</p> <p>8. Неміс: Zugehörigkeit</p> <p>9. Француз: affiliation</p>
1321.	о восстановлении сроков исковой давности	талап қою мерзімдерін жаңарту туралы	<p>1. Талап қою мерзімі өтіп кеткен құжаттардың мерзімін жаңарту. «Восстановление срока исковой давности судом» – соттың қандай да бір істің мерзімі өтіп кетсе де, құқығын қорғау қажет деп санайтын шешімі (https://ru.wikipedia.org/Исковая давность) «Жаңарту» I. Зат есім. 1. и н ф о р м а т и к а л ы қ. Жаңа талапқа сай болуы үшін мәлімет файлдарына немесе жүйелерге енгізілген өзгертулер (модификация). <i>Жаңартудың жеңіл жүйесі жадқа еркін қатынас құруды пайдалануды талап етеді</i> (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Информатика). <i>Жаңарту бойынша операция өзіне файлды экранға шығаруды және осы мәліметтерді редакциялауды қамтиды</i> (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Информатика). <i>Радакцияланғаннан кейін файл дискіге жазылады, олай болмаған жағдайда мәліметтерді жаңарту жұмысы аяқталмайды</i> (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Информатика). <i>Егер жиі жаңарту талап етілсе, онда мәліметтер базасының қарапайым типтеріне қарағанда жазба құжаттық мәліметтер базасын пайдалану тиімдірек</i> (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Информатика). (ҚС, 468). «Қалпына келтіру» I. Тұрақты тіркес. 1. латын. Restauratio. Ескірген, тозған, бастапқы сынын жоғалтқан архитектуралық ескерткіштерді, материалдық мәдениет мұраларын алғашқы өңіне келтіру, жаңартып, жөндеу. <i>Қазақстандағы қалпына келтіру жұмыстары 18-19 ғасырларда тек жөндеу, ал 19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың бас кезіне қарай нысандарды жаңғырт</i></p>

у, өңдеу дәрежесінде болды (Қазақстан Ұлттық Энциклопедия). *Атап айтқанда, бөлінген қаржылар: облыстық әкімшілік үйлерін жөндеуге, политехникалық колледждің жатақханасын қайта қалпына келтіруге, 46 пәтерлік екі тұрғын үйді, «Ажар», «Қайнар» сияқты пәтер тектес жатақханаларды пайдалануға беруге, облыстық мекемелер қызметкерлері үшін үй сатып алуға және бірқатар пәтерлерді жөндеуге жұмсалған* («Егемен Қазақстан»). (ҚС, 743).

«Талап». I. Зат есім.

1. Ынта, ықылас, ұмтылушылық. *Сынамасаң жақсының сөзін қорып, **Талабыңды** жоғалтар іштен сорып. «Санда лған түспе ізіме» деген Абай Жүрсіндер осы сөзін қалай жорып?* (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). *Бойдағы бар қуаттың бәрін алып, Қайрат, өнер, **талапқа** қат қылғандай. Ойым – у, өмірім – су, үмітім – бу, Қалмады бір сүйеніш шат қылғандай* (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары).

*Бұл **талап** сәті болса – таудай **талап**, Ниеті қабыл болғай*

Құдай қалап. Әркімнің жүреkteгі дертін козғап, Жазылар талай сөздер неше тарап (Ж.Аймауытов, Шығармалары). *Талантты өсіреті н – **талап*** (Мақал-нама). 2. псих.

Адамның ішкі ізденісінен туындап, ілгері ұмтылысы мен сипатталатын ізгі қасиеті.

*Адамның тұрмыс-тіршілікте ілгерілеуге, қоғамдағы өз орнын табуға, рухани дамуға, ілім-білімін молайтуға ұмтылысымен көрінетін **талап** - өз кезегінде тұлғаның өзіне-өзі сын көзбен қарап, өзінің хал-жағдайына қанағаттанбай, талап*

*қоя білуінен туындайды (ҚҰЭ). **Талап** қанағатсыздыққа ұрындырмай адамды ілгері бастыруы үшін ынсаптылықтың нәзік өлшемі ұмытылмағаны абзал (ҚҰЭ).* 3. Мақсат, тілек. *Қайырсыз неше сараң байлар да бар, Қайықтай толқындағы қалтылдаған. Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп, Ұмтылып, **талап** ойлап*

талпынбаған (А.Байтұрсынов, Шығармалары). 3–4 жылдан бері Мединеде оқып жатқан 10-15 қазақ шәкірттері Медине шаһарында қазақ атына бір зор медіресе салу **талабында** болған. Сол ниетпен барғ

			<p>ан қажылардан жылда ақша жинай бастаған (М.Д улатов. Шығармалары). <i>Тау биік, талап таудан да биік</i> (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз – ортақ қазына). 4. Міндет, жауапкершілік. <i>Әдебиет өскен сайын оқу-үйрену талаптары да тереңдей беруге тиісті</i> (Ғ.Мүсірепов, Суреткер парызы). <i>Ойменен, талаппенен болды сегіз, Айтылмай енді қалды неменеміз? Өзге жақсы мін ездің бәрі-дағы Шығады осылардан түгел деңіз</i> (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). (ҚС, 1211).</p> <p>«Мерзім». I. Зат есім. 1. Сәт, кез, уақыт. <i>Кездескен кездердің мерзімі есте сақталмағаны – өкініш</i> (С.Мәуленов, Үркер төбеде тұр). <i>Надандардың сөгуі айып емес, Мен ешкімге байлаулы зайып емес. Хақиқатты жырлаған келешекте Мерзім болып шығуы зайып емес</i> (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). <i>Мен офицерлерімді бөліп-бөліп отрядықа қосамын, ал бұл істі іске асыру үшін маған бір жұма мерзім бересіз</i> (Х.Есенжанов, Тар кезең). <i>Осының бәрі қас-қағымдай мерзімдегі жәйт еді</i> (М.Сқақбаев, Сұлтұт).</p> <p>2. Уақыттың шамасы мен ұзақ-қысқалығы. <i>Мезгіл сол уақытың белгілі бір сәтін ғана айқындайды. Мысалы, қас қағым, сүт пісірім, бие сауым, елең-алаң, таң сәрі, шаңқай түс, сәске, бесін, екінді, ымырт, іңір, намаздыгер, ақшам және т.б. Мерзім өлшеміне күн, апта, тоқсан, жыл аттары жа тады</i> (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика.). <i>Осы тұрғыда тұрғын үй құнын төмендету, ипотекалық несиенің қайтарымы мерзімін созу, төлемақы жарнасы мен несие ставкасын төмендету қажеттігін баса көрсетті</i> («Жас алаш»). (ҚС, 923).</p> <p>2. Әзербайжан: məhdudiyuət dövrünün bərpası barədə 3. Қырғыз: доонун эскирүү калыбына келтирүү 4. Өзбек: cheklash muddatini tiklash to'g'risida 5. Түрік: sınırlama döneminin restorasyonu üzerine 6. Ағылшын: on the restoration of the limitation period 7. Испан: sobre la restitución del plazo de prescripción 8. Неміс: über die Wiederherstellung der Verjährungsfrist 9. Француз: sur la restauration du délai de prescription</p>
1322.	коррупциогенность	коррупциогендік	<p>1. «Коррупция» терминінде латынша «corruptio» – параға жығу, гректік түбірінде «katalysis» – бұзу, ыдырату, тоздыру, жою мағынасы жатыр.</p>

«**Коррупциогенность**» – сыбайлас жемқорлыққа бейілділік; сыбайлас жемқорлық әлеуеті (<https://ru.wiktionary.org/wiki/Коррупциогенность>).

«**Коррупция**» I. Зат есім. 1. [латын. corruptio] қоғамдық. Жемқорлық (мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері). **Коррупция** – мемлекеттік құрылымдардың қылмыстық дүние құрылымдарымен біте қайнасуы (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экономика). **Коррупция** – мемлекеттік және саяси қайраткерлердің параға сатылуы (Қазақстан Совет энциклопедиясы). **Коррупция** – мемлекеттік билік иелері мен лауазымды адамдардың параға сатылуы, сатылғыштығы, парақорлығы, яғни лауазымды адамдардың жеке басының баюы мақсатымен өзінің лауазымымен байланысты құқықтарын тікелей пайдалануы (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экономика). (ҚС, 661).

«**Сыбайлас жемқорлық**» I. Тұрақты тіркес. 1. заң. [латын. corruptio]. Мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы. Қазақстанда сондай-ақ **Сыбайлас жемқорлық** үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер де қабылданды (ҚҰЭ). (ҚС, 1186).

«**Бейімділік**» I. Зат есім. 1. Бейімді болушылық, икемділік, оңтайлылық, ыңғайлылық. Әрбір адамның әр нәрсеге өз икемі, қабілеті, соған **бейімділігі** болады дегені рас қой деймін (С.Бақбергенов, Алты немелден асқанда). Ойын тәртібі деп команданың алаңға шығар негізгі алты ойыншысының жеке шеберлігіне, олардың **бейімділігіне** қарай ойын кезіндегі атқаратын міндеттерді бөліп орналастыруды айтады («Спорт»). Бұлардың жаңа жерге, жаңа жағдайға **бейімділігі** түрліше болды (Д.Керімбаев, Жылқы өсіру). 2. Қабілеттілік, іскерлік, ептілік. Шоқанның ғылыми

			<p><i>жұмысқа бейімділігін корпус бастықтары да көрген (М.Ақынжанов, Қазақтың ағартушылары). Баймаз амбеттің өлең шығаруға бейімділігі он жасынан байқалған сияқты (С.Мұқанов, Өсу жолдарымыз). Күләштың искусствоға бейімділігін ең алғаш халық артисі Серке Қожамқұлов байқайды (С.Мұқанов, Саяхаттар). (ҚС, 220).</i></p> <p>2. Әзербайжан: korrupsiya 3. Қырғыз: планы мүмкүн 4. Өзбек: korrupsiya 5. Түрік: yolsuzluk potansiyeli 6. Ағылшын: corruptionism 7. Испан: el corrupcionismo 8. Неміс: korrptionismus 9. Француз: corruptionisme</p>
1323.	ВЫМОГАТЕЛЬСТВО	қорқытып алу	<p>1. Жәбірленушіні немесе оның туыстарын арнамысы мен қадір-қасиетіне зиян келтіретін кез келген мәліметтерді жариялаймын деп қорқытып, бөтен мүлікті не мүлікке құқықты беруді немесе мүліктік сипатқа ие өзге де әрекеттерді жасауды талап ету.</p> <p>«Вымогательство» – қылмыстық құқықта қандай да бір тұлғаны немесе оның жақындарын күшпен қорқыту , сондай-ақ оларды масқара қылатын мәліметтерді жариялаймын немесе олардың мүлкін жоямын деп қорқыту арқылы мүлікті (немесе мүлік құқығын) беруді талап ету жолымен жеке меншікке қарсы жасалатын қылмыс. (http://vseslova.com.ua/word/Вымогательство).</p> <p>«Бопсалау». I. Етістік. 1. Қоқан-лоқылап, сес көрсету. <i>«Ұрыны ұстап тұрған алып кел» деп, бопсалап батыраштар шал атанды (І. Жансүгіров, Шығармалар жинағы). Тінтуден нәтиже шықпады, бопсалап, қорқытып сұрап еді, «мектептен шығып, жол-жөнекей кластас жолдасым Генаның үйіне кірдім» – дегеннен басқа тіс жарып ештеңе айтпады (К. Сейдеханов, Түркістан түлегі). Сөйтіп, ондағы аз күнгі мүмкіндікті пайдаланып, «мені тергеу басқармасының қызметкерлері бопсалады» деп қарсы арыз жазып үлгереді («Егемен Қазақстан»).</i> (ҚС, 247).</p> <p>«Қорқытып алушылық» I. Тұрақты тіркес. 1. заң. Бөтен мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді немесе күш қолданумен не бөтен мү</p>

			<p>лікті жоюмен немесе бүлдірумен қорқыту арқылы мүліктік сипаттағы басқа да іс-әрекеттер жасауды талап ету, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді таратумен, не жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіру мүмкін өзге де мәліметтерді жариялау (Заң терминдерінің қазақша-орысша анықтамалық сөздігі). (ҚС, 818).</p> <p>«Күнезер» I. Сын есім.</p> <p>1. Неден болса да қайтпайтын даукес, даукұмар. <i>Жұман байды шама келгенше дабырасыз жерлеп, жегісі н өткізгеннен кейін, сақалтай-сақалтай күнезер балалары енші алысу жайын қолға алысып, тарбайысып қалып еді</i> (Ғ.Мүсірепов, Таңдамалы шығармалары). (ҚС, 826).</p> <p>2. Әзербайжан: qəsb</p> <p>3. Қырғыз: опузалап талап кылуу</p> <p>4. Өзбек: tovlamachilik</p> <p>5. Түрік: gasp</p> <p>6. Ағылшын: extortion</p> <p>7. Испан: extorsión</p> <p>8. Неміс: erpressung</p> <p>9. Француз: extorsion</p>
--	--	--	---

СӨЗДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

1324.	объекткондоминиума	кондоминиум объектісі	<p>1. «Кондоминиум» (лат. <i>con</i> – «бірге», <i>dominium</i> – «иелену») – тұрғын үйлерді, екі және одан да көп жеке ғимараттарды қамтитын ерекше жеке меншік нысаны.</p> <p>«Кондоминиумның объектісі» деп жер учаскесінен (жер учаскелерінен), бастапқы және кейінгі объектілерден тұратын мүліктік кешен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленетін кондоминиум нысанында жылжымайтын мүлікке меншік танылады. (http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V070004945)</p> <p>«Объект» I. Зат есім. 1. [латын. <i>objectum</i>] философиялық. Адам санасынан тыс және оған тәуелсіз өмір сүретін материалдық дүние, нысан. <i>Адамның санасы мен қызметі неге бағытталса, сол нәрсені объект деп атайды</i> (Саяси сөздік). <i>Тіпті өзіме жеке ғылыми объектінің табылғанына қуанғанымды да жасыра алмаймын</i> (Т.Әбдіков, Ақиқат). <i>Еттің жиырылуын зерттеу үшін ең жақсы объект бақаның оңашалап бөліп алған балтыр еті болып та</i></p>
-------	--------------------	-----------------------	---

			<p>былады (Адам анатомиясы). 2. Белгілі бір жұмыс (құрылыс) істеліп жатқан жер. <i>Өткен түнде басқа объектілер бетон сұрамапты</i> (А.Жақсыбаев, Менің досым). <i>Құрылыс материалдарын қандай объектілерге жіберудің қажеттігі туралы пікір алысты</i> (Е.Естаев, Өмір өткелдері). <i>Алдағы жылдары тағы да бірнеше құрылыс объектілерін салуды жоспарлап отырмыз</i> («Лениншіл жас»).(ҚС, 986).</p> <p>2. Өзбайжан: kondominium obyektі</p> <p>3. Қырғыз: кондоминиум объекти</p> <p>4. Өзбек: kvartiralarning ob'ekti</p> <p>5. Түрік: mülkiyet nesnesi</p> <p>6. Ағылшын: condominium object</p> <p>7. Испан: objeto de condominio</p> <p>8. Неміс: Eigentumswohnung</p> <p>9. Француз: objet en copropriété</p>
1325.	опекун	қамқоршы	<p>1. «Опекун» («попечитель») – мемлекет ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға ол кәмелеттік жасқа жеткен кезеңге дейін қамқорлық жасауды сеніп тапсыратын тұлға. (http://www.probirka.org/usynovlenie/3146-kto-takoy-opekun-rebenka.html).</p> <p>«Қорғаншы» – өзінің әрекеттерімен қорғауындағыға құқық және міндет еншілей отырып, әрекет қабілеттілігі жоқ адамның орнына өзі әрекет жасайды. (http://malimetter.kz/korganshylyar-men-kamkorshylardyn-kukyktary-men-mindetteri/).</p> <p>«Қамқоршы адамдар» ішінара әрекет қабілеттілігі бар адамдарға өздерінің міндеттерін орындағанда көмектесіп, бақылауына алады, сонымен қатар оларды үшінші жақтардан болатын қиянаттардан қорғап жүреді (http://malimetter.kz/korganshylyar-men-kamkorshylardyn-kukyktary-men-mindetteri/).</p> <p>«Қамқоршы» I. Зат есім. 1. Біреудің қамын ойлаушы, қамқорлық жасаушы, жақсылық, мейірбандық етуші, қорғаушы; ақылгөй. <i>Мен үшін жазушыдан жазушының артықшылығы жоқ. Мен бәріне бірдей қамқоршымын</i> (Ә.Нұршайықов). <i>Талайдың қамқоршысы қайтқан мендей, Артында қайғылы жас қалған сендей.</i></p> <p><i>Жүрерсің көпке дейін көндіге алмай, Қолайсыз дастарханға жыртық жеңдей</i> (О.Шораяқов, Шайыр). <i>Менің де сіздей бар еді «Қарағым» дейтін анамыз,</i></p>

		<p>Қамқоршы болған бабамыз, Мендей-ақ шығар балаңыз, Әкем де менің сіздей-ақ, Балаңыз да біздей-ақ, Тіліңізді аламыз (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Айнала қара көзін қызыл басқан, Кірпігі оза шығып, қара қас тан. Кім нашар болса соның сөзін сөйлеп, Қамқоршы бола білген бала жастан (К.Әзірбаев). 2. діни. Демеуші, қолдаушы ие. Малдың қамқоршы иесі болады. Қой иесі – шопан ата, сиыр иесі – зеңгі баба, жылқы иесі – қамбар ата, түйе иесі – ойсыл қара деген наным болды (ҚазССР тарихы).</p> <p>3. заң. Жақтаушы, қорғаушы адам. Қамқоршы (опекун) қамқорлыққа берген мекеменің келісімінсіз баланың (балигатқа толмаған баланың) дүние-мүлікке иелік правосына қайшы келетін әрекет жасай алмайды (Семья тәрбиесі). Қалың мал әкесінің, ең жақын туысының немесе қамқоршысының пайдасына түсетін (ҚазССР тарихы). Қамқоршы – ата-аналары қайтыс болған балаларды немесе ата-аналық құқығынан айрылғандардың балаларын асырап алушы адамдар (Қаз. тілі термин. Педагогика.).(ҚС, 747).</p> <p>«Қорғаншы» I. Зат есім. 1. с ө й л е у. Қорғаушы.Ертеңіне Бұхара тағына Мұхаммед дінінің жаңа қорғаншысы, мәртебелі Әбді-Мумин әмір келіп отырды (І.Есенберлин, Жанталас). Мұндай жағдайда гуілдеген, шуылдаған, атой қойған қалың топты көріп, қамал қорғаншылары шыдай алмады, қарадай зәре-құты қашып, қамалды қорғамақ түгіл, бекініс үстінде де отыра алмай, көбіне-ақ қаша жөнелді (І.Есенберлин, Қаһар). Моңғол әскері әлсін-әлсін тынығып алады, ал өздерінің мұндай мүмкіншіліктері жоқ медине қорғаншылары әбден қажып түбі жеңіледі (І.Есенберлин, Алмас қылыш). (ҚС, 816).</p> <p>2. Әзербайжан: tərbiyəçi 3. Қырғыз: опекун 4. Өзбек: o'qituvchi 5. Түрік: vasi 6. Ағылшын: guardian 7. Испан: tutor 8. Неміс: Nachhilfe 9. Француз: tuteur</p>
1326.	клиринг	клиринг 1. « Клиринг » (ағылш. <i>clearing</i> – есеп айырысу) –

			<p>тараптардың өзара талаптар мен міндеттемелерді есепке алуына негізделген қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесі. Көптеген елдердің ішкі айналысында жекелеген кәсіпорындар (фирмалар, ұйымдар, т.б.) мен банктердің арасында тауарлар, көрсетілген қызметтер, бағалы қағаздар үшін есеп айырысумен байланысты қоғамдық шығындарды үнемдеу құралы ретінде пайдаланылады. Клирингілік есеп айырысуды лицензиясы бар мекемелер клирингілік келісімдер негізінде жүзеге асырады. (https://kk.wikipedia.org/wiki/Клиринг).</p> <p>«Клиринг» I. Зат есім. 1. [ағылшын. clearing] экон. Тараптардың өзара талаптар мен міндеттемелерді есепке алуына негізделген қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесі. <i>Ол банк және валюта клирингі болып екіге бөлінеді. Банк клирингінің ерекшелігі сол, мұнда банктер бір-бірімен төлемдер сомасы мен келіп түскен ақша сомасы арасындағы айырма көлемінде есепте сін отырады. Ал валюта клирингібірнеше елдің арасындағы сыртқы сауда немесе басқа да экономикалық байланыстар кезінде туатын халықаралық қолма-қол ақшасыз есеп жасауды реттеп отырады</i> (Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. Экономика). <i>Қазіргі кезеңде халықаралық клиринг ең алдымен ұлттық валюталары айырбасталмайтын, СКВ (ЕАВ) мен алтын қоры шектеулі елдерде қолданылады</i> (Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы). (ҚС, 647).</p> <p>2. Әзербайжан: klirinq 3. Қырғыз: ачылуу 4. Өзбек: tozalash 5. Түрік: takas 6. Ағылшын: clearing 7. Испан: aclarar 8. Неміс: Löschen 9. Француз: dégageмент</p>
1327.	интеллектуальное творчество	санаткерлік шығарма	<p>1.Санаткерлік (зияткерлік) шығарма – бұл нәтижесінде қайталанбастығымен, өзіндік және қоғамдық-тарихи бірегейлігімен ерекшеленетін сапалы жаңа нәрсе ойлап шығарылатын мақсатты бағытталған адамның зияткерлік қызметі.</p> <p>«Интеллектуальное творчество» – стандартты талаптардың шеңберіннен шығып кете отырып, өнімді бірегей идеялар тудыру қабілетіне негізделген, субъективті жаңа нәрселер жасау процесі. (http://online.rae.ru/1401).</p> <p>«Интеллектуалдық» I. Сын есім.</p>

1. Зияткерлік (интеллектуалға қатысты). *Эстетикалық тәрбиеден нәр алған адам өзінің барлық рухани, саяси моральдық, интеллектуалдық қасиеттерін байытады* (Е.Байзақов, Еңбек эстетикасы). *Біздің еліміз де еңбек адамдарының үлкен мәдениетке, биік интеллектуалдық өреге көтерілу, дене еңбегі мен ой еңбегінің арасындағы ашақтықтың да бірте-бірте жойылып келе жатқандығы белгілі* (І. Омаров). *Біздің ақпараттық және интеллектуалдық салиқалы әлеуетіміз бар. Ең бастысы, осынау тарихи тағылымнан тиісті қорытындылар шығара білу ләзім* («Егемен Қазақстан»). *Интеллектуалдық интуиция танымың ең жоғарғы түрі деп танылады* (Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік). (ҚС, 583).

«Санаткер» І. Зат есім.

1. Алдыңғы қатарлы, басты, таңдаулы адам деген мағынада.

Ол таңдаған тақырыбына бүкіл болмысымен бойлай еніп, алты-жеті жыл көлемінде қолтаңбасы орныққан санаткерлер қатарына қосылды (Ж.Әбдірашев).

Ойлы санаткер санатында Шоқан әртүрлі ағымдағы кісілермен пікірлес, дәмдестүздас болды (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). (ҚС, 1111).

«Шығарма». І. Зат есім. 1. ескі кітаби. Белгілі бір автордың ойдан шығарып жазған әдеби, ғылыми т.б. туындысы. *Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты – шығарма сөз, ол аты қысқартылып, көбінесе шығарма деп айтылады* (А.Байтұрсынов, Шығармалары). *Біздің жазушыларымыздың көптеген шығармалары дүние жүзіндегі ондаған шетел тіліне аударылды* (Ә.Шәріпов, Алыс жағалаулар).

2. Мектеп оқушыларының әдебиеттен алған білімін жетілдіріп, белгілі бір стильдегі, үлгідегі композициялық нысандағы мәтін құрастыруы үшін мұғалімдердің бағыттауымен сын ыпта, үйде жазған өзіндік еңбегі; мектептегі шығармашылық тапсырманың бір түрі. *Оныншы кластың ортан беліне келген кезіміз. Бір күні әдебиеттен беретін мұғаліміміз: «Өзің жайлы, өмір жайлы толғап көр» – деген шығарма тақырыбын ұсынды* (Е.Әкімқұлов, Қош ата).

			<p><i>Мұғаліміміз еркін тақырыпқа шығарма жазып келіңдер деп үйге тапсырма берді</i> (М.Әлімбаев, Тәрбие туралы әңгімелер).</p> <p>Шығарма – мектеп оқушыларының ана тілі мен әдебиет сабақтарында алған білімдері мен машықтарын орнықтыру, байланысқан сөз мәтінін құрау құралы (Қазақ тілі терминдерінің салалық түсіндірме сөздігі. Педагогика). (ҚС, 1431).</p> <p>«Шығармашылық» I. Зат есім. 1. кітаби стиль. Шығарма тудырушылық, шығарушылық. <i>Ноғай жазушыларының қатары барған сайын көбейіп келеді. Олардың шығармашылық өнеріне сипаттама жасау арнаулы еңбектер үлесі</i> (Р.Бердібаев, Достық кемесінде). <i>Дұрыс па, бұрыс па, өзінің творчестволық көзқарасы, шығармашылық принципі тұрғысынан келеді</i> (Қ.Ергөбеков, Жан жылуы). <i>Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар</i> (ҚР Конституциясы). (ҚС, 1431).</p> <p>«Зияткер» I. Зат есім. 1. Ақыл-ой, қабілеті асқан адам, интеллектуал (ҚС, 562).</p> <p>«Зияткерлік» I. Сын есім. 1. Жеке адамның интеллектуалдық ақыл-ой қабілетін дамытуға бағытталған. (ҚС, 562). 2. Әзербайжан: intellektual yaradıcılıǵı 3. Қырғыз: интеллектуалдық чыгармачылығын 4. Өзбек: intellektual ijodkorlik 5. Түрік: entelektüel yaraticılık 6. Ағылшын: intellectual creativity 7. Испан: creatividad intelectual 8. Неміс: intellektuelle Kreativität 9. Француз: créativité intellectuelle</p>
1328.	внутренние органы / органы внутренней/	ішкі мүшелер, ішкі ағзалар	<p>1. «Ішкі мүшелер» (висцеральные органы – organa viscerales; лат. organ – мүше, орган, ағза; visceralis – ішкі) – дене қуыстарында (көкірек, құрсақ, жамбас қуыстары) орналасқан түтік тәрізді және қомақты паренхималы мүшелер. Ішкі мүшелерге организмдегі зат алмасу және көбею процестерін іс жүзіне асыратын мүшелер жүйелері (асқорыту, тыныс алу, зәр бөлу, аталық және аналық көбею мүшелері) жатады (https://kk.wikipedia.org/wiki/Ішкі мүшелер).</p> <p>«Внутренности», «внутренние органы», «висцеральные органы» (лат. viscera, греч. splanchnon) – негізінен</p>

жануардың (және адамның) кеуде және қарын бөліктерінде орналасқан органдар, атап айтқанда, тыныс алу, ас қорыту, зәр шығару-жыныс, жүрек-қантамыр

органдары ([https://ru.wikipedia.org/wiki/Внутренние органы](https://ru.wikipedia.org/wiki/Внутренние_органы)).

«Ішкі» Сын есім. 1. Іш жағындағы, ішіндегі. 2. Көңілдегі, ойдағы, іштегі (ҚС, 1468).

«Мүше» І. Зат есім. 1. Адам, жан-жануар денесінің басты бөлігі (қол, аяқ, көз, құлақ т.б.). – *Нұрбайдың тым құрыса қол-аяғы бүтін, ал бұл байғұс соғыста бір*

мүшесін беріп келді емес пе? (Б.Тоғысбаев, Асыл адам айнымас). – *Менің бір көзім*

ағып түссе ештеңе емес, басқа мүше мүше бүтін. Сенің көзің ағып түссе, жарасарсың

(З.Ақышев, Жесірлер). *Қорапқа қарғып мінген екі жігіт машина үстіндегі ағаш*

жәшік ішінен терісі алынғанмен, мүшесі бұталмаған екі қойды сопаң еткізіп суырып алды (Ә.Сараев, Бозқырау).

2. биологиялық. Өзіне тән құрылысы болатын және арнайы қызмет атқаратын организмнің бөлігі.

Мүше әртүрлі ұлпалардан құралады. Құрылысына сәйкес *мүше* паренхималы, түтікше және қабатты болып бөлінеді (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Биология).

3. этн. Сойылған мал етінің қонағына қарай тартар негізгі бөлшегі (жамбас, жілік, сүбе, бұғана т.б.). *Ақсақалдар өкпелеп, дау шығармасын деп, етті мүшесімен табақтарға бөлгелі үйден шыққан Наз әже жігіттерге ұрсып тастады*

(А.Жағанова, Еркежан). *Міне – бұғана. Бұл да еті қаттылау болғанмен қадірлі мүше –*

құдаға салады (С.Жүнісов, Ақан сері). 4. Белгілі бір ұйымның, ұжымның құрамына енетін адам.

Қазақ-қырғыз білім комисиесі осы кеңестің бір бөлімі болды. Комисияның мүшелері қайта сайланды

(Х.Досмұхамедұлы). *Үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспейтін немесе оны жүргізбейтін Үкімет мүшесі орнына түсуге өтініш береді не ол лауазымнан босатылуға тиіс*

(ҚР Конституциясы). (ҚС, 956).

«Ағза» І. Зат есім.

1. [араб. أعضاء] көнерген сөз. Адамның дене мүшелері. «Балалы жетпіс қасқыр» – нәпсің шығар, *Ағзаңды* әр ишқыңмен қамап жатқан.

«Қоралы қой» дегенің иман шығар, көңіліңе қорқыны

			<p><i>шты көп ойлатқан (Кете Жүсіп, Өлеңдер). Келгенде жеті-сегізге мектеп көріп, Ғылымның он жасында дәмін татқан, Он екі әр пендеңнің азгасы бар, тұтас боп алты жерде қара тапқан</i> (Шәді төре). <i>Үш жүз алпыс тамырың Бәрі тегіс суалып, Азгалар қурап кепкені</i> (Кердері Әбубәкір, Қазағым). 2. Адамның, жан-жануарлардың дене құрылысы, тұла бойы, тұрқы. <i>Сау жер жоқ азгасында ауру да, Өлімнен тірлікті көрген артық</i> (А.Байтұрсынов, Шығармалары). <i>Адам азгасының әрекет, сырлары турасындағы ғылымдар бар</i> (М.Әуезов, Абай жолы). 3. б и о л о г и я л ы қ. <латын. organismus>.</p> <p>Үйлесімді қызмет атқаратын мүшелері бар тірі тұтастық (тіршілік иесі немесе өсімдік). <i>Әрбір азганың өзіне тән белгілері, қасиеттері және даму ерекшеліктері ұрпақтарына беріледі (Биология). Азгалар өзгергіштік қасиеті арқылы орта жағдайының түрлі өзгерістеріне бейімделеді. Осы қасиет арқылы бірте-бірте жаңа түрлер пайда болады (Биология). Бүгінгі тәжірибе трансплантация ғылымының хирургиялық беті, операциялық техникасы жетілдірілгеннен, өліктен алған азгалардың өмірін жоймай сақтауға, оларды емдік құрал етуге болатынын аңғартады</i> (Е.Оразақов). (ҚС, 27).</p> <p>2. Әзербайжан: daxili orqanlar, daxili orqanlar 3. Қырғыз: ички органдар, ички органдар 4. Өзбек: ichki organlar, ichki organlar 5. Түрік: iç organlar, iç organlar 6. Ағылшын: internal organs, internal organs 7. Испан: órganos internos, organos internos 8. Неміс: innere Organe, innere Organe 9. Француз: organes internes, organes internes</p>
1329.	завещание	өсиет	<p>1. «Өсиет» – жазбаша түрде немесе ауызша айтылып, қалдырылған ақыл-кеңес, талап-тілек. «Өсиет», «уасийа» (көпше түрі – уасайа; түрікше – уасиет, парсыша – уасият).</p> <p>1. Дүние салар алдында айтылатын ең соңғы тілек, аманат. 2. Шииттік догматиканың түсіндіруі бойынша «әл-уәсиә» – имамның өзінің орнын басушыны «анық көрсететін» рухани өсиет ретінде айтатын сөзі. (https://kk.wikipedia.org/wiki/Өсиет).</p> <p>«Өсиет» I. Зат есім. 1. Жасы үлкен немесе парасатты, білімді, тәжірибелі адам</p>

			<p>тарапынан өзінен кейінгілерге, жасы кішілерге айтылатын ақыл, кеңес, ғибрат, үлгі, өнеге. Абай ұғарлық, ойланарлық сана барау деген кісілерге өсиет, ақыл айтып, ұстаздық етеді (М.Әуезов, Әр жылдар ойлары). Жа назама пәлен мал шығар, пәлендей малды пәленшеге беріңдер деген сықылды өсиет қылмаса дегенім зой (Ж.Аймауытов, Шығармалары). Хосе Мартиннің ай тқан нақыл сөздері, қаһарман ұрандары, өлеңдері өшпес өсиет ретінде халық аузында (Б.Момышұлы). Бұл – өсиет, өнеге айту, ақыл, кеңес беру, жасы кішіге үлкеннің өмір тәжірибесін ұсынуы (М.Әлімбаев). Жазығың сол атамыз қазақтың «бір күн қарны ашқан кісіден қырық күнге дейін ақыл сұрама» деген өсиетін білмегендігің (Ә.Әбішев, Үлкен жолда). Жаңа жыл алаулаған тұр өнімде, Атаның өсиетінде е, тілегінде. Күніге жүз айналып-толғанатын Ананың Жаңа жыл бар жүрегінде (Т.Айбергенов, Мен саған ғашық едім). 2. заң. <ағылшын. will; testament> Мүлік, құндылықтар, ақшалай салымдар иесінің өзі қайтыс болған жағдайда бұлардың кімнің иелігіне берілуге тиіс екендігі туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жазылып, нотариалдық жолмен расталған жазбаша өкімі. Қалыптасқан құқық бойынша азамат өсиет жазып, өзінің мүліктерінің барлығын немесе оның бөлігін, заң жүзінде мұрагерлер санатына жататын-жатпайтынына қарамастан, бір немесе бірнеше адамға, сондай-ақ, мемлекетке, не жекелеген мемлекеттік, қоғамдық, т.б. ұйымдарға қалдыра алады (Заңтану терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі). (ҚС, 1039).</p> <ol style="list-style-type: none"> 2. Әзербайжан: vasiyetname 3. Қырғыз: болот 4. Өзбек: vasiyat 5. Түрік: irade 6. Ағылшын: will 7. Испан: testamento 8. Неміс: Testament 9. Француз: testament
1330.	модернизация	жаңғырту	<p>1. «Модернизация» француз тілінде «moderne» – «қазіргі», ағылшын тілінде – «modernization» – жаңарту, жаңғырту, қоғамды, экономиканы, әлеуметтік саланы қазіргі заман талабына сай</p>

жаңғырту деген ұғымды білдіреді. Бұл ұғым «өркениет» ұғымымен бірге әдебиетте XVII ғасырдан бері қолданылып келеді. Жаңғыртудың кең тараған түсінігі – адамдардың тұрмыс деңгейінің өсуі, әл-ауқатының артуы, қоғамдағы экономикалық жетістіктер.

«Жаңғырту» дегеніміз – қоғам және адам өмірінің сапалы түрде өзгеруі. Жаңғыртудың нәтижесінде қоғам да, адам да ешнәрсеге алаңдамай, өздігінен, өз күшімен өмір сүретін және дамитын дәрежеге жетеді (http://www.inform.kz/kz/zhangyrtu-kogam-damuynyn-basty-ozegi-t-ryskaliev-filosofiya-gylymdarynyn-doktory-professor_a2514112).

«Модернизация»(франц. – жаңғырту) – артта қалған елдердің алдыңғы қатардағы елдердің деңгейіне жетуге бағытталған мемлекеттің саясаты. (<https://kk.wikipedia.org/wiki/Модернизация>).

«Модернизация». I. Зат есім. 1. Қазіргі талапқа сай етіп жаңалаушылық, жаңғыртушылық. *Өндірістегі құрал жабдықтарды жаңалау, демек модернизация дегеніміз не?* («Лениншіл жас»). (ҚС, 934).

«Жаңғырту» I. Зат есім. 1. Белгілі бір дүниені, халықтық мұраны жаңарту, қайта өңдеу. *Соңғы жылдары сол ұмытылған аспаптарды тауып, оларды жаңартып жасау, қайта жаңғырту жөнінде бірқатар жұмыстар істелді* («Білім және

еңбек»). *Ендеше ең алдымен туған тілдің негізін білу, қазынасын бағалау парыз, оның алуан бояуын, жұп ар иісін жаңарту, жаңғырту мүмкіншіліктерін тану қажет*

(М.Әлімбаев). *Одан да маңыздысы рухани тазалыққа, дәстүрлі мәдениетін*

жаңғыртуға ұмтылды, өнердің барлық салаларында өзгеріс енгізді («Егемен

Қазақстан»). *Ал халық туындыларын бүгінгі заманға талғамына сай жаңғырту*

жолында Марат ондаған жылдар бойы ізденіп келе жатыр емес пе? (Қ.Боқаев). (ҚС, 469).

2. Әзербайжан: modernləşmə

3. Қырғыз: өркүндөтүү

4. Өзбек: modernizatsiya qilish

5. Түрік: modernizasyon

6. Ағылшын: modernization

7. Испан: modernizacion

8. Неміс: modernisierung

9. Француз: modernisation

1331.	предварительный	алдын ала	<p>1. «Предварительный»– 1. Бірдеңенің алдында осылай болатын жағдай. Бір нәрсенің, негізгі, басты нәрсенің алдында болатын жағдай. 3. Өзгертілуі, қайта қаралуы, бас тартылуы мүмкін соңғы жағдай. 4. Бұрын, алдын ала жасалған, қабылданған, дайындалған. (http://tolkslovar.ru/p17047.html).</p> <p>«Предварительный»–1. Бір нәрсенің алдында болатын жағдай. 2. Аяқталмаған, артынан бір нәрсе немесе жағдай болатын. (<i>Ожегов, 1347</i>).</p> <p>«Алдын ала» I. Тұрақты тіркес.</p> <p>1. Күн ілгері, күні бұрын, бұрынырақ. <i>Алдын ала үй бөліп, орын-жай әзірлеп қойдық</i> (Х.Рахимов, Қарлығаштар). <i>Созақ көтерілісін басу үшін Түркістаннан 500 атты әскер төте жолға салып, суыт келе жатады. Осы жағдайды алдын ала білген көтерілісшілер таудағы «Суындықтың асуына» құралайды көзден ататын мерген – Салықбайды, ал «Балықшының асуына» Жақаиш мергенді отырғызады («Жас Алаш»).</i> <i>Үкімет осы өнімдерді сатып алады. Өнімнің белгілі бір бөлігінің ақшасын алдын ала төлейді («Жас Алаш»).</i>(ҚС, 21).</p> <p>2. Әзербайжан: müvəqqəti</p> <p>3. Қырғыз: алдын ала</p> <p>4. Өзбек: vaqtinchalik</p> <p>5. Түрік: ön</p> <p>6. Ағылшын: preliminary</p> <p>7. Испан: provisional</p> <p>8. Неміс: provisorisch</p> <p>9. Француз: provisoire</p>
1332.	разгон	екпін	<p>1.«Разгón» – «разогнать» (үдеу, қарқындау) етістігі мағынасындағы іс-әрекет. Сондай-ақ бұл термин мына мағыналарда жұмсалады: 1) «выгнать» (қуып шығу, қуып тарату), «уволить» (жұмыстан қуып жіберу, жұмыстан шығарып жіберу); 2) «заставить разойтись» (тарап кетуге мәжбүрлеу), «заставить разбежаться» (қашып кетуге мәжбүрлеу). (https://ru.wikipedia.org/wiki/Разгон).</p> <p>«Разгон» – 1. Екпіндеп ұмтылу. 2. Сөгіс алу, сазайын тарту, тарату. (<i>Ожегов, 1502</i>).</p> <p>«Екпін» – сөйлем ішіндегі кейбір сөздердің немесе сөз ішіндегі кейбір буын, дыбыстардың басқа тілдік бөліктерден ерекшеленіп, көтеріңкі айтылуы (https://kk.wikipedia.org/wiki/Екпін).</p> <p>«Екпін». I. Зат есім.</p> <p>1. Белгілі бір күштің пәрмені, серпіні. <i>Өзен арнасының белінен</i></p>

баса сұлап жатқан үлкен көпірдің түбіне ұшқыр **екпінмен** зулап тақай бергем.

Кенет бір нәрсе құлағымды тұндыра шатыр етіп ж арылды (З.Жәкенов). Жел **екпіні** барған сайын күшейіп толқын сарылы молая түскен (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы).

2. Күш, тегеурін. Қызыл Армияның **екпініне** төтеп бере алмай ығысып бара жатып, осы жердегі елді шауып-тонап, баса-көктей өтпек болған (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). Отрядқа қала көпшілігі сүйсінсе де, Оси повтың **екпініне** төтеп бере алады деп бәрі бірдей сене қойған жоқ (Ж. Арыстан ов). Дархан сенің **екпінің** тәуір еді ғой, мүмкін сен ай тарсың? – деген сөз жігерін қайрағандай, ол басын көтеріп алды (Ә.Әбішев, Сәуленің күлкісі).

3. Қарқын. Көпірсең жұмақ исі анадайдан, Кеудеңді жарып кетер әлдеқайдан. **Екпінің** еш нәрсеге жол бере ме, Өзендей гүр-гүр етіп аққан сайдан (Үш ғасыр жырлайды). «Абай» операсынан кейінгі өсу **екпіні** Брусиловский мен Төлебаевтың 1945 жылы алғаш р ет мен қойған «Аманкелді» операсы жалғастырғаны белгілі (Қ.Байсейітов, Құ штар көңіл). Жер жүгірген **екпінмен** алысқа кетейін десе, күн тартып тұрады (А.Байтұрсынов). 4. ауыс. поэт. Бір нәрсенің әсері, буы, қуаты.Ыбырай бір сәт шарасыздыққа тірелгендей болады. Тек той **екпіні** ғана көңілін көтергендей (Ж. Молдағалиев, Самал). Жырлауға жастық **екпінін**, Қ аламымды алам қолыма. Өтеді солай көп күнім, Қыз ығым жастық жолына (Пернедегі термелер). Кейде озып, кейде топтан жүрем кейін, Азырақ шаршаса м да сыр бермеймін. Айдында жұлдызша аққан жұр т легінен **Екпінін** жастық шақтың көргендеймін (Ә . Фатихов, Менің босағам).

5. м у з ы к а л ы қ. Музыка алық шығарманың орындалу жылдамдығы, қарқыны .Музыкалық шығарма мен оның жеке бөлімінің **екпіні** әдетте италяниша атаумен б елгіленеді. Оның негізгі 3 түрі қалыптасты: жәй **екпін**, орташа **екпін**, жылдам **екпін** (Қазақстан Ұлттық энциклопедия). **Екпін** шығарманың сипатына, мазмұнына, орындаушының көңіл күйіне байланысты (“Мәдениет және тұрмыс”).

б. л и н г в и с т и к а л ы қ. Сөз ішіндегі белгілі бір буынның сөздің басқа буындары

н біріктіруші қызмет алып, күшті, көтеріңкі дауыспен айтылып, айқын естілуі. Қазақ тіліндегі **екпін** басқа түркі тілдеріндегі **екпін** тәрізді сөздің көбіне соңғы буынына түседі (Қазіргі қазақ тілі).

Қазақ тіліндегі **екпін** орыс тіліндегідей форма ажыратарлық, мағына ажыратарлық қызмет атқара алмайды (Қазіргі қазақ тілі). 7. а у ы с п а л ы м а ғ ы н

а. Белгілі бір

сөздің мән беріле, көңіл аударыла айтылуы; дауыстың көтеріңкі шығуы. Дәрмен

соңғы сөзін **екпінмен** даусын көтере айтты (А.Байтанаев, Қансонар). Ол осы сөзді ерекше бір **екпінмен** айтты («Лениншіл жас»). Бұндағы «қолың бер» деген сөз

ерекше **екпінмен** оқылады («Қазақстан мұғалімдері»). (ҚС, 401).

«Қарқын» I. Зат есім.

1. Екпін, жылдамдық, шапшаңдық. Аттың қарқынын

бәсеңдетіп, тізгінін тартуға болмайды (Ө.Жолымбетов, Айгөлек). Қырмандағы адамдардың

қарқыны өте қызу (О.Бодықов, Бұлбұл). 2. Күш-жігер, қайрат, қуат. Бүгінгі ұрпақ ата-баба еңбегін ұмытпайды, солар бастаған ұлы құрылысты жаңа

қарқынмен алға бастырады (Ж.Арыстанов, Естен кетпес есімдер). Трактордың

қарқыны, Тауды талқан еткендей. Кездессе қамал қиратып, Қиналмай-ақ өткендей

(Ә.Тәжібаев, Шығармалары).

3. ж е р г і л і к т і с ө з. Су тасқыны. Көктемде су қарқыны

кезінде аздап көгереді (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі). (ҚС, 767).

«Қарқындау» I. Етістік.

1. Екпіндеу, үдеу; жылдамдату, тездету.

Ә дегенде үйме-

жүйме тобымен бірге аттанып, біраз

қарқындағанша қатарласа, қапталдаса шапқан шабандоздар шоғыры енді ыдырады (М.Хасенов, Тұлпардың дүбірі). Арлан жан дәрменде қайт

а қарқындап, тоғайдың тасасына айнала тартты (С.Жүнісов, Ақан сері). Жүйткі, поезд,

қарқында, Шаршамастан самғап көр, Жасыл жарық алдыңда, Ашулы тұр семафор (А.Хангелдин, Қыз жүрегі). 2. Күш-жігер алу, шабыттану, еселену.

Ұлттық шеңбердегі үлгілерді гана мектеп еткен

әдебиет **қарқындап** өсе алмайды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер парызы). Соңғы жылы атқарылған көптеген жаңа өзгерістердің ауыл өмірі мәдениетінің қарқындап өсуінің куәсі («Қазақстан әйелдері»). (ҚС, 767).

«Үдеу» I. Зат есім. 1. физикалық. Жылдамдық қарқынының уақыт бірлігі ішінде өзгеруін көрсететін физикалық шама. Газ тәріздес денелер қыздыру нәтижесінде **үдеу** береді (К.Әбдіғапаров, Қызықты физика). Физикада жылылықтың **үдеуін** арнаулы аспаппен өлшеуге болады (Физика курсы). Тартылыс күшінің әсерінен планета **үдеу** алып отырады (Астрономия). 2. «Үде» етістігінің қимыл атауы; күшею, өсу, қарқындау. Балуан Шолақты ұстасақ былай да зорлықпен бағындырып отырған қазақтардың үкіметке наразылығы **үдеуі**, тіпті көтеріліс шығуы мүмкін, сондықтан әзірге оған тимеуіңізді мақұл көрем (С.Мұқанов, Балуан Шолақ). (ҚС, 1343).

«Үдету» I. Етістік.

1. «Үдет» етістігінің қимыл атауы. Күшейту, өсіру, қарқындату.

Арнаулы бағыттағы біздің қорғанысқа шабуылды **үдету** үшін дайындалған жаудың еселенген күші соққы жепті (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Қаратайдың «қатын би боладысы» Шабан байдың Нағымға деген наразылығын **үдетуге** бола айтылған көрінеді (А.Жүнісов, Өмір ізі).

2. әдебиеттану. Шешендік сөз қолдану тәсілі,

бейнелі сөздерді, бірыңғай эпитеттерді, ұқсас теңеулерді, мәндес сөздерді (синоним)

тізбектеп келтіріп, ойды өзгеше әсерлі еткізіп жеткізуге.

Қазақтың шешендік сөздерінде толғау, терме үлгісіндегі жыр-өлеңде **үдету** тәсілі жиі қолданылады. Мұндай лексикамен қатарласып құйылып келетін сөздер айтылатын ойды

үдетіп, күшейтумен бірге, айрықша шешендік, сөз тапқыштықты да танытады (Әдебиет терминдерінің сөздігі). (ҚС, 1343).

«Пәрмен» I. Зат есім.

1. Қарқынды екпін, күш, қайрат-жігер, тегеурінді қуат.

Қойбағар ауыр тоқпақты **пәрменімен** сілтей соққанда, келте қазық жерге ортан беліне дейін кіріп кет

			<p><i>ті</i> (М.Хасенов, Тұлпар). <i>Ол енді-енді бұрылам дегенше қолымдағы найзаны пәрменімен жіберіп кеп қалдым</i> (Е.Салихов, Алақан). <i>Қимылында пәрмен бар аңгүдіктің, Үміті көп көңілде әр күдіктің. Бұлтартқызбас дәл келген жазымыш тай Кездейсоқ пен айқасы заңдылықтың</i> (К.Салықов, Жезкиік). 2. Күрделі бір істі орындату үшін берілетін әмір, бұйрық, тиісті жарлық. <i>Мұнда басқа елдердің музейлерінен кезігер-кезікпесі екіталай бір ғана қызық нәрсе – патшаның пәрмендері жазылған папирустар</i> (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). – <i>Аттарыңнан түс! деген Пәрмен болды жасаққа, – «Қыр да қанын іш!» деген... Бауыздалды ұл мен қыз</i> (І.Жансүгіров, Поэмалары). <i>Ей, алла, разымын с алғаныңа, Жеткізбей армандамын алғаныңа. Билетің, Шам, Бағдат, жетпіс әлем, Көндірдім талай елді пәрманыма.</i></p> <p><i>Бір алла, жалғыз ұл бер, жарылқай көр! Көре алмай армандамын қалғаныма. Кетейін өзім барда патша сайлап, Артымда тапсырайын қалғаныма!»</i> (Ә. Найманбаев, Шығармалары). (ҚС, 1056).</p> <p>«Пәрмендеу» I. Етістік. 1. Екпіндеу, қайраткүші, қуаты тасу, арту, қарқындау. <i>Мұқажанның бұл күнде қағанағы қарқ, сағанағы сарқ, дүрілдеп, пәрмендеп тұрған кезі</i> (Б.Тілегенов, Аққайнар). <i>Дегенмен қаулап өскен әдебиетіміздің пәрмендеп құлаш жайған бүгінгісін, жаңадан бұтақ жарған кешегісін ойласақ, сәйгүлік тердің екпіндей шапқан шаңын көреміз</i> (І.Омаров, Шабыт шалқары). (ҚС, 1056).</p> <p>2. Әзербайжан: sürətləndirmək 3. Қырғыз: ылдамдатуу 4. Өзбек: tezlashtirish 5. Түрік: ivme 6. Ағылшын: acceleration 7. Испан: aceleración 8. Неміс: Beschleunigung 9. Француз: accélération</p>
1333.	росчерк	шимай сызық	<p>1. «Росчерк» – қойылатын қолтаңбаның (қолдан) соңғы бөлігі, қойылған қолдың соңғы әрпін көлемі ұлғайтылған, жолүсті және жоласты кәріптерімен жалғастырыла, соңғы таңбаны «өрнектеуге» арналған іс-қимылдың жалғасы арқылы қалыптасады. Қойылатын қолдың ең шеткі әрпінің жалғасы болуы да мүмкін. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Росчерк).</p> <p>«Росчерк» – қойылған қолдың соңғы әрпіне</p>

қойылатын қосымша сызықша немесе ширатылған сызық (Ожегов, 1598).

«Шимай». I. Зат есім. 1. Айқыш-ұйқыш, иір-қиыр сызықтар. *Шымылдықтың*

етектеріне бір заманда қызыл жіппен машина кестесі, ирек шимайы салыныпты

(М.Әуезов, Таңдамалы шығармалары). *Ой сонда неше толғау шимай салмақ,*

Қайтсе жөні келер деп өлшеуге алмақ. Дәл солай қыл айын деп ұнағанда, Әділетті жүрегің бір қозғалмақ (Ш.Құдайбердиев, Өлеңдер мен поэмалар). –

Мынаны қарашы, балалардың ісі зой, – деді есіктегі шимайды нұсқап, – не адамға, не басқадай мақұлыққа

ұқсамайды (Ө. Ахметов, Алтын арқау). 2. Оқылуы

қиын, нашар жазу, шимай-шатпақ. – Мына толып жатқан шимайдың қайсысы арабшаң? – деді бір

жазуды сұқ қолымен нұсқап (Қ.Әбдіқадыров). *Айта берсек бір талай*

шимай жатыр, Түк қалдырмай сөйлеуге сыймай жатыр (М.Ж.Көпеев). (ҚС, 1409).

«Сызық». I. Зат есім. 1. Қағаз бетіне болмаса басқа бір затқа түскен жазу, сызылған шимай. *Столдың үстіндегі әйнектің астында бір қағазға сызылған*

сызықтар жатты (М.Иманжанов). *Үйге келсе, науқас құрдасы қағаз бетіне ерсілі-қарсылы сызықтар*

тартып, бір демелерді шимайлап жазып отыр (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). *Ойдың әсем дүниесін сызықтаумен отырды. Толып жатқан сызықтар*

Қағаз бетін толтырды (С.Сейітов, Большевиктер). 2. геом. Түзу түріндегі геометриялық фигура. *Беттің кез келген бөлігінің шекаралары, сондай-ақ қозғалыстағы нүктелердің траекториясы да сызық болып есептеледі* (ҚҰЭ).

«Жазық орындар» деп аталатын Аполлонийдің тағы бір геометриялық шығармасы геометриялық нүктелер орнын классификациялауға, оның ішінде өзі «жазық орындар» деп атаған түзу сызықпен шеңберді зерттеуге арналады (А.Көбесов).

3. ауыс. Бетке, маңдайға түскен әжім. *Маңдайына да қисық сызықтар қаптап кеткен екен* (Қ.Найманбаев, Үміт өткелі). *Мұт шалғысын салты десек қызыққан. Екі көзде мұң тұнып тұр біз ұққан. Сол заманның шырғалаңы н аңдатар Маңдайдағы жылғаланған сызықтар* (К.Салықов, Жезкиік). *Ажарлы өңін*

қалың әжім қаптап, бетіне уайым **сызықтары** із тастаған (Е.Әкімқұлов, Қош бол, альбом). Қағазға үңілгенде езуіндегі **сызығы** тереңдеп, екі ұрты салбырап кетті (Т.Ахтанов, Боран).

4. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Тағдыр бұйрығы, жазуы. Бәрімізге ортақ бір ғана тағдыр **сызығы** бар-ды (Т.Шаханов, Жоғалған жауһар). Бұл сөздің жаңа жеттік қызығына, Тағдырдың пәнде көнер **сызығына**. Қыз бастап байбатшаны алып келді, Баяғы өзі көрген құдығына (Ә.Найманбаев, Шығармалары). Қайғылы менің көңілім тола ма екен, Алланың **сызығы** екі бола ма екен? Маңайға тантық құлды жолатқызбай, Қорқытып қойған оны құдай екен (Қозы Көрпеш – Баян Сұлу).

5. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Көңілдегі қайғы-қасірет, іштегі күйік. Осы күн өмірімнің, Ешбір жоқ қызығы. Жаралы көңілімнің, Жазылмай **сызығы** (Абай).

6. а у ы с п а л ы м а ғ ы н а. Қас, қыздың қасы. Жүре берсе, шіркін-ай, кезе берсе, Үнсіз-түнсіз бір-бірін сезе көрсе, Өз-өзінен қос **сызық** қосылатын, Қосылмасқа көнбейтін меже келсе (М.Мақатаев, Шығармалары).

7. и н ф о р м а т и к а л ы қ. Экрандағы түзу сызық түріндегі геометриялық фигура немесе оны кескіндеу элементі және графиктік редактордағы ең қарапайым геометриялық элемент. (ҚС, 1188).

«Ширатпа» I. Сын есім. 1. Ширатылған, есілген. Ибрагим тік жағалы көйлек етегін шалбар сыртына жалаң жіберген де, белін **ширатпа** жібек белбеумен буынған (Е.Қалиев, Рудный оттары). 2. Сақал-мұртын бұрап, сәндеген. Жиі дем алған сайын ұзын ақ сақалы желп-желп етіп, **ширатпа** мұрты жыбырлап жатыр (С.Досанов, Тау жолы).

3. зергерлік. Алтын, күміс шыбығы, талшығы, бұралған, есілген, өрмеленген. Тек ол бір **ширатпа** алтын білезікті Үйеме төренің тоқалына өзі апарып бергенін мойындады (Б.Құсбегин, Зуқа батыр). (ҚС, 1410).

2. Әзербайжан: flourish
3. Қырғыз: гүлдөйт
4. Өзбек: gullab-yashnaydi
5. Түрік: güzelleşmek
6. Ағылшын: flourish
7. Испан: florecer

			8. Неміс: gedeihen 9. Француз: fleurir
1334.	реализация	жүзеге асыру; жүзеге шығару; іске асыру	<p>1. «Реализация» (лат. realis – заттық, маңызды) – 1) өндірістік тауарлар мен қызметтерді сату; 2) ниеттің орындалуы, нәтиже алу (https://dic.academic.ru/dic.nsf/econ_dict/12342).</p> <p>«Реализация» (лат. realis – заттық, маңызды) – 1) өндірістік тауарлар мен қызметтерді сату; 2) ниеттің орындалуы, нәтиже алу; 3) хабарландыру (информатика) (https://ru.wikipedia.org/wiki/Реализация).</p> <p>«Реализовать»– 1. Жүзеге асыру, іске асыру. 2. Сату (<i>Ожегов, 1565</i>).</p> <p>«Іске асыру». I. Тұрақты тіркес. 1. Жүзеге асыру. <i>Жуырда гана талқыланған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудағы Ассамблеяның орны мен рөлін айқындап алу керек («Қазақ әдебиеті»). Бұл ойын іске асыру үшін ол Омбыға арнаулы кісі жіберді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). (ҚС, 1465).</i></p> <p>«Жүзеге асырылды». I. Тұрақты тіркес. Іске асырылды, жасалды (ҚС, 115).</p> <p>2. Әзербайжан: həyata keçirilməsi 3. Қырғыз: ишке ашыруу 4. Өзбек: amalga oshirish 5. Түрік: gerçekleştirilmesi 6. Ағылшын: realization of 7. Испан: realización de 8. Неміс: realisierung von 9. Француз: réalisation de</p>
1335.	стандарт	стандарт	<p>1. «Стандарт», үлгіқалып (ағылш. standard – өлшем, үлгі, өлшегіш) – басқа ұқсас нысандарды, заттарды салыстыру үшін бастапқы үлгі ретінде қабылданатын үлгі, эталон, модель; құзыретті орган қабылдаған, шама өлшемін, терминдерді және олардың анықтамасын, өнімге және өндіріс үдерістеріне қойылатын талаптарды, адамдардың қауіпсіздігін, материалдық құндылықтардың сақталуын, т.б. айқындайтын нормативтік-анықтамалық құжат; кең мағынада өзіне ұқсас басқа нысандармен салыстыру үшін қолданылатын негізгі үлгі, эталон, модель; мүдделі жақтардың келісуі негізінде дайындалған және әр түрлі іс-әрекеттің немесе оның нәтижесіне қатысы бар ережелерді, жалпы принциптерді немесе сипаттамаларды жалпыға бірдей және дүркін-дүркін пайдалану үшін белгілейтін танылған стандарттау, метрология мен</p>

			<p>сертификаттау жөніндегі органмен бекітілген құжат (https://kk.wikipedia.org/wiki/Стандарт).</p> <p>«Стандарт» – 1. Белгілері, қасиеттері, сапасы бойынша бір нәрсеге сәйкес болуға, бір нәрсені қанағаттандыруға тиіс үлгі; сондай-ақ тиісті мәліметтерден тұратын құжат (ресми); 2. Үлгілік, трафареттік сипаттағы, түпнұсқалық, шығармашылық сипаты жоқ бір нәрсе (<i>Ожегов, 1782</i>).</p> <p>«Стандарт». I. Зат есім. 1. [ағылшын. standard]. Басқа ұқсас нысандарды, заттарды салыстыру үшін бастапқы үлгі ретінде қабылданатын үлгі, эталон, модель.</p> <p>Бұйымның сапасы мен қасиеті жағынан танылған, қалыптасқан мемлекет бекіткен типтік үлгі. <i>Машина жасау өнеркәсібінің өнімдеріне мемлекеттік жаңа стандарт белгіленеді («Лениншіл жас»)</i>. <i>Стандарт бойынша түйе жүнін төрт түрлі класқа бөледі: биязы, қылшықты, шуда және жабағы (И.Жұмағұлов)</i>. 2. Тиісті ұйымдар ресми құжат ретінде қабылдаған технологиялық процестер мен өнімдерге қойылатын талаптар мен ережелерді реттейтін нормативтік-техникалық құжат.</p> <p><i>Стандарт құзыреті орган қабылдаған, шама өлшемін, терминдерді және олардың анықтамасын, өнімге және өндіріс үдерістеріне қойылатын талаптарды, адамдардың қауіпсіздігін, материалдық құндылықтардың сақталуын, т.б.</i></p> <p><i>айқындайтын нормативтік-анықтамалық құжат (ҚҰЭ). Стандарт ғылым, техника, өндіріс, практикалық тәжірибе саласындағы отандық және әлемдік жетістіктерді көрсетеді және сонымен бірге оларды тиісті қызмет салаларында енгізудің директивасы болып табылады (ҚҰЭ) . (ҚС, 1167).</i></p> <p>2. Әзербайжан: standart 3. Қырғыз: стандарт 4. Өзбек: standart 5. Түрік: standart 6. Ағылшын: standard 7. Испан: standart 8. Неміс: standart 9. Француз: standart</p>
1336.	методология	әдістеме	<p>1.«Әдістеме» – педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір саласы. Тұтасынан алғандағы жас</p>

ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту **процесінің** заңдылықтарын **дидактика** зерттейді. (<https://kk.wikipedia.org/wiki/Әдістеме>).

Әдіснама /методология/ (грек. *methodos* – зерттеу жолы, теория және *logos* – ілім) – 1) ғылыми таным әдісі; 2) ғылымда қолданылатын негізгі **принциптер**. Психология теориясына лайықты танымның ұстанымы, әдісі, нысаны мен таным амалдары арқылы психологиялық болмысты өзгеріске түсіру. Зерттеуші психологтың нәтижеге жетуі оның ғылыми құрал-жабдықтармен қарулануымен қатар, түрлі тәсілдерді әдіснама қорынан таңдап алуына байланысты; 3) дүниенің, қоғамның объективтік заңдылықтары мен құбылыстарын практика және теория игертуге және өзгертуге бағытталған таным принциптерінің жиынтығы (<https://kk.wikipedia.org/wiki/Әдіснама>).

«Методология» (грек. *μεθοδολογία* – тәсілдер туралы ілім; көне грек. *μέθοδος μετά-* + *ὁδός*, – «бір нәрсенің артынан еретін жол», көне грек. *λόγος* – ой, себеп) – затты зерттеудің әдістері, тәсілдері және стратегиялары туралы ілім. (<https://ru.wikipedia.org/wiki/Методология>).

«Методология». I. Зат есім. 1. грек *metodos* – таным жолы, *logos* – ілім. Әдіснама. *Мүмкіншілікті шындықтан нақ өзіңіз жазып отырған «методологияда» ажырату керек* (В.И. Ленин, Шығармалары). *Сондықтан келесі Түркологтар конференциясына күн тәртібі етіп, теория, методология, түркі тіл білімінің методикасы мәселесін қойған мақұл болар* («Білім және еңбек»). *Ертедегі философиялық жүйелерде методологиялық негізі салынды* (Ғ. Мүсірепов, Суреткер). (ҚС, 926).

«Әдістеме». I. Зат есім. 1. термин. Бір нәрсені іс жүзіне асыруда қолданылатын әдіс, тәсілдердің жиынтығы. *Ғылыми зерттеудің әдістемесі*. 2. пед. Белгілі бір ғылымды оқытудың, білім жүйесін меңгерудің әдістері туралы ілім, педагогиканың бір саласы. **Әдістеме** дидактикаға ғана негізделіп қоймайды, ол психология, педагогика, филология және т.б. ғылымдардың жетістіктеріне сүйеніп, білім беру жүйесіндегі озат тәжірибелер мен мәселелерді жедел ғылыми талдаудан өткізіп отырады (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика.). (ҚС,

			<p>150).</p> <p>«Әдіснама» I. Зат есім.</p> <p>1. термин. <грек. methodos – әдіс, logos – ілім>.</p> <p>Ақиқат дүниені ғылыми тұрғыдан зерттеп тануда қолданылатын әдіс-тәсілдердің жүйесі. <i>Әдіснаманың негізіне белгілі бір білімдер (ұғымдар мен заңдар) жүйесі жатады</i> (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика.). <i>Ғылыми теория мен әдіснама өте тығыз байланысты</i> (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика.). (ҚС, 150).</p> <p>2. Әзербайжан: metodologiya</p> <p>3. Қырғыз: методология</p> <p>4. Өзбек: metodikasi</p> <p>5. Түрік: metodoloji</p> <p>6. Ағылшын: methodology</p> <p>7. Испан: metodología</p> <p>8. Неміс: Methodik</p> <p>9. Француз: méthodologie</p>
1337.	технический регламент	техникалық регламент	<p>1.«Техникалық регламент» – Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес әзірленетін және қолданылатын, өнімге және (немесе) олардың өмірлік циклі процестеріне қойылатын міндетті талаптар белгіленетін нормативтік құқықтық акт (http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000603_).</p> <p>«Техникалық» I. Сын есім.</p> <p>1. Техникаға тән, техникаға қатысты. – «Өледі» дегенді әлде бір ашумен айтты. – Облыстан бүкіл техникалық аппараттарымен дәрігер шақырттық, келісімен операция жасаймыз (Б.Нұр жекеев, Бір ғана махаббат).</p> <p><i>Шындықта, біздің конструкторлар үлкен талантты сонымен қабат техникалық ғылымдарды толық меңгерген адамдар</i> (Ғ.Мұстафин, Ой әуендері). (ҚС, 1247).</p> <p>«Регламент» I. Зат есім. 1. ресми. Мәжілісті жүргізудегі келісілген уақыт мөлшері, өлшемі, жүргізу тәртібі. <i>Белгіленген межелі регламент болмаса, Мұқаң, дауылды күні бұрқанған теңіздей болып, ертеңнен кешке дейін осы ырғақтан жаңылмай сөйлей беретін сияқтанды</i> (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақстаным). <i>Парламент Палаталарының төрағалары өздеріне Парламент регламенті жүктейтін басқа да</i></p>

			<p><i>міндеттерді атқарады (ҚР Конституциясы).</i></p> <p>2. Қандай да бір мемлекеттік орган мен оның құрылымдық бөлімшелері қызметінің ішкі тәртібін реттейтін ереже.</p> <p>3. Халықаралық конгрестердің актілері. (ҚС, 1085).</p> <p>2. Әзербайжан: <i>texniki tənzimləmə</i></p> <p>3. Қырғыз: <i>техникалық регламенттер</i></p> <p>4. Өзбек: <i>texnik tartibga solish</i></p> <p>5. Түрік: <i>teknik düzenleme</i></p> <p>6. Ағылшын: <i>technical regulation</i></p> <p>7. Испан: <i>reglamento técnico</i></p> <p>8. Неміс: <i>technische Vorschrift</i></p> <p>9. Француз: <i>règlement technique</i></p>
1338.	нетарифное регулирование	тарифтік емес реттеу	<p>1. Тарифтік емес реттеу шаралары – тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкелуге тыйым салулар мен шектеулер, квоталау, лицензиялау, тауарлардың қауіпсіздігі бойынша стандарттар мен талаптарға (соның ішінде техникалық, фармакологиялық, санитарлық, ветеринариялық, фитосанитарлық, радиациялық, экологиялық, стандарттарға) сәйкестігін растау және Қазақстан Республикасының заң актілерімен және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулыларымен белгіленетін өзге де талаптар (https://kk.wikipedia.org/wiki/Тарифтік емес реттеу шаралары).</p> <p>«Тарифтік» I. Сын есім.</p> <p>1. Тарифке байланысты, соған қатысты. <i>Жұмысшылардың еңбегіне ақы тарифтік система негізінде төленеді (Қысқаша саяси экономикалық сөздік). Колхоздарда ғылыми негізделген нормаларды қолдану арқылы еңбекақыны совхоз жұмысшыларының еңбекақы дәрежесіне жақындас тыру жолдарын көздеу қажет. Негізделген тұрақты тарифтік жүйе жасалғаны дұрыс (Ө.Шөденов, М.Есқалиев, Бүгінгі ауыл бейнесі). Ж. Кенжебаеваға толықтай тарифтік еңбекақысы төленді («Қазақстан мұғалімі»). Түйешіге еңбекақы совхоздарда тарифтік жүйенің төртінші разряды бойынша төленеді (И.Жұмағұлов, Озат түйешілердің бота өсіру тәжіри белері). (ҚС, 1221).</i></p> <p>«Емес» I. Етістік.</p> <p>1. «Е» көмекші етістігінің есімше тұлғалы болымсыз түрі. <i>Бөтенім емессің, ертең туысым болайын деп отырсың (Б.Ті</i></p>

			<p>легенов, Аққайнар). <i>Ерлік білекте емес, жүректе (Мақал). Көкейді тескен тірліктің білгенге мәні Көп емес пе еді? Көк мидың бір демде бәрі: «Өрісте малы, өкімі, билігі жоқтың Сүйегіндегі жүйріктік кімдерге дәрі? (Ж.Жұматаев, Ләйлә.). Бұл өмір бір күн шаттық, бір күн егес, Тірліктің барлық мәні күлкіде емес, Болсын мейлі көл жалғыз, терек жалғыз, Менің жалғыз болуым мүмкін емес (М.Шаханов, Ғасырларды безбегендеу). (ҚС, 410).</i></p> <p>«Реттеу» I. Етістік.</p> <p>1. «Реттеу» етістігінің қимыл атауы. <i>Экспонаттарды бір реттеуде музей қызметкерлері жаңылып, тас этикеткасын ауыстырып алған деп түсіндіріпті (Қаныш аға). Ертеңгісін дүкеніне келіп есеп-қисапқа кіріскен Айжан тыным-тыныштық таппай, шаң басқан ескі киім-кешектерді аударып отырып бір мігірі болмаған: түскі де, кешкі де тағам жайын Майра ойлап, бұл алдына қойған асты да құлықсыздау ішіп, тексерілген заттарды реттеумен жүрді (М.Сүндетов, Бесқонақ). Мұнда организмнің тамаша өзін-өзі реттеу қабілеті барлығы байқалады (Жалпы биология). (ҚС, 1089).</i></p> <p>2. Әзербайжан: qeyri-tarif tənzimlənməsi 3. Қырғыз: эмес төлөмдөрдү жөнгө салуу 4. Өзбек: tariflarni tartibga solish 5. Түрік: tarife dışı düzenleme 6. Ағылшын: non-tariff regulation 7. Испан: regulación no arancelaria 8. Неміс: nichttarifäre Regelung 9. Француз: réglementation non tarifaire</p>
1339.	денонсировани е договора	шарттың күшін жою	<p>1. «Денонсация», «денонсирование» (фр. <i>dénoncer</i> – «бұзу», «шартты бұзу», лат. <i>denuntiatio</i> – хабарлама) – бір Тараптың екінші Тарапқа шарттан шығуы немесе шартты орындаудан бас тартуы туралы жолдайтын дипломатиялық хабарламаны білдіреді. Сондай-ақ (франц.тілінен <i>denoncer</i> – <i>расторгать</i> – бұзу) шарттан шығу, оны орындаудан бас тарту деген мағынаны да білдіреді. Денонсация – жасасқан шарттан шығу тәсілі. Бұл шарттың толық күшін жоюды білдірмейді, себебі шарт көпжақты болуы мүмкін. Егер шартқа бірнеше қатысушы болса, бір тараптың шарттан шығуы басқа қатысушылар үшін шарттың күшін</p>

жоймайды. Бұл ретте бір немесе бірнеше тарап үшін «**шарттан шығу**» деген термин орынды сияқты. Бұл термин қалған қатысушылар үшін шарттың күші сақталатынын білдіреді. Ал «**шарттың күшін жою**» деген термин шартқа қатысушы болып қалатын басқа тараптар үшін де күшін жояды дегенді білдіреді. Егер, шарт екі жақты болса, бір тарап шарттан шықса, шарт өзінен өзі күшін жояды, сондықтан күшін жою деген термин бұл ретте де қолданылмауға тиіс.

«**Денонсация**», «**денонсирование**» *фр. dénoncer* – «бұзу», «шартты бұзу», *лат. denuntiatio* – *хабарлама*) – мемлекеттің жасалған халықаралық шарттан тиісті түрде рәсімделген бас тартуы. Халықаралық шарттық міндеттемелерді бұзудың басқа талаптарынан айрымашылығы – «денонсацияға» берілетін құқық шарттың өзінде көзледуге тиіс және белгіленген қатаң шарттық тәртіпте жүзеге асырылады (мысалы, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде дайындалып жатқан «денонсация» туралы міндетті түрде хабарлау көзделуі мүмкін). Бұл тәртіптің сақталмауы «денонсацияның» шынайылығын даулауға негіз болып табылады (<https://ru.wikipedia.org/wiki/Денонсация>).

«**Күшін жою**» – Қазақстан Республикасының өзі жасасқан халықаралық шарттан тиісінше ресімдеп бас тартуы және Қазақстан Республикасы халықаралық шартының қолданылуын тоқтату тәсілдерінің бірі (http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000054_).

«**Денонсация**». I. Зат есім. 1. [француз. *denociatio*]. с а я с и. Екі арадағы шарттың бұзылғандығы туралы бір мемлекеттің екінші мемлекетке хабарлауы. **Денонсация** *әлдебір мемлекеттің екіжақты не көптарапты келісімшартқа қатысудан бас тартуы, одан шығуға ерік білдіруі* (Қазақстан Ұлттық энциклопедия). *Құқыққа сыйымдылығы оның заң мәнінен туындайды, өйткені денонсация талаптары келісімшарт жасаушы тараптардың келісімімен айқындалып, жүзеге асырылуы тиіс* (Қазақстан Ұлттық энциклопедия). (ҚС, 364)

«**Күшін жойды**» I. Тұрақты тіркес. А) Заңсыз, жарамсыз деп танылды; Ә) Өз мәнінен айырылды (ҚС, 711).

2. Әзербайжан: *bir razılaşma denonsasiya*

			<p>3. Қырғыз: келишим жокко чыгаруу 4. Өзбек: bitimni bekor qilish 5. Түрік: bir sözleşmenin feshi 6. Ағылшын: denunciation of an agreement 7. Испан: denuncia de un acuerdo 8. Неміс: Kündigung einer Vereinbarung 9. Француз: dénonciation d'un accord</p>
1340.	прецедент	іс, оқиға (Заң терминдерінің сөздігі, 2008 ж. Алматы)	<p>«Прецедент» (фр. précédant, лат.praecedens – алдыңғы, бұрынғы) – бұдан бұрын орын алған және осы кездегі ұқсас әрекеттерге үлгі немесе негіз боларлықтай оқиға, жағдай, әрекет. Ұқсас жағдайлар туындаған кезде, үлгі ретінде қарастырылатын белгілі бір жағдайдағы тәлім-жосық.</p> <p>«Прецедент» – ақпараттық жүйе, кіші жүйе немесе класс сыртқы ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимыл жасай отырып, жүзеге асыратын әрекеттердің ілеспелік ерекшелігі (http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008470).</p> <p>«Сот прецеденті» – соған ұқсас істерді шешу кезінде не міндетті күші болмайтын заңды түсіндіруде үлгі қызметін атқаратын сол немесе төменгі сатыдағы соттар үшін міндетті болып табылатын нақты іс бойынша шешім.Соттың үлгі боларлықөнегесіоның міндеттілігін мойындайтын елдерде, құқық көзі болып табылады. Бұл терминді шет тілінен енген сөз ретіндесол қалпы прецедент деп қалдыру ұсынылады.</p> <p>«Прецедент» – кейінгі ұқсас жағдайларға үлгі болатын немесе олардың ақтауға себеп болатын жағдай (<i>Ожегов, 1363</i>).</p> <p>«Прецедент». I. Зат есім. 1. Ұқсас мән-жайлар кезінде үлгі ретінде қарастырылатын белгілі бір ахуалдағы мінез-құлық (Заңтану терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі). <i>Көпшілікке таныс, үлгі болған, ел аузындағы жағдай, оқиганың осы кездегі оқиғаға байланысты еске түсіру.</i> (ҚС, 1071).</p> <p>«Іс-әрекет» – әлемді және өз-өзін саналы түрде өзгертетін процесте адамның немесе топтың әлеммен жасайтын өзара әрекеті (https://kk.wikipedia.org/wiki/Іс-әрекет).</p> <p>«Іс». I. Зат есім. 1. Еңбек, жұмыс, қарекет, шаруа. <i>Бай көріп аң-таң қалды мұның күшін, Еш адам қылар емес қылған ісін.</i> «Өз қорама алайын, өзің келсең, Боласың ба қызметші менің кісім?» (Абай, <i>Толық жинақ</i>). <i>Іс бас</i></p>

қаруға сайланған кісілердің ретіне қарағанда, бұл іс өздеріне пайдалы, басқаларға өрнек болуы үміт етіл еді (М.Дулатов, Шығармалары).

2. Жасалған бұйым, тауар. Атаның харекетін ұстай алды, Өнері артық шығып, жан таң қалды. Алушылар көбейіп мұның ісін, Бұрынғыдан артылып мал құралды (Абай, Толық жинақ).

3. Оқиға, жағдай. Білгендердің сөзіне Махаббатпен ерсеңіз. Ақыл сенбей сенбеңіз, Бір іске кез келсеңіз (Абай, Толық жинақ). Хан айтты: «Саған бір іс қыламын – деп, Өзіңді-өзің өлімге ұнадың – деп. Қасындағы жендетке бұйрық қылды, Көп сөйлетпей басын ал мынаның» деп (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары).

4. Нәрсе, жұмыс. Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы қиын іс (Абай).

Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс, Оның қадірін жетесіз адам білмес. Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас, Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес (Абай, Толық жинақ).

5. Қылық, әрекет. Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ - өнерсіз иттің ісі (Абай, Толық жинақ). Осындай дүниенің ісін байқап, Достық пен жақындыққа талғап сенем (А.Байтұрсынов, Шығармалары).

6. Тігін жұмысы. Етіндей жас баланың білегі бар, Ажымсыз ақ саусағы іске ыңғайлы. Қолаң қара шашы бар жібек жалды, Торғындай толқын ұрып, көз таңдайды (Абай, Толық жинағы).

7. Қылмысты жұмыс, қылмысты адам туралы мәселе қаралатын жұмыс. Аупартком секретары Жамановтың Оразалиевтің ісін созғанына ренжігені және «шалағайлық жасады» деп айтқаны көңіліңе ауыр тиді (Е. Оразақов, Дәрігер парызы). Олар Аманкелдіні ақтайтын қағаздар әкеліп, Қостанайдың уездік сотынан істі қозғай бастады. Бірақ сот Аманкелдінің ісін кешіктіре берді (М.Жұмағұлов).

8. ауыс. Ойға алған шаруа, мақсат, ниет. Тауыса алмай сөздеріңнің бәрін теріп, Іс бітіп, уағдасын мықтап беріп, Ұрлығын қойып, тауық бақпақшы боп, Ауылға Түлкі келді мұжыққа еріп (А.Байтұрсынов, Шығармалары). Шырақтар, ең құмарың осы болсын, «Алла сүйсең, адамды сүй»

дегендей. Құмарың бір, **ісің** көп болсын, жаным, Кепке құмар, еріншек болма мендей (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). 9. ауыс. Үлгі, өнеге. Бұл өмірдің қызығы махаббатпен, Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен. Арттағыға сөзің мен **ісің** қалса, Өлсең де, өлмегенмен боласың тең (Абай). II. Сын есім. 1. жергілікті сөз. Үшкір, істік, сүйір. Сына бір баулардан **істей** ғып үйіп қойғанын қарашы. **Іс** темірмен бүйірінен сұғып алыпты (Қазақ тілінің аймақ. сөздігі). III. Етістік. 1. Қабынып, дүмпийіп кету, күп болу. *Мойылдың қабығын қайнатқан суды тер шығару үшін, ревматизмді және аяғы **ісетін** ауруды емдеу үшін қолданады* (К.Шамкенова, Жеміс, жидек, бүлдірген). Бұл оқтың тиген жері **ісіп**, іріңдеп кетіпті (М.Ғабдуллин, Сұрапыл жылдар). 2. ауыс. Өзінше көкірек керу. *Кербездерің керіліп, Басуға аяқ ерініп; Шешенің судай төгіліп, Тындаушың бордай егіліп, Өз-өзіңнен **іскенсің*** (Дулат Бабатайұлы, Замана сазы). (ҚС, 1465).

«**Оқиға**» I. Зат есім. 1. [арабша]. Болып өткен іс, маңызды елеулі құбылыс. **Оқиға** – қалыпты өмір ағымындағы өзгеріс, санаға сілкініс әкелетін жәйт; құбылыстың, әрекеттің өту барысы (Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы). *Дүниеде себепсіз неш іс істелген емес, не шбір **оқиға** туған емес* («Абай» журналы). *Былтыр Павлодар үйезінде бір қызық **оқиға** болды. Қарамола елі екі партияға бөлініп, өткен сайлауда жеңілген жағы ана жағының, бас адамдарының үстінен ұрлық қылады, жұртты бұзады деп арызды жаудыра береді* (М.Дулатов, Шығармалары). *Қазір дүниенің назарын аударған ірі-ірі **оқиғалар** барысы осы кітапта суреттелген қалып бойынша өріс алып келе жатқандай* («Егемен Қазақстан»).

*Желтоқсан **оқиғасын** бастан өткізбек тұрмақ, ол туралы естудің өзі жан түршіктіреді* («Түркістан»). (ҚС, 993).

2. Әзербайжан: əvvəlcədən
3. Қырғыз: прецедент
4. Өзбек: masal
5. Түрік: emsal
6. Ағылшын: precedent

			<p>7. Испан: el precedente 8. Неміс: Der Präzedenzfall 9. Француз: le précédent</p>
ХАНА сөздерімен берілген атаулар			
1341.	аптека	дәріхана	<p>1. «Аптека» (көне грек. ἀποθήκη – қойма, сақтайтын орын) – дәрі-дәрмек құралдарын дайындаумен, тоғанақтаумен және сатумен айналысатын денсаулық сақтау жүйесінің мамандандырылған ерекше ұйымы. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Аптека). «Аптека». 1. Дәрі, дәрі-дәрмек құралдары, санитария және гигиена заттары сатылатын (немесе дайындалатын және сатылатын) мекеме. 2. Алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмек жиыны, сондай-ақ осы жиын салынған шкаф, қорап. (Ожегов, 31). «Аптека» I. Зат есім. 1. [грек. apotheke] Дәріхана. <i>Дәрі жасалатын шикізаттардың қорын бір жерге сақтау керек болды. Мұндай жерді аптека деп атады. «Аптека» – грек сөзі, ол «қойма» деген мағынада</i> (С.Сұбханбердин, Дәрі – дертке дауа, жанға шипа). <i>Домалақ, ұнтақ, сұйық дәрі дегендер Әділдің үйде тартпасынан, кеңседе қалтасынан үзілмейді. Үйдегі столының үсті кішігірім бір аптека секілді.</i> (Ғ.Орманов, Жүрек). <i>Қуанышы жүрегіне сыймай, Көкі жатағын а аяңдап жаяу қайтқан-ды: Медпунктті уақытша аптека меңгерушісі Аннаға тапсырмақ. Бұйрық солай.</i> (З.Шашкин, Өмір тынысы). (ҚС, 93). «Дәріхана» I. Зат есім. 1. [иран.]. Халықты дәрі-дәрмекпен, санитарлық гигиеналық заттармен, таңғыш материалдармен, зарарсыздандырығыш заттармен т.б. сауда жасайтын денсаулық сақтау мекемесі. <i>Қазақстанда тұңғыш дәріхана 1842 жылы Орал қаласында ашылды (ҚҰЭ). Ақшасыз оқу істерін жүргізу, ақшасыз аурухана, дәріханалар істерін жүргізу... жәрдем, көмек беру мүмкін емес</i> (С. Сейфуллин). <i>Ол бұрын тұмау сүзекпен жиі ауырады екен. Бірақ дәрігерге көрінбей, тек дәріханадан бас ауру, жөтел дәрілерін алып ішіп жүре берінті</i> (Е. Оразақов, Туберкулез). (ҚС, 358). 2. Әзербайжан: əsçaçılıq 3. Қырғыз: фармацевция 4. Өзбек: eczane</p>

			<p>5. Түрік: eczane 6. Ағылшын: pharmacy 7. Испан: farmacia 8. Неміс: Apotheke 9. Француз: pharmacie</p>
1342.	баня	монша	<p>1. «Баня» (правслав. *ban'a < вульг. лат. *bāneum < класс. лат. balneum/balineum < көне грек. βᾱλνείον) – су мен ыстық ауаның немесе су мен будың (орыс және финн моншасында) бір мезгілдегі әрекеті арқылы адам жуыну үшін жабдықталған үй-жай (https://ru.wikipedia.org/wiki/Баня).</p> <p>«Баня». 1. Жуынатын және буға түсетін арнаулы үй-жай немесе мекеме. 2. Адамдардың жуынуы (сөйлеу) (<i>Ожегов, 51</i>).</p> <p>«Монша» I. Зат есім. 1. Буға шабынып, жуынып-шайынуға арнап салынған үй. <i>Моншаға зияраттың тасын алып, Ағашын отқа, мұжық, жағасың да. Та ба алмай бір барғанда еш белгісін, Көзден жас келдей болып ағасың да</i> (М.Дулатов). <i>Ол шағын екі бөлмеден тұратын монша салдырды</i> (Ж.Дүйсекеев). <i>Екеуі қосылып өзбектің «хамам» атты қыш моншасына шомылып қайтты</i> (Д.Досжанов). <i>Неге өзімді қинаймын деп соншама (Осындайда маған жолдас болшы, аға!) Кенеп қолғап және қайың сыпыртқы ап, Кей күндері кетіп қалам моншаға</i> (Қ. Мырзалиев).</p> <p>«Монша» сөзі орыс тілінің «мыться» деген сөзінен ауысып, татар тіліне «мунча» (Радлов. Опыт. сл. I-IV.) болып енген. Қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сай «мунча» сөзі «монша» болып өзгерген. У дыбысы о-ға, ч дыбысы ш-ға ауысқан. Сөйтіп, «монша» қазақ тіліне көршілес татар тілі арқылы орыс тілінен ауысқан сөз. (<i>ҚС, 940</i>).</p> <p>2. Әзербайжан: hamam 3. Қырғыз: ванна 4. Өзбек: hammom 5. Түрік: banyo 6. Ағылшын: bathhouse 7. Испан: casa de baños 8. Неміс: Badhaus 9. Француз: maison de bain</p>
1343.	туалет	әжетхана, дәретхана	<p>1.«Туалет» (фр. <i>toilette</i>) – табиғи қажеттіліктерді өтеуге арналған үй-жай; киім; сыртқы келбетті ретке келтіру; алдында тұрып киінетін, таранатын, айнасы бар шағын үстел; медицинада: «күтім», «тазалық», «санация»</p>

			<p>(https://ru.wikipedia.org/wiki/Туалет).</p> <p>«Туалет». 1. Киім-кешек заттары, гардероб. 2. Киіну, сыртқы келбетті ретке келтіру. 3. Алдында тұрып киінетін, таранатын, айнасы бар шағын үстел. 4. Дәретхана, әжетхана. (Ожегов, 1908).</p> <p>«Туалет» I. Зат есім. 1. [француз toilette]. сөйлеу. Дәретхана. <i>Туалет жаққа барып қайтқан боп сәл жүріп, енді орнына кеп отыра бергенде бөлмеге Айнаш кіріп келді</i> (А.Байтанаев). (ҚС, 1281).</p> <p>«Дәретхана» I. Зат есім. 1. [араб.] Дәретке отыратын жер. <i>Мейманхана дегені: қорасы, үйінің іші-сырты тап-таза, кеңдеу төрт бөлмесі бар, ас пісіретін бөлмесі бар, қорада дәретханасы бар үй екен</i> (С.Мұқанов, Есею жылдары). <i>Тұрғын барақтардың бәрі кірден, қоқыр-қоңсықтан тазартылып, әктелінді. Дәретханаларға хлорка құйылды</i> (М. Қаратаев, Дал адағы дабыл). <i>Мына жұпары бұрқыраған құрма бағының ішінен дәретхана қаза алмаспыз</i> (М.Сқақбаев). (ҚС, 357).</p> <p>«Әжетхана» I. Зат есім. 1. [араб.+иран. خانه – ءةاح]. сөйлеу. Дәретхана. <i>Шыбын ауру қоздырғыш микробтарды өзіне көбінесе әжет ханадағы нәжісті аралау арқылы жұқтырады</i> (Ж.Сұлтанов). <i>Станцияда әжетхана жоқ</i> (С.Төлешев). (ҚС, 150).</p> <p>2. Әзербайжан: tualet 3. Қырғыз: WC 4. Өзбек:dush 5. Түрік: WC 6. АҒЫЛШЫН: toilet, bathroom, lavatory, restroom, toilette, loo 7. Испан: inodoro 8. Неміс: Toilette 9. Француз: toilette</p>
1344.	столовая	асхана	<p>1. «Столóвая» – қоғамдық тамақтану кәсіпорнының бір түрі, аспаздық өнім өндіруші және сатушы, жалпыға қолжетімді немесе белгілі бір адамдар тобына арналған тамақтану кәсіпорны (https://ru.wikipedia.org/wiki/Столóвая).</p> <p>«Столóвая». 1. Пәтерде, үйде үстел қойылған, тамақ ішіп-жеуге арналған бөлме. 2. Осындай бөлмеген арналған жиһаз жиыны (Ожегов, 1800).</p> <p>«Асхана» I. Зат есім.</p> <p>1. [иран. آشخانه] Көпшілік тамақтанатын орын. <i>Сақал алып,</i></p>

			<p><i>Шаи тарап, Сылап бетті креммен, Адамдардай аш қарақ Асханаға кірем мен</i> (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). <i>Студенттердің шағын асханасы. Стол басында үйлену тойына жиналған адамдар</i> (М.Шаханов, Ғасырларды безбендеу). <i>Асханада тамақ ішіп отырып та, оның есінен бүгін орыс тілінен сабақты білмей қалғаны кетпеді</i> (М.Иманжанов, Адам туралы аңыз). (ҚС, 114).</p> <p>2. Әзербайжан: kantin 3. Қырғыз: ашкана 4. Өзбек: oshxonada 5. Түрік: yemek odası 6. Ағылшын: canteen 7. Испан: cantina 8. Неміс: Kantine 9. Француз: cantine</p>
1345.	больница	аурухана	<p>1. «Больница» – науқастарды емдеуге және/немесе стационарлық жағдайларда ауруға мамандандырылған сараланымды диагностика қоюға бағытталған азаматтық стационарлық медициналық мекеменің бір түрі. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Больница).</p> <p>«Больница». Стационарлық емдеуге арналған медициналық мекеме (Ожегов, 98).</p> <p>«Аурухана» I. Зат есім.</p> <p>1. Науқас адамдар жатып емделетін мекеме. <i>Мұның алдында халықтың сәлеметтігі жайынан ел ішіндегі ауру-сырқаудың, өлім-жітімнің көптігін, хүкіметтің бұл туралы жеткілікті жәрдем бермей, ауруханалар ашпай, доктор, фельдшерлер жібермей тұрғанын жазып едік</i> (М.Дулатов, Шығармалары).</p> <p><i>Бір ауданды басқарып отырған адамның соңғы бір жыл ішінде алты ай өмірін ауруханада өткізуі, әрине, оңай емес</i> (З.Шүкіров, Қиын түйін). <i>Әскери қызметкерді емдейтін аурухананы госпиталь, ал жоғары медициналық оқу орнының базасы болатын аурухананы клиника деп атайды</i> (Қазақстан Ұлттық энциклопедия).</p> <p><i>Жомарт ойы қона қалған бойына, Қауымына сәулесін шашып келген, Перзентінің тағдыр қосу тойына ауруханада жатқан жерінен қашып келген Медет қартқа берілмек ендігі сөз</i> (М.Шаханов, Ғасырларды безбендеу). (ҚС, 129).</p>

			<p>2. Өзөрдбайжан: хәстәхана</p> <p>3. Қыргыз: оорукана</p> <p>4. Өзбек: shifoxona</p> <p>5. Түрік: hastane</p> <p>6. Ағылшын: hospital</p> <p>7. Испан: hospital</p> <p>8. Неміс: Krankenhaus</p> <p>9. Француз: hôpital</p>
1346.	типография	баспахана	<p>1. «Типография» (көне грек. τύπος – «бедер» және γραφή – «жазу») – басып шығару алдындағы дайындық (баспа нысанын, клише, мөртабандар даярлау), тасымалдаушыға (қағаз, пластик, металл) бейне салу, таралымын басу, сондай-ақ баспа өнімдерін басудан кейінгі өңдеу (брошюралау, ламинациялау, желімдеу және т.б.) жұмыстары жүзеге асырылатын полиграфиялық өндірістік кәсіпорын. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Типография).</p> <p>«Типография».Кітап, журнал, газет және басқа да баспа өнімдерін дайындаушы полиграфиялық кәсіпорын (Ожегов, 1826).</p> <p>«Типография» I. Зат есім. 1. [грек typos – таңба, grapho – жазамын] зат есім. Өртүрлі кітап, журнал, газет т.б. заттарды басып шығатын орын; баспахана.</p> <p><i>Кеше типографиядан кісілер келіп: «Бодаш ауырып қалған жоқ па?» – деп сұрап кетті</i> (М.Дүйсенов, Ант). <i>Карта-геодезия жұмыстарының орындалу нәтижесінде Қазақстанның барлық жеріндегі жұмыстардың 90 проценті дерлік 100 мыңдық, 200 мыңдық масштабта типография карталарымен толық қамтамасыз етілді</i> (Қ.Сәтбаев, Қазақстан – менің отаным). (ҚС, 1248).</p> <p>«Баспахана»I. Зат есім.1. <грек. typos- таңба, із, grapho-жазамын>. Кітап, газет, журналдарды басып шығаратын өндіріс орны.</p> <p><i>Баспахана және шықты кітап басатұғын, Халыққа һүнер, мағариф шашатұғын</i> (М.Дулатов, Шығармалары).</p> <p><i>Қазақша баспахана орнатып, газет шығармақшы болдық</i> (С.Сейфуллин). <i>М.Сералин Қазанға барып қаз ақша әріптер алып келді. Қостанайда баспахана ұйымдастырылды</i> (Б.Кенжебаев, Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары). (ҚС, 201).</p> <p>2. Өзөрдбайжан: мәтбәә еві</p> <p>3. Қыргыз: басма үйү</p>

			<p>4. Өзбек: matbaa uyi</p> <p>5. Түрік: matbaa</p> <p>6. Ағылшын: printing house</p> <p>7. Испан: imprenta</p> <p>8. Неміс: Druckerei</p> <p>9. Француз: imprimerie</p>
1347.	ресторан	мейрамхана	<p>1. «Ресторан» (лат. <i>Restauro</i> – қалпына келтіру, нығайту) – тапсырысты және фирмалық тағамдарды қоса алғанда, дайындалуы күрделі тағамдардың мол түрін дайындайтын қоғамдық тамақтану кәсіпорны(https://ru.wikipedia.org/wiki/Ресторан).</p> <p>«Ресторан». Әдетте музыкалық эстрадасы бар, қымбат тапсырысты тағамдар мен сусындар сататын, жақсы сәндендірілген, түрге дейін немесе түнде де ашық болатын тамақтану орны. (<i>Ожегов, 1580</i>).</p> <p>«Ресторан» I. Зат есім. 1. Мейрамхана (тамақ, ішімдік ішетін, билеп демалатын асхана тектес қоғамдық орын мейрамхана).</p> <p><i>Бұл той үшін Балташ Н. қаласындағы ресторанның әдейі ас дайындайтын кісілер шақырды (І.Есенберлин, Айқас). Мысалы, өзіңіз ойлаңыз, шетелден келген әнші әлбетте, жәй әншейін қонақ үйге тоқтамайды, жәй ресторанның ауқаттанбайды («Қазақ әдебиеті»). Тіпті, оны был ай қойғанда, ресторанда пісірілген балық сорпасының да кешкі тұман үйірілген өзен жағасында мосыға асып, күйелі шелекке пісірілген иісі мұрын жаратын басқа балық сорпасынан да аяландай айырмасы жоқ (Қазақтар хақында). (ҚС, 1089).</i></p> <p>«Мейрамхана» I. Зат есім. 1. Тағам, ішімдік сататын, билеп, демалатын, асхана тектес қоғамдық орын, ресторан. <i>Соңғы жылдары Алматы қаласында мейрамханалар саны бірнеше есе өсті («Жас Алаш»). (ҚС, 916).</i></p> <p>2. Әзербайжан: restoran</p> <p>3. Қырғыз: ресторан</p> <p>4. Өзбек: restoran</p> <p>5. Түрік: restoran</p> <p>6. Ағылшын: a restaurant</p> <p>7. Испан: Restaurante</p> <p>8. Неміс: Restaurant</p> <p>9. Француз: restaurant</p>
1348.	аудитория	дәрісхана	<p>1. «Аудитория» (лат. <i>auditorium</i> – «тыңдауға арналған орын») – оқу орнында немесе басқа да</p>

			<p>қоғамдық ғимаратта жұртшылық алдында ауызша сөз сөйлеуге арналған үй-жай (https://ru.wikipedia.org/wiki/Аудитория).</p> <p>«Аудитория». 1. Дәріс оқуға арналған үй-жай. 2. Дәрісті, баяндаманы тыңдаушылар (<i>Ожегов, 41</i>).</p> <p>«Аудитория» I. Зат есім.</p> <p>1. [латын. auditorium] п е д а г о г и к а л ы қ. Дәрісхан а.</p> <p><i>Кейде университеттің тыныштық билеген еңселі аудиториясында отырған тәрізденеді</i> (С.Шаймерденов, Болашаққа жол). <i>Оқытушы шығып кеткеннен кейін екеу-екеуден қатар отырған қыздар бір-бірімен күбірлесе күлісті де, тегіс кеуделерін қозғап, жүздерін аудиторияның ең артында отырған маған қарай бұрды</i> (Ә.Нұршайықов, Махаббат жырлары). (<i>ҚС, 127</i>).</p> <p>«Дәріс». 1. [араб.] к ө н е р г е н с ө з. Жоғары және арнаулы оқу орындарындағы оқытушының тақырыпты түсіндіруі, лекция, сабақ жүргізудің негізгі әдістерінің бірі. Дәріс арнаулы кәсіптік оқу орындарында, жалпы білім беретін орта мектептердің жоғары сыныптарында, саяси-ағарту жүйелерінде қолданылады (<i>Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика</i>). <i>Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсына оқылған дәрістерден түзілген еді, бұл күнге шейін басылып шығып жарық көре алмады</i> (М.Жұмабаев, Шығармалары). (<i>ҚС, 116</i>).</p> <p>2. Әзербайжан: auditoriya 3. Қырғыз: угуучулар 4. Өзбек: auditoriya 5. Түрік: seyirci 6. Ағылшын: lecture hall 7. Испан: auditorio 8. Неміс: auditorium 9. Француз: auditorium</p>
1349.	общежитие	жатақхана	<p>1. «Общеж́итие» (сөйлеу. «Общага») – басқа жақтан келген студенттердің оқу кезінде уақытша тұруына арналған орын, маусымдық жұмысшылар үшін – жұмыс уақытында немесе мекеме жұмыскерлерінің тұрғылықты жеріне айналған орын (https://ru.wikipedia.org/wiki/Общежитие).</p> <p>«Общежитие». 1. Кәсіпорынның жұмысшыларына, оқу орнының білім алушыларына берілетін, жабдықталған тұрғын үй-жай. 2. Қоғамдық тұрмыс. (<i>Ожегов, 1014</i>).</p>

			<p>«Жатақхана» I. Зат есім. 1. Бір мекемеде жұмыс істейтін немесе бір оқу орнында оқитын адамдардың бірге тұратын тұрақ жайы. <i>Кешкі тамақтан кейін жатақханада бір бөлмеде тұратын төрт жігіт сабағымызды әзірлеп отыр едік, Бейімбет кіріп келді (Ғ.Мүсірепов, Кездеспей кеткен бір бейне). Осы бригадалар комбинаттың жұмысшылары үшін жатақхана салған (Е.Байзақов, Еңбек эстетикасы). Кешке жатақхананың суық бөлмесінде жалғыз қалған мен көзіме күлімдеп тұрған сені елестеттім (Ә.Нұршайықов, Махаббат қызық мол жылдар).</i></p> <p>«Нан» дүкенінің ғимараты (жатақхананың төменгі қабатында орналасқан) («Егемен Қазақстан»). (ҚС, 485).</p> <p>2. Әзербайжан: hostel 3. Қырғыз: жатакана 4. Өзбек: hostel 5. Түрік: pansiyon 6. Ағылшын: dormitory 7. Испан: hostal 8. Неміс: hostel 9. Француз: auberge</p>
1350.	лаборатория	зертхана	<p>1. «Лаборатория» (орта. лат. <i>laboratorium, laboro</i> – «жұмыс істеймін») – арнаулы тәжірибелер мен химиялық, физикалық, техникалық, механикалық, физиологиялық, психологиялық және т.б. зерттеулерге бейімделген, жабдықталған үй-жай; әдетте жоғары оқу орындарында, зауыттарда, дәріханаларда және т.б. болады. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Лаборатория).</p> <p>«Лаборатория». 1. Ғылыми және техникалық тәжірибелер, эксперименттік зерттеулер, талдаулар жүргізілетін мекеме, бөлім. 2. ауыс. Шығармашылық қызметтің ішкі жағы. (Ожегов, 721).</p> <p>«Лаборатория» I. Зат есім. 1. [латын. <i>laboratorium</i>]. Зертхана (арнаулы жабдықтары бар, техникалық және ғылыми-зерттеу тәжірибелерін жүргізетін орын). <i>Тұқымның өнгіштік проценті тұқым сапасын бақыл ау лабораториясында анықталады (А.Ажкеев, Қант қызылшасы). Туберкулез ауруының диагнозын қою үшін үлкен тәжірибе, лабораториялар мен рентгендер керек (Ш.Көшербаев, Туберкулез). (ҚС, 877).</i></p>

			<p>«Зертхана» I. Зат есім. 1. <көне латын. laboratorium>. Техникалық және ғылыми зерттеу тәжірибелерін жасайтын арнайы жабдықталған орын. <i>Бауырды ағза «зертханасы» деп те атайды</i> (Тәнтану). (ҚС, 561).</p> <p>2. Әзербайжан: laboratoriya 3. Қырғыз: лаборатория 4. Өзбек: laboratoriya 5. Түрік: laboratuvar 6. Ағылшын: laboratory 7. Испан: laboratorio 8. Неміс: Laboratorium 9. Француз: laboratoire</p>
1351.	библиотека	кітапхана	<p>1. «Библиотека» (грек. Βιβλίον – кітап + θήκη – қойма, жәшік) – қоғамдық пайдалану үшін баспа және жазба шығармаларын жинаушы және сақтаушы, сондай-ақ ақпараттық-библиографиялық жұмысты жүзеге асырушы мекеме. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Библиотека).</p> <p>«Библиотека». 1. Қоғамдық пайдалану үшін баспа және жазба шығармаларын жинаушы және сақтаушы, сондай-ақ ақпараттық-библиографиялық жұмысты жүзеге асырушы мекеме. 2. Кітаптардың, баспа шығармаларының жиыны, сондай-ақ олар сақталатын үй-жай. 3. Тақырыбы немесе арналымы, жанры бойынша біріккен кітаптар топтамасының атауы. (Ожегов, 79).</p> <p>«Кітапхана» I. Зат есім. 1. [араб. + иран.]. Баспа өнімдерін пайдалану ісін ұйымдастырып, оқырмандарға мәдени-ағарту және ғылыми бағытта көмек көрсететін мекеме.</p> <p><i>Кітапхана тарихы 4-5 ғасырларда Қаңлы патшалығы сарайындағы кітапханалардан, 11-12 ғасырлардағы Отырар кітапханасынан басталды</i> (Қазақстан Ұлттық энциклопедия). <i>Қазақстанның кітапханаларынан көптеген әдебиеттің шығармаларын табуға болады</i> (Ғ.Мүсірепов). <i>Ресей Мемлекеттік кітапханасында Қазақстанның раритеттері болып табылатын, сонау XII ғасырдан бергі тарихты, мәдениетті, өнерді қамтитын кітаптар көрсетілді</i> («Егемен Қазақстан»).</p> <p>2. Жеке адамның үйіндегі кітаптар жинағы. <i>Профессор Есімбекке иін тірескен екі бөлмедегі бай кітапханасынын қалаған кітабын оқуға беретін</i> (Е.Оразақов, Дәрігер). <i>Марқұмның кітапханасы</i></p>

			<p>жайлы сұрадым. Көршісі білетін боп шықты (М.М ағауин, Бір ата). 1903 жылы Петропавл, Көкшетау, Павлодар және Семей уәздерінде белгілі- белгілі қазақтардың үйінде тінту жүргізілді. Соның барысында алынған</p> <p>кітапханалар әлі күнге дейін иелеріне қайтарылмай отыр («Ана тілі»).3. и н ф о р м а т и к а л ы қ. <ағылшын. library> Атаулары бойынша тікелей қатынас құруға сәйкестендірілген тараулар мен бөлімдерден тұратын мәліметтер жинағы. Кітапханаға және оның бөлімдеріне қатынас құру тікелей, ал бөлімдерден мәліметтерді таңдау тізбектік түрде іске асырылады (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Информатика және компьютерлік техника).(ҚС, 718).</p> <p>2. Әзербайжан: kitabxana 3. Қырғыз: китепкана 4. Өзбек: kutubxona 5. Түрік: kütüphane 6. Ағылшын: library 7. Испан: la biblioteca 8. Неміс: Die Bibliothek 9. Француз: la bibliothèque</p>
1352.	казино	ойынхана	<p>1. «Казинó» – Карта ойындарына және сүйекпен ойнайтын ойындарға арналған рулеткаларды, ойын үстелдерін, ойын автоматтарын, сондай-ақ басқа да ойын жабдықтарын қолдану арқылы ақшалай немесе басқа да мүліктік ұтыс жарияланатын құмар ойындар ойналатын орын. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Казино).</p> <p>«Казино». Ойын үйі (Ожегов, 585).</p> <p>«Казино». I. Зат есім. 1. [француз. casino]. Ойынхана (түрлі көңілдендіруші мақсаттағы қызметтері бар әмбебап ойынханалық орын). (ҚС, 317).</p> <p>2. Әзербайжан: casino 3. Қырғыз: казино 4. Өзбек: kazino 5. Түрік: kumarhane 6. Ағылшын: casino 7. Испан: casino 8. Неміс: casino 9. Француз: casino</p>
1353.	поликлиника	емхана	<p>1. «Поликліника» (көне грек. πόλι – «көп» және көне грек. κλινική – емдеу, айықтыру) – науқастарға қабылдау кезінде және үйде амбулаториялық медициналық көмек көрсетуге арналған көпсалалы</p>

			<p>немесе мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемесі. https://ru.wikipedia.org/wiki/Поликлиника). «Поликлиника». Науқастар келгенде немесе оларға үйіне барып көмек көрсетуге арналған түрлі мамандықтардағы дәрігерлері бар емдеу мекемесі (<i>Ожегов, 1283</i>). «Поликлиника». I. Зат есім. 1. [грек. poliklinik, polis – қала, klinike – ем] с ө й л е у. Емхана (науқас адамдар келіп-кетіп емделетін медициналық мекеме). <i>Әдетте мектеп және участкалық поликлиникалар оқушыларды арнаулы қабылдау комиссияларына жібереді (Семья тәрбиесі). (ҚС, 863).</i> «Емхана» I. Зат есім. 1. м е д и ц и н а л ы қ. Аурулар барып-келіп емделетін аурудың алдын алу шараларын жүргізетін мекеме. <i>Емхананың негізгі міндеттері: өзіне бекітілген тұрғындарына денсаулығын қадағалау, белгілі жоспар бойынша түрлі ауруларға қарсы егу, ауыр операция жасатқан және түрлі жұқпалы аурулармен ауырған адамдарды диспансерлік есепке алу (Қазақстан Ұлттық энциклопедия). Жаңылды емханаға тіркегіп, қай дәрігерге көрінетін қағазын бердім де, өзім Оралдың хал-жағдайын білуге ауруханаға келдім (М.Дүзенов, Ақәже). Жеті ауылдық отбасылық емханаларға, оның ішінде Қожбақы ауылдық емханасына жедел жәрдем автокөліктері берілді («Жас Алаш»). Ауруханаларды, емханаларды дәрігерлермен қамтамасыз ету және ауыл-селолық жерлерде жұмыс істейтін дәрігерлерге жағдай жасау жөнінде де бірсыпыра шаралар белгіленуде («Социалистік Қазақстан»). (ҚС, 168).</i> 2. Өзбайжан: poliklinika 3. Қырғыз: оорукана 4. Өзбек: poliklinika 5. Түрік: klinik 6. Ағылшын: polyclinic 7. Испан: policlínico 8. Неміс: Polyclinisch 9. Француз: polyclinique</p>
1354.	пекарня	наубайхана	<p>1. «Пекáрня» – Нан-бөлке және кондитерлік өнімдерді пісірумен және сатумен айналысатын шағын механикаландырылмаған кәсіпорын. https://ru.wikipedia.org/wiki/Пекарня). «Пекарня». Нан өнімдерін пісіру кәсіпорны.</p>

			<p>(Ожегов, 1150).</p> <p>«Наубайхана» I. Зат есім.</p> <p>1. Нан пісіретін орын. <i>Ұн дүкенге түседі, нан наубай ханада піседі</i> (Қ.Ысқақов, Тұйық). Наубайхана қақпасынан жан-жағына жаңа піскен нан иісін таратып машина өтті («Лениншіл жас»). (ҚС, 346).</p> <p>2. Әзербайжан: çögək</p> <p>3. Қырғыз: наабаткана</p> <p>4. Өзбек: o'choq</p> <p>5. Түрік: fırıncılık</p> <p>6. Ағылшын: bakery</p> <p>7. Испан: panadería</p> <p>8. Неміс: bäckerei</p> <p>9. Француз: boulangerie</p>
--	--	--	---

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тарапынан ұсынылған терминдер

1355.	амбициозный	өршіл, асқақ	<p>«Амбиция» – лат. ambitio – өзін-өзі аса сүюшілік. Белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу арқылы өзінің артықшылығын дәлелдеуге ұмтылудан көрінетін сананың бұзылуы.</p> <p>Өршілдік. зат. Қайсарлық, бірбеттік, табандылық (ҚС, 1038).</p> <p>Өршіл сын. Қайсар, қайтпас.</p> <p>Асқақ I. сын. 1. Биік, заңғар, зәулім; асқар. 2. ауыс. Өркөкірек, менмен, тәкаппар. 3. ауыс. поэт. Шарықтаған, шалқыған, шабытты. 4. ауыс. Жоғары, ұлы, өр, паң. 5. ауыс. Бейнелі, көркем, әдемі. 6. ауыс. Әдемі, сұлу.</p> <p>2. Әзербайжан: iddialı</p> <p>3. Қырғыз: мансапкор</p> <p>4. Өзбек: shuhratparast</p> <p>5. Түрік: hırslı</p> <p>6. Ағылшын: ambitious</p> <p>7. Испан: ambicioso</p> <p>8. Неміс: Ehrgeizig</p> <p>9. Француз: ambitieux</p>
1356.	боевик	содыр	<p>Содыр I. зат. 1. жаңа сөз. Экстремизмді қолдаушы. II. сын. 1. Сотқар, тентек, бұзақы, бейбас адам.</p> <p>«Боевик» – заңсыз қарулы ұйымдарға (ұйымдасқан қылмыстық топ, террорлық ұйым және т.б.) қатысушы.</p> <p>2. Әзербайжан: thriller</p> <p>3. Қырғыз: триллер</p> <p>4. Өзбек: triller</p> <p>5. Түрік: gerilim</p> <p>6. Ағылшын: thriller – триллер, соғыс туралы кино,</p>

			<p>қорқынышты кино 7. Испан:novela de suspense 8. Неміс:Thriller 9. Француз: thriller</p>
1357.	взвешенный	байыпты (саясат, көзқарас)	<p>Байыпты I. сын. 1. Сабырлы, салмақты, орнықты (адамға қатысты). 2. Тұрақты, әбден қалыптасқан. 3. ауыс. Сәтті, жақсы. Салмақты I. сын. 1. Ауыр, салмағы көп. 2. ауыс. Байсалды, байыпты, орнықты (мінез). 3. ауыс. Нақты анық, асықпай орнықты айтылған (сөз). 4. ауыс. Астарлы, зілді (сөз). 5. ауыс. Қиындықты, ауыртпалықты, қайғылы, дертті. «Взвешенный» – 1. Жоғары көтеріліп тұрған қалып (ауыс. толық белгісіздік жағдайында). 2. Жақсылап ойластырылған, салмақты шешім. 2. Әзербайжан: ағирліqlі 3. Қырғыз: салмактанып алынған 4. Өзбек: talabaları 5. Түрік: ағирліklі 6. Ағылшын: suspended – аспалы, шартты, ілінген, тоқтатылған, өлшенген, ілініп тұрған 7. Испан: ponderado 8. Неміс: Gewichtete – піскен, толған, ойластырылған, салмақтанған, негізді 9. Француз:pondéré</p>
1358.	воинствующий экстремизм	өштес экстремизм	<p>Экстремизм I. зат. 1. [лат. extremus – өте-мөте, аса]. Шектен асатын, біржақты көзқарастар мен шараларға берілгендік. «Воинствующий» – бітіспес, ымырасыз, агрессиялы, бір нәрсемен белсенді түрде күресуші. Өштес I. ет. 1. Қастасу, араздасу, жауласу, бір-бірімен дұшпан болу. Бітіспес I. сын.1. Ешбір мәмілеге, ымыраға келмейтін. 2. Әзербайжан: zorakı ekstremizm 3. Қырғыз: айыгышқан экстремизм 4. Өзбек: zo'ravon ekstremizm 5. Түрік: şiddetli aşırıclık 6. Ағылшын: militant extremism 7. Испан:extremismo violento 8. Неміс:gewalttätiger Extremismus 9. Француз: l'extrémisme violent</p>
1359.	насильственный экстремизм	зорлық- зомбылық экстремизмі	<p>Экстремизм I. зат. 1. [лат. extremus – өте-мөте, аса]. Шектен асатын, біржақты көзқарастар мен шараларға берілгендік. Зорлық-зомбылық зат.1. Қиянат-қылмыс, зәбір-жапа.</p>

			<p>«Насильственный» – зорлық-зомбылық, күштеу арқылы іске асырылатын; ерік-жігерге қарсы жүргізілетін.</p> <p>Зорлықшыл I. сын. 1. Қиянатшыл, әділетсіз, зорлық көрсеткіш.</p> <p>2. Әзербайжан: zorakı ekstremizm</p> <p>3. Қырғыз: айыгышкан экстремизм</p> <p>4. Өзбек: zo'ravon ekstremizm</p> <p>5. Түрік: şiddetli aşırıcılık</p> <p>6. Ағылшын: violent extremism</p> <p>7. Испан: extremismo violento</p> <p>8. Неміс: gewalttätiger Extremismus</p> <p>9. Француз: l'extrémisme violent</p>
1360.	гармонизация	үндестіру	<p>Үндестіру I. ет. 1. Сәйкестендіру, үйлестіру.</p> <p>«Гармонизация» – 1. Үйлесім жағдайына әкелу. 2. Аккордты немесе хордың даусын қандай да бір әуенге үйлестіру.</p> <p>2. Әзербайжан: uyğunlaşma</p> <p>3. Қырғыз: шайкеш келтирүү</p> <p>4. Өзбек: sergak</p> <p>5. Түрік: uyumlaştırma</p> <p>6. Ағылшын: harmonization – үйлестіру, үйлестірім</p> <p>7. Испан: armonización</p> <p>8. Неміс: Harmonisierung</p> <p>9. Француз: harmonisation</p>
1361.	горячая линия	қауырт желі	<p>«Горячая линия» – оқиға орынан ең соны жаңалықтарды немесе мәліметтерді алғашқы дереккөзден таратуға арналған тікелей байланыс (мысалы, телефон желісі).</p> <p>Қауырт I. үстеу. 1. Жаппай. 2. Асығыс, тез арада.</p> <p>Шұғыл I. үстеу. 1. р е с м и. Тез, тығыз, жедел. 2. Дереу, бірден. 3. Кенет, кілт, аяқ астынан (жылдам, шапшаң, шалт, дереу, лезде, сәтте, заматта, демде, жедел, зәуметте, іле, әудемде, әндемде, әп-сәтте, қас-қағымда, тез).</p> <p>Қарбалас I. ет.1. Жанталасу, жанұшыру; асығыс-үсігіс қимылдау. II. үстеу.1. Тығыз-таяң, асығыс, қауырт.2. Асығыс-үсігіс қимыл, жанталас.</p> <p>2. Әзербайжан: qaunar xətt</p> <p>3. Қырғыз: шашылыш</p> <p>4. Өзбек: ishonch telefoni</p> <p>5. Түрік: danışma hattı</p> <p>6. Ағылшын: hot line – шұғыл желі, тікелей байланыс желісі</p> <p>7. Испан: línea telefónica</p>

			8. Неміс: Hotline 9. Француз: hotline
1362.	горячая точка	қақтығыс ошағы	<p>«Горячая точка» – қарулы қақтығыс, ұрыс қимылдары жүріп жатқан жер, өңір.</p> <p>Қақтығыс I. ет. 1. Қағылып-соғылу, соқтығысу. 2. Ұрысып-керісу, сөзге келу, айтысу. 3. Қырғи-қабақ болу араздасу. II. Зат. 1. Бетпебет соғыс, шайқас. 2. Ұрыс-керіс.</p> <p>Ошак I. зат. 1. Үстіне қазан қойып, тамақ пісіруге арналған үш аяқты қоршау темір. 2. Үстіне қазан асып тамақ пісіретін, тастан, кірпіштен қалап жасалған немесе қазылған орын; жерошақ. 3. ауыс. Үй-іші, бала-шаға, отбасы. 4. ауыс. Бір нәрсенің шоғырланған, шоқталған жері.</p> <p>2. Әзербайжан: hot spot 3. Қырғыз: ысык чекит 4. Өзбек: issiq nuqta 5. Түрік: sıcak bölge 6. Ағылшын: hot spot – шиеленіс ошағы, құнарлы жер, қызған жер 7. Испан: punto caliente 8. Неміс: Hot-Spot 9. Француз: point chaud</p>
1363.	корреспондировать	ұштастыру	<p>«Корреспондировать» – (ескі) қандай да біреумен хат-хабар алысып тұру; (ескі) қандай да бір жаққа хабарлама жазу және жіберу; (ресми) қандай да бір нәрсеге сәйкес келу; қандай да бір нәрсемен арақатынаста болу.</p> <p>Ұштастыру I. ет. 1. Ұластыру, жалғастыру. 2. ауыс. Байланыстыру, қатар алып жүру.</p> <p>2. Әзербайжан: qiyabi daxil 3. Қырғыз: кат алышуунун салып 4. Өзбек: yozishmaga 5. Түрік: yazışma içine 6. Ағылшын: correspond 7. Испан: en correspondencia 8. Неміс: in Korrespondenz 9. Француз: en correspondance</p>
1364.	детонатор	тұтатқыш; пілте	<p>Детонатор (lang-fr etoner – жарылу) – бризанттық жарғыш заттар заряды; артиллериялық снарядтардың, миналардың, авиабомбалардың, ракетаның ұрыстық бөлігінің негізгі зарядын, сондай-ақ қопарғыш зарядты жару (оталдыру) үшін қолданылады.</p> <p>Тұтатқыш I. зат. Ашық оралған шиыршығы бар,</p>

			<p>тұтатуға арналған электр құрал.</p> <p>Пілте I. зат. 1. с ө й л е у. Білте (шам, шырақ сияқты жарық беретін құралдарды тұтандыру, от алдыру үшін пайдаланылатын ширатылған, өрілген мақта жіп).</p> <p>2. Әзербайжан: detonator</p> <p>3. Қырғыз: детонатор</p> <p>4. Өзбек: detonator</p> <p>5. Түрік: patlatıcı</p> <p>6. Ағылшын: detonator – капсуль, детонатор, петарда</p> <p>7. Испан: detonador</p> <p>8. Неміс: Zünder – жарғыш, тұтандырғыш</p> <p>9. Француз: détonateur – детонатор, петарда</p>
1365.	детонация	жарылыс	<p>«Детона́ция» – фр. détoner – «жарылу», лат. detonare – «күркіреу». Заттың бойы арқылы химиялық жану реакциясын тудыратын соққы толқын таралатын жану режимі, мұнда соққы толқынның қозғалысы экзотермиялық реакциядан бөлінетін жылу арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Жарылыс I. зат. 1. Оталып тұтанатын заттың жарылуынан пайда болған қопарылыс, дүмпу. 2. ауыс. Ішкі серпіліс, тұла бойды серпілткен күш.</p> <p>2. Әзербайжан: detonasiya</p> <p>3. Қырғыз: жарылуусунан</p> <p>4. Өзбек: yonish</p> <p>5. Түрік: patlama</p> <p>6. Ағылшын: detonation – детонация, жарылыс, жарылыс кезіндегі гүрсіл</p> <p>7. Испан: detonación</p> <p>8. Неміс: Explosion – жарылыс, айырылу, детонация</p> <p>9. Француз: détonation – детонация, атыс дауысы, жарылыс, гүрсіл, күркіреу</p>
1366.	досье	дерекнама	<p>Дерекнама I. зат. 1. Белгілі бір ғылыми зерттеуге негіз болатын жазба дүние, ескерткіш.</p> <p>«Досье» (фр. dossier) – қандай да бір нақты іске немесе мәселеге қатысты құжаттар мен материалдардың жиынтығы, сондай-ақ осы материалдар салынған папка.</p> <p>2. Әзербайжан: dosye</p> <p>3. Қырғыз: мумбайда</p> <p>4. Өзбек: fayli</p> <p>5. Түрік: dosya</p> <p>6. Ағылшын: dossier – файл, егеу, картотека, қайрақ</p> <p>7. Испан: dossier</p> <p>8. Неміс: Dossier – іс, дерекнама, құжат</p> <p>9. Француз: dossier – іс, арқалық, негіз, дерекнама, папка, жоба</p>

1367.	зрелость	кемелдік	<p>Кемелдік I. зат. 1. Кемеліне келгендік, жетілгендік, толысқандық. «Зрелость» – адам өміріндегі ең ұзақ әрі ең маңызды кезең (адамның жекетұлғалық қасиетіне байланысты 30-65 жас аралығын қамтиды).</p> <p>Кемелділік I. зат. 1. Толып жетілгендік, кемеліне келгендік.</p> <p>2. Әзербайжан: yetkinlik</p> <p>3. Қырғыз: мөөнөтү</p> <p>4. Өзбек: yetuklik</p> <p>5. Түрік: vade</p> <p>6. Ағылшын: maturity – кемелдік, аяқталғандық, кәмететтік, ержеткендік</p> <p>7. Испан: madurez</p> <p>8. Неміс: Reife – піскендік, жетілгендік</p> <p>9. Француз: maturité – кемелдік, пісу</p>
1368.	истерика	есерлену, аласұру, долылық	<p>«Истерика» – hystérique adj. < лат. hysterica < гр. hystera – жатыр (әйелдің дене мүшесі. Жүйкенің психикалық дерті; жүйке ұстамасы.</p> <p>Есерлену I. зат. 1. Әумесерлену, есіру, делқұлылану. 2. Ақымақтану, әңгілену, қызбалану. 3. ауыс. Ес жиғызбау, күшею, құтырыну.</p> <p>Аласұру I. зат. 1. Тыпыршып қолды-аяққа тұрмау; бой бермеу; байыз таппау. 2. Жанталасу, жаны қиналу, арпалысу. 3. Жанын салу, тыныштық көрмеу, тыным таппау. 4. ауыс. Желдің, боранның, дауылдың тұруы, қатты соғуы; теңіздің буырқануы, күннің күйдіруі.</p> <p>Долылық I. зат. 1. Қатты кернеген ыза, ызалы ашу. 2. ауыс. Өзен сулардың, табиғаттың ерекше өзгерісі, жайсыз құбылысы.</p> <p>2. Әзербайжан: isteriya</p> <p>3. Қырғыз: чатак</p> <p>4. Өзбек: hysterics</p> <p>5. Түрік: sinir bozukluğu</p> <p>6. Ағылшын: hysterics – есерлік, есірік ұстама</p> <p>7. Испан: histerismo</p> <p>8. Неміс: Hysterie</p> <p>9. Француз: hystériques</p>
1369.	конфронтация	текетірес	<p>«Конфронтация» (франц. confrontation) – текетірес, әлеуметтік жүйелердің, топтар мүдделерінің, сенімдердің карама-қарсылығы.</p> <p>Текетірес I. зат. 1. Бірін-бірі жеңе алмаушылық, басым түспеушілік. II. ет. 1. Бірін-бірі жеңе алмау, басым түспеу.</p> <p>2. Әзербайжан: qarşıdurma</p>

			<p>3. Қырғыз: бетме бет коюу</p> <p>4. Өзбек: qaramaqarshilik</p> <p>5. Түрік: yüzleşme</p> <p>6. Ағылшын: confrontation – конфронтация, текетірес, беттестіру, салыстыру</p> <p>7. Испан:confrontación</p> <p>8. Неміс: Konfrontation – беттестіру, конфронтация, текетірес, қақтығыс, салыстыру</p> <p>9. Француз:affrontement</p>
1370.	турбулентность	құйындама	<p>«Турбулэнтность» – лат. turbulentus – екпінді, қарқынды, ретсіз.</p> <p>2. Әзербайжан: соғğunluq</p> <p>3. Қырғыз: дуулдоо</p> <p>4. Өзбек: girdobli harakat</p> <p>5. Түрік: türbülans</p> <p>6. Ағылшын: turbulence – турбуленттілік, қобалжу, екпінділік, ретсіздік</p> <p>7. Испан: turbulencia</p> <p>8. Неміс: Turbulenz – турбуленттілік, толқыныс, құйындау</p> <p>9. Француз: turbulence</p>
1371.	«тихая дипломатия»	«үнсіз дипломатия»	<p>Үнсіз I. сын. 1. Дыбыс шығармай, дыбыссыз. 2. Жым-жырт, ләм демей. 3. ауыс. Меңіреу (тыныштық).</p> <p>Дипломатия I. зат. 1. [француз. diplomatie] саяси. Мемлекеттің сыртқы, халықаралық саясатын жүргізу жөніндегі үкімет әрекеті. 2. ауыс. Қулық, айла-шарғы.</p> <p>Бұйығы I. зат.1. ботаникалық. Құмды жерде өсетін өсімдік. II. сын.1. Тұйық, сөзге сараң, ұяң (адам).2. ауыс. Енжар, марғау.3. ауыс. Тып-тыныш жатқан, меңіреу.4. ауыс. Бір қалыпты, өзгеріссіз.</p> <p>2. Әзербайжан: sakit diplomatiya</p> <p>3. Қырғыз: тынч дипломатия</p> <p>4. Өзбек:sokin diplomatik</p> <p>5. Түрік:sessiz diplomasi</p> <p>6. Ағылшын: quiet diplomasy</p> <p>7. Испан:diplomacia discreta</p> <p>8. Неміс: stille Diplomatie</p> <p>9. Француз: calme diplomatie</p>
1372.	ориентировать	бағдар беру	<p>«Ориентировать»– бір нәрсенің орналасқан жерін қоршаған ортаға қатысты анықтау.</p> <p>Бағдар I. зат. 1. <неміс. Marschrute>. Бағыт, беталыс, алдын ала белгіленген жол.</p> <p>2. Әзербайжан: səmtləmək</p>

			<p>3. Қырғыз: бағыт 4. Өзбек: yo'llamoq 5. Түрік: doğrultmak 6. Ағылшын: orient – бағыттау, орналасқан жерін анықтау, шығысқа қарай бұру 7. Испан: orientar 8. Неміс: ausrichten – тегістеу, туралау, теңестіру, дұрыстау, бағдарлау 9. Француз: s'orienter – бағдарлау, анықтау, бағыт беру</p>
1373.	отправная точка	бастапқы нүкте	<p>Бастапқы I. сын. 1. Әуелгі, алғашқы, алдыңғы. Нүкте I. зат. 1. Кішкентай ғана қара дақ, ноқат. 2. грамматика. Ойдың аяқталғандығын білдіру үшін сөйлем соңына қойылатын тыныс белгісі. 3. мат. Геометрияның жүйелі түрде баяндалуындағы негізгі ұғымдардың бірі. 4. Орын, мекенжай, елді мекен. 5. инфор. Эcran бетіндегі немесе параққа басылған графикалық кескіннің бағдарлама бойынша түсі өзгертіле алатын ең кіші элементі. 2. Әзербайжан: başlanqıç nöqtəsi 3. Қырғыз: баштапқы чекити 4. Өзбек: boshlang'ich nuqtasi 5. Түрік: hareket noktası 6. Ағылшын: a starting point – жолданатын жер, жолданатын пункт 7. Испан: punto de partida 8. Неміс: Ausgangspunkt – бастапқы пункт, жолданатын жер 9. Француз: point de départ</p>
1374.	«облетная группа»	байыптау тобы	<p>Байыптау I. ет. 1. Аңғару, көру. 2. Ақылға салып жан-жақты байқау; топшылау (абайлау, байқау, аңдау, аңғару, аңыстау, бағдарлау, байымдау, байқастау, парықтау, бағамдау, парлау). Байқастау I. ет.1. Абайлап, байқап қарау.2. Аңғару, аңдап білу. Топ I. зат. 1. Бірнеше адамның, малдың және т.б. заттардың басы қосылған шағын жиыны. 2. қоғ.-әлеу. Қоғамдағы өндірістік тәсілдерге сәйкес пайда болатын әлеуметтік жік. 3. Бір мүдде топтастырған адамдар. 4. пед. Әлеуметтік тұтастықтан белгілі бір нышанадары негізінде бөлінетін адамдардың шектеулі шамадағы қауымдастығы. 5. көнерген сөз. Зеңбірек. 2. Әзербайжан: obletnaya qrup 3. Қырғыз: obletnaya тобу 4. Өзбек: obletnaya guruhi</p>

			<p>5. Түрік: obletnaya grubu 6. Ағылшын: flying group 7. Испан: grupo obletnaya 8. Неміс: obletnaya Gruppe 9. Француз: groupe obletnaya</p>
1375.	«передовая группа»	алдыңғы топ	<p>Алдыңғы I. үстеу. 1. Ілгері, әуелгі, бастапқы, алдағы, кейінгі емес. 2. Бұрынғы, өткен уақыт, өткен күн, кешеден арғы күнгі, былтыр дан арғы жылы. 3. Болашақ, келер уақыт, алдағы уақыт. Топ I. зат. 1. Бірнеше адамның, малдың және т.б. заттардың басы қосылған шағын жиыны. 2. қоғ.- әлеу. Қоғамдағы өндірістік тәсілдерге сәйкес пайда болатын әлеуметтік жік. 3. Бір мүдде топтастырған адамдар. 4. пед. Әлеуметтік тұтастықтан белгілі бір нышанадары не гізінде бөлінетін адамдардың шектеулі шамадағы қ ауымдастығы. 5. көнерген сөз. Зеңбірек. 2. Әзербайжан: advance komanda 3. Қырғыз: алдын ала командасы 4. Өзбек: advance jamoasi 5. Түрік: öncü ekip 6. Ағылшын: advanced group 7. Испан: equipo de avanzada 8. Неміс: Vormannschaft 9. Француз: équipe avance</p>
1376.	отписка	сырғытпа жауап	<p>«Отписка» – қандай да бір сұрақ немесе мәселеге байланысты істің мән-жайына қатысы жоқ мазмұнсыз, формалды жазбаша жауап. Сырғытпа I. сын. 1. Шығарыпсалма, жылжытпа (сөз). Жауап I. зат. 1. [араб.] Біреудің сұрағына берілетін уәж, қайтарылатын сөз. 2. ауыс. Қарсы әрекет; еруліге қарулы. 3. ауыс. Тергеу, сот. 4. матем. Есептің қорытындысы, нәтижесі. 5. жерг. сөз. Рұқсат. 2. Әзербайжан: gəlib-off 3. Қырғыз: келип-өчүрүү 4. Өзбек: kelib-off 5. Түрік: gel-off 6. Ағылшын: unsubscribing – әдіс-айла, бұлтақ, сырғытпа, аяқтау 7. Испан: venir-off 8. Неміс: Austritts 9. Француз: come-off</p>

3360.	биотоки	биотоктар	<p>1. (еж. Грек. Βίος — «өмір») – әртүрлі биопотенциалдың әсерінен тірі организмнің әртүрлі аймақтарына өтетін токтар. Бұлшық ет, жүрек, ми және т.б. биотоктары болады. Биотоктар тиісті органның жағдайы мен қызметі туралы ақпаратты береді. Медицина және т.б. мақсатта биоэлектродтардың көмегімен биотоктарды организмнің әртүрлі жерлеріне енгізеді де (немесе орнатады), осы электродтарға қосылған аспаптар арқылы сезімталдылықты өлшейді. Сондай-ақ биотоктар биобасқару үшін де пайдаланылады.</p> <p>2. Әзербайжан: biotoki</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: biotoki</p> <p>5. Түрік: biotoki</p> <p>6. Ағылшын: Biocurrents</p> <p>7. Испан: biotoki</p> <p>8. Неміс: biotoki</p> <p>9. Француз: biotoki</p>
3361.	биотонус	биотонус	<p>1. (грек. Βίος — «өмір» + грек. Το-πος — «күш») – ассимиляция процестерінің жалпы сомасының диссимиляция процестерінің жалпы сомасына қатынасы, уақыт бірлігіне шаққандағы белгілі бір тірі зат көлемінің бірлігімен өлшенеді. Биотонустың бұл анықтамасын Макс Ферворн (Verworn) берген; қазіргі таңда биотонус деген термин сирек қолданылады. Егер ассимиляциялық процестердің жалпы қосындысын А деп, ал диссимиляциялық процестердің жалпы сомасын D деп белгілесек, -g- бөлшегі сандық биотонусты білдіреді. $A=D$ болғанда, $-t_j = 1$ болады, бұл зат алмасудың тепе-теңдігіне сәйкес келеді. $A^>B$ сәйкес келсе, бөлшек $->1$ болады; бұл өсуге сәйкес келеді. $A<CD$ болса, бөлшек $—< 1$ болады; бұл атрофияға сәйкес келеді.</p> <p>2. Әзербайжан: Biotonus</p> <p>3. Қырғыз:</p>

			<p>4. Өзбек: Biotonus 5. Түрік: Biotonus 6. Ағылшын: Biotonic 7. Испан: Biotonus 8. Неміс: Biotonus 9. Француз: Biotonus</p>
3362.	БИОТИН	БИОТИН	<p>1. (грек. Bios — «өмір») – В тобының түссіз, суда еритін дәрумені. Шашқа, теріге және тырнаққа тигізетін оң әсерінің арқасында биотинді «сұлулық дәрумені» деп атайды. Биотин бактериялармен, зеңмен және ашытқыш саңырауқұлақтармен, балдыркөкпен және кейбір өсімдіктермен синтезделеді. 2. Әзербайжан: biotin 3. Қырғыз: 4. Өзбек: biotin 5. Түрік: biyotin 6. Ағылшын: Biotin 7. Испан: biotina 8. Неміс: Biotin 9. Француз: biotine</p>
3363.	БИОЦЕНОЗ	БИОЦЕНОЗ	<p>1. (грек. Bios — «өмір» + грек. Koinos – «жалпы») – бұл салыстырмалы түрде алғанда, бірқалыпты тіршілік кеңістігін мекендейтін (күрлықтың немесе судың белгілі бір бөлігі) және өздерін қоршаған ортамен өзара байланысқан жануарлардың, өсімдіктердің, саңырауқұлақтар мен микроорганизмдердің тарихи қалыптасқан жиынтығы. 2. Әзербайжан: biocenose 3. Қырғыз: 4. Өзбек: biocenose 5. Түрік: biocenose 6. Ағылшын: biocenosis – биоценоз, biocenose – биоценоз 7. Испан: biorecursos 8. Неміс: biocenose – (die Lebensgemeinschaft) симбиоз, биоценоз, брак, супружество, совместная жизнь 9. Француз: biocénose</p>
3364.	БИОФАРМАЦИЯ	БИОФАРМАЦИЯ	<p>1. (грек. Bios — «өмір» + англ. Pharmacy — «дәрі және дәрі қабылдау») – фармацевтика ғылымдарының заманауи саласы, зерттеу пәні дәрілік формалардағы дәрілік құралдардың физика-химиялық қасиеттері, дәрілік формалар мен</p>

			<p>олардың тигізетін терапевтік әсері арасындағы өзара қарым-қатынастың кең ауқымы.</p> <p>2. Әзербайжан: Bio əsçaşılıq</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: Biopharmacy</p> <p>5. Түрік: Biyofarmasi</p> <p>6. Ағылшын: Biopharmacy</p> <p>7. Испан: biofarmacia</p> <p>8. Неміс: Biopharmazie</p> <p>9. Француз: biopharmacie</p>
3365.	биоэлектрический потенциал	биоэлектрлік әлеует	<p>1. (грек. Bios — «өмір» + еж.-грек. ἤλεκτρον — «янтарь» және лат. potentialis– «күшті») – зерттелініп отырған тірі тінде, мысалы, мидың әртүрлі аймағында, жасушалары мен басқа да құрылымында болатын зарядтардың өзараәрекеттесуінің энергетикалық сипаттамасы.</p> <p>2. Әзербайжан: fəaliyyət potensial</p> <p>3. Қырғыз: иш-аракеттер мүмкүн</p> <p>4. Өзбек: harakat salohiyati</p> <p>5. Түрік: aksiyon potansiyeli</p> <p>6. Ағылшын: Bioelectric potential</p> <p>7. Испан: potencial de acción</p> <p>8. Неміс: Aktionspotential</p> <p>9. Француз: potentiel d'action</p>
3366.	биоэнергетика	биоэнергетика	<p>1. (грек. Bios — «өмір» + еж.-грек. ἤλεκτρον — «янтарь») - тірі субъектілердің организмінде болатын, олардың тіршілік ету процестері үшін жауап беретін энергияны трансформациялау процестерінің тобы. Индивидтердің организмінде түзілетін энергия жасушалық тотығу салдарынан жылу энергиясына және оның басқа да түрлеріне түрленеді.</p> <p>2. Әзербайжан: bioenergetics</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: Biyoenerji</p> <p>5. Түрік: biyoenerji bilimi</p> <p>6. Ағылшын: Bioenergetics – биоэнергетика</p> <p>7. Испан: bioenergética</p> <p>8. Неміс: Bioenergetik – биоэнергетика</p> <p>9. Француз: bioénergétique</p>
3367.	бластогенез	бластогенез	<p>1. (грек. Blastos – «өскін, ұрық» + грек. Genesis – «пайда болу, шығу, даму») - көпжасушалы тірі организмнің жыныссыз (вегетативті) көбеюі кезіндегі жеке дамуы. Эмбриогенезден өзгешелігі бластогенездің бастапқы кезеңі жұмыртқа емес,</p>

			<p>көптеген соматикалык жасушалар түрінде болып келетін бүршік болып табылады. Сондықтан да бластогенезде бөлшектену және гастрүляция процестері болмайды, дамуы бүйректің құрамына енетін аналықтың тініне байланысты.</p> <p>2. Әзербайжан: blastogenesis</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: blastogenesis</p> <p>5. Түрік: blastogenezis</p> <p>6. Ағылшын: Blastogenesis</p> <p>7. Испан: blastogénesis</p> <p>8. Неміс: blastogenesis</p> <p>9. Француз: blastogenesis</p>
3368.	бластодерма	бластодерма	<p>1. (еж. Грек. Βλαστός — «өсінді, ұрық» + еж. Грек. Δέρμα — «тері, қабат») — ядролардың, ал кейін бластула кезеңінде толық бөлшектелмейтін көпжасушалы жануарлардың ұрығынан тұратын жасушалардың қабаты.</p> <p>2. Әзербайжан: blastoderm</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: blastoderm</p> <p>5. Түрік: blastoderm</p> <p>6. Ағылшын: blastoderm – бластодерма</p> <p>7. Испан: blastodermo</p> <p>8. Неміс: blastoderm</p> <p>9. Француз: blastoderme – бластодерма</p>
3369.	бластопатия	бластопатия	<p>1. (еж. Грек. Βλαστός — «өсінді, ұрық» + грек. Pathos – «уайымдау, ауру») – бластула құрылымындағы ауытқушылықтардың жалпы атауы.</p> <p>2. Әзербайжан: blastopatiya</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: blastopatiya</p> <p>5. Түрік: blastopatiya</p> <p>6. Ағылшын: Blastopathy</p> <p>7. Испан: blastopatiya</p> <p>8. Неміс: blastopatiya</p> <p>9. Француз: blastopatiya</p>
3370.	бленнорея	бленнорея	<p>1. (еж. Грек. Βλέννος — «шырыш» + еж. Грек. ῥέω — «ағамын») – көбіне гонококк (гонобленнорея) салдарынан болатын көздің шырышты қабығының (конъюнктива) жедел іріңдеп қабынуы. Көбіне босанған кезде анасының ауру гонорейясынан жұғатын жаңа туылған нәрестелерді болады. Соқырлыққа әкеп соғуы мүмкін.</p>

			<p>2. Өзербайжан: blepharophthalmia</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: blepharophthalmia</p> <p>5. Түрік: blepharophthalmia</p> <p>6. Ағылшын: Blepharorrhea</p> <p>7. Испан: blepharophthalmia</p> <p>8. Неміс: blepharophthalmia</p> <p>9. Француз: blepharophthalmia</p>
3371.	блефаропластика	блефаропластика	<p>1. (еж. Грек. Βλέφαρον — «қабақ» + грек., plassein – «қырлау») – қабақтың пішінін, көздің қиығын өзгерту үшін жасалатын ота. Шұғыл араласудың бұл түрі тері қабаты мен май түзілімдерін тілуді қажет етеді.</p> <p>Қабақты жөндеу отасын жасауға болатын жағдайлар: жоғарғы және төменгі қабақ терісінің салбырауы, қабақтың «май түзілімдері», көздің төменгі бұрышының салбырауы, көздің қиығы мен формасы.</p> <p>Ота кезіндегі артық тері мен май көздің табиғи қатпарларын кесу арқылы алынады. Қабақты жөндеу отасы стационар жағдайында, жалпы жансыздандыру арқылы жасалады. Ұзақтығы 2-3 сағат. Оңалту кезеңі 10-12 күннен аспайды.</p> <p>2. Өзербайжан: Blepharoplasty</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: Blepharoplasty</p> <p>5. Түрік: Blefaroplasti</p> <p>6. Ағылшын: Blepharoplasty</p> <p>7. Испан: blefaroplastia</p> <p>8. Неміс: blepharoplasty</p> <p>9. Француз: blépharoplastie</p>
3372.	блефароплегия	блефароплегия	<p>1. (blepharoplegia: еж. Грек. Βλέφαρον — «қабақ» + грек. Plēgē соққы) – жоғарғы қабақ пен көздің айналасындағы бұлшық еттің қабақ бөлігін көтеріп тұратын бұлшық еттердің салдануынан болатын қабақтың салы.</p> <p>2. Өзербайжан: blefaroplegiya</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: blefaroplegiya</p> <p>5. Түрік: blefaroplegiya</p> <p>6. Ағылшын: Blepharoplegia</p> <p>7. Испан: blefaroplegiya</p> <p>8. Неміс: blefaroplegiya</p> <p>9. Француз: blefaroplegiya</p>
3373.	блефароптоз	блефароптоз,	<p>1. (еж. Грек. Βλέφαρον — «қабақ» + грек. Ptosis –</p>

		салқабак	<p>«құлау») – әртүрлі себеп (истерия, көзді қимылдату жүйкесінің зақымдануы, көздің симпатикалық иннервациясының бұзылуы) салдарынан болатын жоғарғы қабақтың түсуі.</p> <p>2. Әзербайжан: blepharoptosis</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: blepharoptosis</p> <p>5. Түрік: Blefaroptosis</p> <p>6. Ағылшын: Blepharoptosis</p> <p>7. Испан: blefaroptosis</p> <p>8. Неміс: blepharoptosis</p> <p>9. Француз: blépharoptose</p>
3374.	блефарорафия	блефарорафия	<p>1. (blepharorrhaphia: еж. Грек. Βλέφαρον — «қабақ» + грек. Rraphe – «тігіс») – көз саңылауын уақытша немесе тұрақты, жартылай немесе толық жабу үшін жасалатын хирургиялық ота; лагофтальма, нейросал болу кератиті және т.б. кезінде қолданылады, сондай-ақ, бұл орбитотомия және оптико-цилиарлы неврэктомия отасының кезеңі.</p> <p>2. Әзербайжан: blepharorrhaphy</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: blepharorrhaphy</p> <p>5. Түрік: blepharorrhaphy</p> <p>6. Ағылшын: Blepharorrhaphy</p> <p>7. Испан: blepharorrhaphy</p> <p>8. Неміс: blepharorrhaphy</p> <p>9. Француз: blepharorrhaphy</p>
3375.	блефароспазм	блефароспазм	<p>1. (еж.-грек. Βλέφαρον — «қабақ» + еж.-грек. Σπασμός — «қатты жиырылу») – беттегі спазмның бір түрі, көздің айналасындағы бұлшық еттердің өздігінен жиырылуы. Сырттай қарағанда мұндай тырысу қабақтың қарқынды түрде қабысуы сияқты болып көрінеді. Ауру қабақтың ісінуімен, жас ағумен (тері мацерациясына әкеп соғады), жас бөлінуінің бұзылуымен қатар жүреді.</p> <p>2. Әзербайжан: nictitating spazm</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: nictitating siqilish</p> <p>5. Түрік: gözkapığı spazm</p> <p>6. Ағылшын: Blepharospasm</p> <p>7. Испан: espasmo nictitante</p> <p>8. Неміс: nictitating Krampf</p> <p>9. Француз: spasmes nictitante</p>
3376.	блефарофимоз	блефарофимоз	<p>1. Блефарофимоз (грек. Blepharon – «қабақ» + грек. Phimōsis – «тұйықталу, саңылаудың тарылуы») –</p>

			<p>әдетте, көздің сыртқы бұрыштарындағы қабақтың тұтасуы нәтижесінде көз саңылауының тарылуы; созылмалы конъюнктивит кезінде байқалады.</p> <p>2. Әзербайжан: blepharophimosis</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: blepharophimosis</p> <p>5. Түрік: blefarofimozis</p> <p>6. Ағылшын: Blepharopathy</p> <p>7. Испан: blefarofimosis</p> <p>8. Неміс: Blepharophimose</p> <p>9. Француз: blépharophimosis</p>
3377.	блефарохалазис	блефарохалазис	<p>1. (грек. Blepharon – «қабақ» + грек. Chalasis – «босаңсу») – әрқайсысы бірнеше күнге созылатын, мезгіл-мезгіл болып тұратын қабақтың ауырмай ісіну ұстамасы. Бұл жергілікті ангионевротикалық ісік түрі, яғни сұйықтың тіндерге жылдам жиналуы болып табылады. Мезгіл-мезгіл болып тұратын ұстамалар терінің жұқарып, атрофиялануына әкеп соғады.</p> <p>2. Әзербайжан: blepharochalasis</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: blepharochalasis</p> <p>5. Түрік: blepharochalasis</p> <p>6. Ағылшын: Blepharochalasis</p> <p>7. Испан: blefarocalasia</p> <p>8. Неміс: Blepharochalasis</p> <p>9. Француз: blépharochalasis</p>
3378.	близнец, двойня	егіз	<p>1.– жүктілік бойы дамыған, босану кезінде аздаған уақыт аралығында бірінен кейін бірі жарық дүниеге келген бір ананың балалары.</p> <p>Егіздердің негізгі екі түрі болады:</p> <p>-монозиготалы (гомозиготалы);</p> <p>-дизиготалы (гетерозиготалы);</p> <p>аралық тип: монозиготалы полярлық (жартылай ұқсас).</p> <p>2. Әзербайжан: əkiz, twins</p> <p>3. Қырғыз: эгиз, эгиз</p> <p>4. Өзбек: egizak, egizaklar</p> <p>5. Түрік: ikiz, ikizler</p> <p>6. Ағылшын: Twin, twins</p> <p>7. Испан: gemelos, gemelos</p> <p>8. Неміс: Zwilling, Zwillinge</p> <p>9. Француз: jumeau, jumeaux</p>
3379.	близнецы двухяйцевые	екіжұмыртқалы кегіздер	<p>1. – әртүрлі екі сперматозоидтың ұрықтандыруы нәтижесінде әртүрлі екі жұмыртқа жасушасынан</p>

			<p>дамитын егіздер. Жыныстары бірдей және әртүрлі болады, әдеттегі аға-әпкелерде болатын өзгешеліктері болады.</p> <p>2. Әзербайжан: twins dvuhyaytsevye</p> <p>3. Қырғыз: эгиз екіжумырткалы</p> <p>4. Өзбек: Egizaklar dvuhyaytsevye</p> <p>5. Түрік: ikizler dvuhyaytsevye</p> <p>6. Ағылшын: Twins twins</p> <p>7. Испан: gemelos dvuhyaytsevye</p> <p>8. Неміс: Zwillinge dvuhyaytsevye</p> <p>9. Француз: jumeaux dvuhyaytsevye</p>
3380.	близкофокусная лучевая терапия	жақынфокустық сәулемен емдеу	<p>1. – сәуле көзі сәуле түсетін дене аймағынан 5-10 см қашықта тұратын рентген терапиясы; сәуле көзі сәуле түсетін дене аймағынан 30 см қашықта тұратын гамма терапиясы.</p> <p>2. Әзербайжан: yaxın diqqət radiasiya terapiya</p> <p>3. Қырғыз: жакынкы басым нурлануу терапиясы</p> <p>4. Өзбек: yaqin-fokus radiatsiya davolash</p> <p>5. Түрік: yakın odaklama radyasyon tedavisi</p> <p>6. Ағылшын: Close-focus radiation therapy</p> <p>7. Испан: radioterapia del foco de cerca</p> <p>8. Неміс: Naheinstellungspunkt Strahlentherapie</p> <p>9. Француз: près de focalisation radiothérapie</p>
3381.	близорукость	сығырлық	<p>1.-(еж. Грек. Μύω — «сығыраямын» және ὄψις — «көзқарас, көру») — бейне көздің торлы қабығында емес, оның алдында қалыптасатын көз ақауы (рефракция ауытқушылығы). Аметропияның бір түрі болып табылады. Оның ең көп таралған себебі – көз алмасының ұзындық бойымен ұлғаюы, оның салдарынан торлы қабық фокалды жазықтықтан тыс орналасады. Сирек кездесетін түрі – көздің сындырушы жүйесі сәулені әдеттегіден қаттырақ бір орынға жинастырады (соның салдарынан олар торлы қабықта емес, оның алдында бірігеді). Кез келген түрінде қашықтағы заттарды қараған кезде торлы қабықта анық емес, бұлдыр бейне пайда болады.</p> <p>Адам жақыннан жақсы көреді де, алыстан көрмейді, бұл мәселені шешу үшін оптикалық күші теріс мәнді көзілдірік немесе түйіспелі линза тағады.</p> <p>2. Әзербайжан: yaxıngörmə</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: miyori</p> <p>5. Түрік: miyori</p> <p>6. Ағылшын: myopia – алыстан нашар көру, миопия, near-sightedness – алыстан нашар көру, short-sightedness – алыстан нашар көру, short sight –</p>

			<p>алыстан нашар көру, purblindness – алыстан нашар көру, алыстан көрмеу, near-sight – алыстан нашар көру</p> <p>7. Испан: miopía</p> <p>8. Неміс: Kurzsichtigkeit – алыстан нашар көру, der Myopie – алыстан нашар көру, миопия</p> <p>9. Француз: myopie – алыстан нашар көру</p>
3382.	близорукость ложная (миопия)	жалған сығырлық	<p>1. Аккомодация (лат. Accomodatio — «бейімделу») — көздің әртүрлі қашықтықтарда анық көру қабілеті. Бұл кірпік (цилиарлы) бұлшық ет, кірпік байланыс және көзбұршақ сияқты үш элементтің келісілген жұмысының көмегімен іске асады.</p> <p>2. Әзербайжан: yalan nearsightedness (miopiya)</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: yolg'on uzoqni ko'ra olmaslik (miyopi)</p> <p>5. Түрік: Yanlış uzağı (miyop)</p> <p>6. Ағылшын: Nearsightedness false (myopia)</p> <p>7. Испан: falsa miopía (miopía)</p> <p>8. Неміс: Falsch Kurzsichtigkeit (Myopie)</p> <p>9. Француз: fausse myopie (myopie)</p>
3383.	блокада внутрижелудочковая	қарыншаішілік блокада	<p>1.-(ағыл. Blockade – «блокада») – әртүрлі факторлардың жүрекке тигізетін әсері немесе мұндай әсерінсіз түсіндірілетін, әртүрлі жастағы пациенттерде дамиды жүрек қарыншалары бойынша электр импульстері өткізгіштігінің бұзылуы.</p> <p>Бөгеу көбіне қартайған шақта (60-70 жастан асқан адамдарда 1-2%) кездеседі, жастар арасында сирек кездеседі — қырық жасқа толмаған тұлғалардың 0,6%-ы. Бөгеулер балалар жасында да, шамамен алғанда, жүз мың баланың ішінен 5-еуінен кездесуі мүмкін.</p> <p>2. Әзербайжан: intraventricular məhəllə</p> <p>3. Қырғыз: себебинен қарынчалар блогу</p> <p>4. Өзбек: intraventriküler blok</p> <p>5. Түрік: intraventriküler blok</p> <p>6. Ағылшын: Intraventricular blockade</p> <p>7. Испан: bloqueo intraventricular</p> <p>8. Неміс: intraventrikulären Block</p> <p>9. Француз: intraventriculaire</p>
3384.	блокада внутрикостная	сүйекішілік блокада	<p>1. (ағыл. Blockade – «блокада») – бұл анестетикті сүйектің кемікті затына енгізу арқылы ауруды және ауруға байланысты сезімтал, қозғалыс, қантамыр бұзылуларын емдеу тәсілі.</p> <p>2. Әзербайжан: intraosseous blokada</p>

			<p>3. Қырғыз: суйек ішінде блокада</p> <p>4. Өзбек: intraosseous qurshov</p> <p>5. Түрік: intraosseöz blokaaj</p> <p>6. Ағылшын: Intraosseous blockade</p> <p>7. Испан: bloqueo intraósea</p> <p>8. Неміс: intraosseous Blockade</p> <p>9. Француз: blocus intraosseuse</p>
3385.	блокада внутрипредсерд ная	жүрекшеішілік блокада	<p>1. (ағыл. Blockade – «блокада») – электр импульсінің жүрекшенің өткізгіш жүйесі бойымен өтуінің бұзылуы.</p> <p>2. Әзербайжан: blokada intraatrial</p> <p>3. Қырғыз: блокада жүрекшеішілік</p> <p>4. Өзбек: qurshov intraatrial</p> <p>5. Түрік: blokaaj intraatriyal</p> <p>6. Ағылшын: Atrial block</p> <p>7. Испан: intraauricular bloqueo</p> <p>8. Неміс: Blockade intraatriale</p> <p>9. Француз: blocus intra-auriculaire</p>
3386.	боковая область лица	беттің бір жақ аймағы	<p>1. – жақ, құлақ маңы-шайнау аймағы және самайасты шұңқырында орналасқан түзілімдерден тұратын беттің жұптық бөлігі.</p> <p>2. Әзербайжан: yan üz sahəsi</p> <p>3. Қырғыз: каптал бети аймағы</p> <p>4. Өзбек: yon yuzi maydoni</p> <p>5. Түрік: yan yüz alanı</p> <p>6. Ағылшын: Side face</p> <p>7. Испан: área de la cara lateral</p> <p>8. Неміс: Seitenflächenbereich</p> <p>9. Француз: côté surface frontale</p>
3387.	боковые лакуны	бүйірлік лакуналар	<p>1. (лат. Lacuna — «шұқырлау, шұңқыр») – синус саңылауы арқылы берілетін қатты ми қабығының жапырақтарынан түзілен қуыстар.</p> <p>2. Әзербайжан: lateral boşluqlar</p> <p>3. Қырғыз: жанынан кемчиликтер</p> <p>4. Өзбек: lateral bo'shliqlar</p> <p>5. Түрік: yan boşluklar</p> <p>6. Ағылшын: Lateral lacunae</p> <p>7. Испан: brechas laterales</p> <p>8. Неміс: seitliche Lücken</p> <p>9. Француз: lacunes latérales</p>
3388.	болевой синдром	ауырсыну синдромы	<p>1. (грек. Syndromē – «жиналу, топталу») – әрбір адам өмірінде ең болмаса бір рет сезінген жайсыз жағдай. Барлық ауру дерлік осындай жағымсыз процеспен қатар жүреді, сондықтан да бұл белгінің</p>

			<p>түрлері көп, олардың әрқайсысының өзіндік туындау себептері, белгілері, олардың қарқындылығы, ұзақтығы және емдеу тәсілдері бар.</p> <p>2. Әзербайжан: ağrı sindromu</p> <p>3. Қырғыз: оору синдрому</p> <p>4. Өзбек: og'riq sindromi</p> <p>5. Түрік: ağrı sendromu</p> <p>6. Ағылшын: pain syndrome</p> <p>7. Испан: El síndrome de dolor</p> <p>8. Неміс: Schmerzsyndrom</p> <p>9. Француз: syndrome douloureux</p>
3389.	болевая чувствительность	ауырсыну сезімталдығы	<p>1. – өте күшті және талқандаушы тітіркендіргіштерге деген сезімталдық; кенеттен жағымсыз эмоционалды реңкі және вегетативті реакциялары (тыныс алудың жиілігі, көз қарашығының ұлғаюы, перифериялық қантамырлардың тарылуы және т.б.) бар ауру сезімдерінің туындауымен байланысты сезімталдық бұзылған жағдайда (мысалы, есту қабілеті бұзылуының кейбір формаларында) ауруға сезімталдық деңгейінің төмендегені байқалады.</p> <p>2. Әзербайжан: algesthesia</p> <p>3. Қырғыз:</p> <p>4. Өзбек: algesthesia</p> <p>5. Түрік: algesthesia</p> <p>6. Ағылшын: Pain sensitivity</p> <p>7. Испан: algesthesia</p> <p>8. Неміс: algesthesia</p> <p>9. Француз: algesthesia</p>
3390.	болезнетворность	ауру тудырғыш туындатқыш	<p>1. – микроорганизмдердің (немесе кез келген басқа агенттің) ауру тудыруға деген қабілеті.</p> <p>2. Әзербайжан: zəhər</p> <p>3. Қырғыз: бөлүү</p> <p>4. Өзбек: yomonlik</p> <p>5. Түрік: öldürücülük</p> <p>6. Ағылшын: Disease</p> <p>7. Испан: virulencia</p> <p>8. Неміс: Virulenz</p> <p>9. Француз: virulence</p>
3391.	болезни алиментарные	алиментарлық аурулар	<p>1. (лат. Alimentum – «тамақ, қорек») – тамақтану кезінде белгілі бір тағамдық заттардың тапшылығына немесе шамадан тыс болуына байланысты туындаған аурулар.</p> <p>2. Әзербайжан: qida xəstəlik</p> <p>3. Қырғыз: азықтық оору</p>

			<p>4. Өзбек: oзуqaviy kasallik 5. Түрік: beslenme hastalık 6. Ағылшын: Diseases of alimentary 7. Испан: enfermedad nutricional 8. Неміс: Ernährungskrankheit 9. Француз: maladie nutritionnelle</p>
3392.	болезни кожные, дермат оз	тері аурулары, дерматоздар	<p>1. – паразиттер (қотыр, теміреткі, таз) салдарынан, механикалық немесе химиялық тітіркендіргіштер, көгеру және лас (күс) салдарынан теріде болатын әртүрлі зақымданулар. 2. Әзербайжан: dəri xəstəlikləri, dermatozlar 3. Қырғыз: тери оорулары, дерматитке 4. Өзбек: teri kasalliklari, dermatosis 5. Түрік: deri hastaliklari, dermatoz 6. Ағылшын: Dermatological diseases 7. Испан: enfermedades cutáneas, dermatosis 8. Неміс: Hautkrankheiten , Dermatosen 9. Француз: les maladies cutanées, les dermatoses</p>
3393.	болезни сопутствующие	қосарласқан	<p>1. – белгілі бір науқастың негізгі ауруымен қатар жүретін аурулары; диагноз қойған кезде көрінеді. 2. Әзербайжан: əlaqədar xəstəliklər 3. Қырғыз: оорулары менен байланыштуу 4. Өзбек: tegishli kasalliklar 5. Түрік: ilgili hastaliklar 6. Ағылшын: Diseases associated 7. Испан: enfermedades relacionadas 8. Неміс: Krankheiten verwandte 9. Француз: maladies connexes</p>
3394.	болезни хромосомные	хромосомалық аурулар	<p>1.-(еж.-грек. Χρόμα — «түс» + еж.-грек. Σόμα — «дене») – хромосома санының немесе құрылымының өзгерістері арқылы түсіндіруге болатын тұқымқуалаушылық аурулары. Геномды мутациялар немесе жеке хромосомалардың құрылымдық өзгерістері арқылы түсіндіруге болатын аурулар хромосомалы ауруларға жатады. Хромосомалы аурулар ата-анасының біреуіндегі жыныстық жасушалардағы мутация салдарынан орын алады. Ұрпақтан-ұрпаққа оның 3-5 %-ы ғана беріледі. Хромосомалы бұзылушылық салдарынан шамамен 50 % күтпеген түсік жасалып, 7 %-ға жуық бала өлі туылады. Хромосомалы аурулардың бәрін екі топқа бөлуге болады: хромосома сандарының ауытқуы және хромосома құрылымының бұзылуы. 2. Әзербайжан: xromosom xəstəlikləri</p>

			<p>3. Қырғыз: хромосомдук оорулар 4. Өзбек: xromosoma kasalliklari 5. Түрік: kromozomal hastaliklar 6. Ағылшын: Chromosomal diseases 7. Испан: enfermedades cromosómicas 8. Неміс: chromosomalen Erkrankungen 9. Француз: maladies chromosomiques</p>
3395.	болезнь адаптации	бейімделу ауруы	<p>1. (лат. Adapto — «бейімделемін») – шамадан тыс стресс алу, стреске түсіретін зақымдау тетіктері асқындыратын ауру. 2. Әзербайжан: uyğunlaşma xəstəlik 3. Қырғыз: ылайыкташуу оорусу 4. Өзбек: moslashish kasallik 5. Түрік: adaptasyon hastalığı 6. Ағылшын: Adaptation disease 7. Испан: enfermedad de adaptación 8. Неміс: Anpassung Krankheit 9. Француз: la maladie d'adaptation</p>
3396.	болезни хронические	созылмалы аурулар	<p>1. (грек chronos – «уақыт») – канадалық патолог Г. Сельенің организмнің бейімделу реакцияларының жетілмеуі нәтижесінде организмге спецификалық емес патогенді орта факторларының әсер етуі кезінде туындайтын патологиялық жағдайды белгілеу үшін ұсынған термині. 2. Әзербайжан: xroniki xəstəlik 3. Қырғыз: өнөкөт оорулар 4. Өзбек: surunkali kasallik 5. Түрік: kronik hastalık 6. Ағылшын: Chronic diseases 7. Испан: enfermedad crónica 8. Неміс: chronische Krankheit 9. Француз: maladie chronique</p>
3397.	болезнь бронхоэктатическая	бронхоэктаздық ауру	<p>1. (грек. Βρόγχος – «кеңірдек» + грек. Éktasis - «созу») — көбіне өкпенің төменгі бөліктеріндегі қайтымсыз өзгерген (кеңейген, деформацияланған) және функционалды тұрғыдан толық емес бронхыдағы созылмалы іріңдеу процесімен сипатталатын жүре пайда болған немесе туа біткен ауру. 2. Әзербайжан: bronxoektaziya 3. Қырғыз: 4. Өзбек: bronşektazi 5. Түрік: bronşektazi 6. Ағылшын: Bronchoectatic disease 7. Испан: bronquiectasia</p>

			<p>8. Неміс: Bronchiektasen 9. Француз: bronchectasie</p>
3398.	болезнь венерический	венерологиялы қ аурулар	<p>1.– негізінен инфекцияланған серіктеспен жыныстық қатынасқа түскен кезде пайда болатын жұқпалы аурулар тобы. Бастапқыда венерологиялық ауруға бес ауру жататын, олар: гонорея, сифилис, жұмсақ шанкр, шап лимфогранулематозы және венерологиялық гранулема. 1960 жылдары жыныстық қатынас арқылы басқа да аурулардың берілетіні көрсетілді. «Жыныстық қатынас арқылы берілетін аурулар» деген термин қазіргі таңда жоғарыда аталған аурулармен ғана шектелмейді, ол хламидиоз (<i>Chlamydia trachomatis</i> салдарынан болатын), жыныстық мүше герпесі, цитомегаловирус инфекциясы, В тобының стрептококкы, гепатит, вагинит, іш қуысы органдарының инфекциялары, сүйір кондилома және зоопаразитарлы ауруларды да қамтиды. Әртүрлі инфекция салдарынан өлімге әкеп соғатын жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы жыныстық қатынас арқылы да, басқа жолдармен де беріледі.</p> <p>2. Әзербайжан: v.d. 3. Қырғыз: 4. Өзбек: v.d. 5. Түрік: v.d. 6. Ағылшын: Venereal disease 7. Испан: v.d. 8. Неміс: V. D. 9. Француз: V.D.</p>
3399.	болезнь врожденная	тума дерт (ауру)	<p>1. – бала туылған кезде айқын немесе жасырын формада болатын аурулар және даму ақаулықтары. Туабіткен аурулардың бір бөлігі, оның ішінде ферментопатия тұқымқуалаушылық арқылы беріледі. Басқа тума дерттердің себептері ананың бойындағы аурулар, жүктілік кезінде алкоголь, кейбір дәрілік препараттар (цитостатиктер, стероидты гормондар, салицилаттар және т.б.), иондалған сәулеленудің ұрыққа тигізетін әсері, инфекция қоздырғыштар және т.б. болып табылады. Перинаталдық аурулар және өлім құрылымында тума дерт бірінші орындардың бірінде тұр.</p> <p>2. Әзербайжан: anadangəlmə xəstəlik 3. Қырғыз: тубаса оору 4. Өзбек: tug'ma kasallik 5. Түрік: doğuştan hastalık</p>

			<p>6. Ағылшын: Congenital disease 7. Испан: enfermedad congénita 8. Неміс: Erbkrankheit 9. Француз: maladie congénitale</p>
3400.	болезнь гипертоническая	гипертония ауруы	<p>1. – ең басты клиникалық белгісі – артериалды қысымның ұзақ уақыт бойы әрі тұрақты түрде көтерілуі болып табылатын созылмалы ауру. 2. Әзербайжан: 3. Қырғыз: 4. Өзбек: 5. Түрік: 6. Ағылшын: 7. Испан: 8. Неміс: 9. Француз:</p>
3401.	болезнь декомпрессионная	декомпрессиялық ауру	<p>1. организм қаны мен тіндерінде еріген газдардың қанға көпіршік түрінде бөлінуі, бұл жасуша қабырғаларын, қантамырларды бұзып, қан ағысын бұғаттайды. Сондай-ақ, бұл жағдай кессонн ауруы деп аталады. 2. Әзербайжан: 3. Қырғыз: 4. Өзбек: 5. Түрік: 6. Ағылшын: 7. Испан: 8. Неміс: 9. Француз:</p>
3402.	болезнь душевная	жан-жүйке ауруы	<p>1. – адамның айналадағы ақиқатты дұрыс түсіну және өзін-өзі басқару қабілетіне айтарлықтай ықпал ететін қалыпты психикалық қызметінің бұзылуынан байқалатын ауру. Қабылдау, ойлау, есте сақтау, эмоция, зейін, ерік-жігер, әуестік және мінез-құлықтың бұзылуынан байқалады. Рухани дертке шизофрения, эпилепсия, паранойя, олигофрения және т.б. жатады. 2. Әзербайжан: 3. Қырғыз: 4. Өзбек: 5. Түрік: 6. Ағылшын: 7. Испан: 8. Неміс: 9. Француз:</p>
3403.	болезнь	қалжыратпалы	<p>1. – өте ауыр, күш-қуат пен денсаулықтан</p>

	изнурительная	ауру	айыратын, қалжырататын дерт. 2. Өзербайжан: 3. Қырғыз: 4. Өзбек: 5. Түрік: 6. Ағылшын: 7. Испан: 8. Неміс: 9. Француз:
3404.	болезнь лучевая	сәулелік ауру, сәулесок ауру	1. – иондалған сәулеленудің бірнеше түрінің әсері салдарынан туындайтын және зақымдаушы сәулеленудің түріне, мөлшеріне, сәулелендіру көзінің орналасқан жеріне, мөлшерлемені уақыт бойынша және тіршілік иесінің (мысалы, адамның) денесіне таратуға байланысты симптоматикамен сипатталатын ауру. 2. Өзербайжан: radiasiya xəstəlik 3. Қырғыз: нур оору 4. Өзбек: radiatsiya kasallik 5. Түрік: radyasyon hastalığı 6. Ағылшын: Radiation sickness 7. Испан: enfermedad por radiación 8. Неміс: Strahlenkrankheit 9. Француз: le mal des rayonnements
3405.	нервные болезни	нерв аурулары	1. (лат. nervus - «сіңір, бұлшықет, жүйке») – бас миы және жұлынның, сондай-ақ перифериялық жүйке өзектері мен жүйке түйінінің зақымдануы салдарынан асқынатын ауру. Жүйке аурулары медицина білімінің мамандандырылған саласы – неврологияның зерттеу пәні болып табылады. Жүйке жүйесі организмнің барлық органдары мен жүйелерін байланыстырып, реттейтін күрделі аппарат, неврология кардиология, гастроэнтерология, гинекология, офтальмология, эндокринология, ортопедия, травматология, логопедия және т.б. клиникалық пәндермен тығыз байланысты. Жүйке аурулары саласындағы негізгі мамандық невролог болып табылады. 2. Өзербайжан: sinir xəstəliyi 3. Қырғыз: нерв оорусу 4. Өзбек: asab kasalligi 5. Түрік: sinir hastalığı 6. Ағылшын: Nerve diseases 7. Испан: enfermedad de los nervios 8. Неміс: Nervenkrankheit 9. Француз: maladie nerveuse

ӘРТҮРЛІ САЛАДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР

3406.	баня	монша	<p>1. «Б́аня» (правслав. *ban’а < вулыг. лат. *<i>bāneum</i> < класс. лат. <i>balneum/balineum</i> < көне грек. βᾱλνείον) – су мен ыстық ауаның немесе су мен будың (орыс және финн моншасында) бір мезгілдегі әрекеті арқылы адам жуыну үшін жабдықталған үй-жай (https://ru.wikipedia.org/wiki/Баня).</p> <p>«Баня». 1. Жуынатын және буға түсетін арнаулы үй-жай немесе мекеме. 2. Адамдардың жуынуы (сөйлеу) (<i>Ожегов, 51</i>).</p> <p>«Монша» I. Зат есім. 1. Буға шабынып, жуынып-шайынуға арнап салынған үй. <i>Моншаға зияраттың тасын алып, Ағашын отқа, мұжсық, жағасың да. Та ба алмай бір барғанда еш белгісін, Көзден жас келдей болып ағасың да</i> (М. Дулатов). <i>Ол шағын екі бөлмеден тұратын монша салдырды</i> (Ж. Дүйсекеев). <i>Екеуі қосылып өзбектің «хамам» атты қыш моншасына шомылып қайтты</i> (Д. Досжанов). <i>Неге өзімді қинаймын деп соншама (Осындайда маған жолдас болшы, аға!) Кенеп қолғап және қайың сыпыртқы ап, Кей күндері кетіп қалам моншаға</i> (Қ. Мырзалиев).</p> <p>«Монша» сөзі орыс тілінің «мыться» деген сөзінен ауысып, татар тіліне «мунча» (Радлов. Опыт. сл. I-IV.) болып енген. Қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сай «мунча» сөзі «монша» болып өзгерген. У дыбысы о-ға, ч дыбысы ш-ға ауысқан. Сөйтіп, «монша» қазақ тіліне көршілес татар тілі арқылы орыс тілінен ауысқан сөз. (<i>ҚС, 940</i>).</p> <p>2. Әзербайжан: hamam 3. Қырғыз: ванна 4. Өзбек: hammom 5. Түрік: banyo 6. Ағылшын: bathhouse 7. Испан: casa de baños 8. Неміс: Badhaus 9. Француз: maison de bain</p>
3407.	туалет	әжетхана, дәретхана	<p>1.«Туалет» (фр. <i>toilette</i>) – табиғи қажеттіліктерді өтеуге арналған үй-жай; киім; сыртқы келбетті ретке келтіру; алдында тұрып киінетін, таранатын, айнасы бар шағын үстел; медицинада: «күтім», «тазалық», «санация» (https://ru.wikipedia.org/wiki/Туалет).</p> <p>«Туалет». 1. Киім-кешек заттары, гардероб. 2.</p>

			<p>Киіну, сыртқы келбетті ретке келтіру. 3. Алдында тұрып киінетін, таранатын, айнасы бар шағын үстел. 4. Дәретхана, әжетхана. (Ожегов, 1908).</p> <p>«Туалет» I. Зат есім. 1. [француз toilette]. сөйлеу. Дәретхана. <i>Туалет жаққа барып қайтқан боп сәл жүріп, енді орнына кеп отыра бергенде бөлмеге Айнаш кіріп келді</i> (А.Байтанаев). (ҚС, 1281).</p> <p>«Дәретхана» I. Зат есім. 1. [араб.] Дәретке отыратын жер. <i>Мейманхана дегені: қорасы, үйінің іші-сырты тап-таза, кеңдеу төрт бөлмесі бар, ас пісіретін бөлмесі бар, қорада дәретханасы бар үй екен</i> (С.Мұқанов, Есею жылдары). <i>Тұрғын барақтардың бәрі кірден, қоқыр-қоңсықтан тазартылып, әктелінді.</i></p> <p>Дәретханаларға хлорка құйылды (М. Қаратаев, Дал адағы дабыл). <i>Мына жұпары бұрқыраған құрма бағының ішінен дәретхана қаза алмаспыз</i> (М.Сқақбаев). (ҚС, 357).</p> <p>«Әжетхана» I. Зат есім. 1. [араб.+иран. خانه – ءجاح]. сөйлеу. Дәретхана. <i>Шыбын ауру қоздырғыш микробтарды өзіне көбінесе әжет ханадағы нәжісті аралау арқылы жұқтырады</i> (Ж.Сұлтанов). <i>Станцияда әжетхана жоқ</i> (С.Төлешев). (ҚС, 150).</p> <p>2. Әзербайжан: tualet 3. Қырғыз: WC 4. Өзбек: dush 5. Түрік: WC 6. Ағылшын: toilet, bathroom, lavatory, restroom, toilette, loo 7. Испан: inodoro 8. Неміс: Toilette 9. Француз: toilette</p>
3408.	СТОЛОВАЯ	асхана	<p>1. «Столóвая» – қоғамдық тамақтану кәсіпорнының бір түрі, аспаздық өнім өндіруші және сатушы, жалпыға қолжетімді немесе белгілі бір адамдар тобына арналған тамақтану кәсіпорны (https://ru.wikipedia.org/wiki/Столóвая).</p> <p>«Столóвая». 1. Пәтерде, үйде үстел қойылған, тамақ ішіп-жеуге арналған бөлме. 2. Осындай бөлмеген арналған жиһаз жиыны (Ожегов, 1800).</p> <p>«Асхана» I. Зат есім.</p> <p>1. [иран. آشخانه] Көпшілік тамақтанатын орын. <i>Сақал алып, Шаш тарап, Сылап бетті креммен, Адамдардай аш</i></p>

			<p><i>қарақ Асханаға кірем мен (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Студенттердің шағын асханасы. Стол басында үйлену тойына жиналған адамдар (М.Шаханов, Ғасырларды безбендеу). Асханада тамақ ішіп отырып та, оның есінен бүгін орыс тілінен сабақты білмей қалғаны кетпеді (М.Иманжанов, Адам туралы аңыз). (ҚС, 114).</i></p> <p>2. Әзербайжан: kantin 3. Қырғыз: ашкана 4. Өзбек: oshxonada 5. Түрік: yemek odası 6. Ағылшын: canteen 7. Испан: cantina 8. Неміс: Kantine 9. Француз: cantine</p>
3409.	больница	аурухана	<p>1. «Больница» – науқастарды емдеуге және/немесе стационарлық жағдайларда ауруға мамандандырылған сараланымды диагностика қоюға бағытталған азаматтық стационарлық медициналық мекеменің бір түрі. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Больница).</p> <p>«Больница». Стационарлық емдеуге арналған медициналық мекеме (<i>Ожегов, 98</i>).</p> <p>«Аурухана» I. Зат есім.</p> <p>1. Науқас адамдар жатып емделетін мекеме. <i>Мұның алдында халықтың сәлеметтігі жайынан ел ішіндегі ауру-сырқаудың, өлім-жітімнің көптігін, хүкіметтің бұл туралы жеткілікті жәрдем бермей, ауруханалар ашпай, доктор, фельдшерлер жібермей тұрғанын жазып едік (М.Дулатов, Шығармалары).</i></p> <p><i>Бір ауданды басқарып отырған адамның соңғы бір жыл ішінде алты ай өмірін ауруханада өткізуі, әрине, оңай емес (З.Шүкіров, Қиын түйін).</i> Әскери қызметкерді емдейтін аурухананы госпиталь, ал жоғары медициналық оқу орнының базасы болатын аурухананы клиника деп атайды (Қазақстан Ұлттық энциклопедия).</p> <p><i>Жомарт ойы қона қалған бойына, Қауымына сәулесін шашып келген, Перзентінің тағдыр қосу тойына ауруханада жатқан жерінен қашып келген Медет қартқа берілмек ендігі сөз (М.Шаханов, Ғасырларды безбендеу). (ҚС, 129).</i></p>

			<p>2. Әзербайжан: xəstəxana 3. Қырғыз: оорукана 4. Өзбек: shifoxona 5. Түрік: hastane 6. Ағылшын: hospital 7. Испан: hospital 8. Неміс: Krankenhaus 9. Француз: hôpital</p>
3410.	типография	баспахана	<p>1. «Типография» (көне грек. τύπος – «бедер» және γραφή – «жазу») – басып шығару алдындағы дайындық (баспа нысанын, клише, мөртабандар даярлау), тасымалдаушыға (қағаз, пластик, металл) бейне салу, таралымын басу, сондай-ақ баспа өнімдерін басудан кейінгі өңдеу (брошюралау, ламинациялау, желімдеу және т.б.) жұмыстары жүзеге асырылатын полиграфиялық өндірістік кәсіпорын. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Типография).</p> <p>«Типография». Кітап, журнал, газет және басқа да баспа өнімдерін дайындаушы полиграфиялық кәсіпорын (<i>Ожегов, 1826</i>).</p> <p>«Типография» I. Зат есім. 1. [грек τυπος – таңба, γραφο – жазамын] з а т е с і м. Өртүрлі кітап, журнал, газет т.б. заттарды басып шығатын орын; баспахана.</p> <p><i>Кеше типографиядан кісілер келіп: «Бодаш ауырып қалған жоқ па?» – деп сұрап кетті</i> (М.Дүйсенов, Ант). <i>Карта-геодезия жұмыстарының орындалу нәтижесінде Қазақстанның барлық жеріндегі жұмыстардың 90 проценті дерлік 100 мыңдық, 200 мыңдық масштабта типография карталарымен толық қамтамасыз етілді</i> (Қ.Сәтбаев, Қазақстан – менің отаным). (<i>ҚС, 1248</i>).</p> <p>«Баспахана»I. Зат есім.1. <грек. τυπος- таңба, із, γραφο-жазамын>. Кітап, газет, журналдарды басып шығаратын өндіріс орны.</p> <p><i>Баспахана және шықты кітап басатұғын, Халыққа һүнер, магариф шашатұғын</i> (М.Дулатов, Шығармалары).</p> <p><i>Қазақша баспахана орнатып, газет шығармақшы болдық</i> (С.Сейфуллин). <i>М.Сералин Қазанға барып қаз ақша әріптер алып келді. Қостанайда баспахана ұйымдастырылды</i> (Б.Кенжебаев, Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары). (<i>ҚС, 201</i>).</p> <p>2. Әзербайжан: mətbəə evi</p>

			<p>3. Қырғыз: басма үйү</p> <p>4. Өзбек: matbaa uyi</p> <p>5. Түрік: matbaa</p> <p>6. Ағылшын: printing house</p> <p>7. Испан: imprenta</p> <p>8. Неміс: Druckerei</p> <p>9. Француз: imprimerie</p>
3411.	ресторан	мейрамхана, ресторан	<p>1. «Ресторán» (лат. <i>Restauro</i> – қалпына келтіру, нығайту) – тапсырысты және фирмалық тағамдарды қоса алғанда, дайындалуы күрделі тағамдардың мол түрін дайындайтын қоғамдық тамақтану кәсіпорны (https://ru.wikipedia.org/wiki/Ресторан).</p> <p>«Ресторан». Әдетте музыкалық эстрадасы бар, қымбат тапсырысты тағамдар мен сусындар сататын, жақсы сәндендірілген, түрге дейін немесе түнде де ашық болатын тамақтану орны. (<i>Ожегов, 1580</i>).</p> <p>«Ресторан» I. Зат есім. 1. Мейрамхана (тамақ, ішімдік ішетін, билеп демалатын асхана тектес қоғамдық орын мейрамхана).</p> <p><i>Бұл той үшін Балташ Н. қаласындағы ресторанның әдейі ас дайындайтын кісілер шақырды (І.Есенберлин, Айқас). Мысалы, өзіңіз ойланыңыз, шетелден келген әнші әлбетте, жәй әншейін қонақ үйге тоқтамайды, жай ресторанның ауқаттанбайды («Қазақ әдебиеті»). Тіпті, оны был ай қойғанда, ресторанда пісірілген балық сорпасының да кешкі тұман үйірілген өзен жағасында мосыға асып, күйелі шелекке пісірген иісі мұрын жаратын басқа балық сорпасынан да пәлендей айырмасы жоқ (Қазақтар хақында). (ҚС, 1089).</i></p> <p>«Мейрамхана» I. Зат есім. 1. Тағам, ішімдік сататын, билеп, демалатын, асхана тектес қоғамдық орын, ресторан. <i>Соңғы жылдары Алматы қаласында мейрамханалар саны бірнеше есе өсті («Жас Алаш»). (ҚС, 916).</i></p> <p>2. Әзербайжан: restoran</p> <p>3. Қырғыз: ресторан</p> <p>4. Өзбек: restoran</p> <p>5. Түрік: restoran</p> <p>6. Ағылшын: a restaurant</p> <p>7. Испан: Restaurante</p> <p>8. Неміс: Restaurant</p> <p>9. Француз: restaurant</p>

3412.	аудитория	Дәрісхана, аудитория	<p>1. «Аудиторія» (лат. <i>auditorium</i> – «тыңдауға арналған орын») – оқу орнында немесе басқа да қоғамдық ғимаратта жұртшылық алдында ауызша сөз сөйлеуге арналған үй-жай (https://ru.wikipedia.org/wiki/Аудитория).</p> <p>«Аудитория». 1. Дәріс оқуға арналған үй-жай. 2. Дәрісті, баяндаманы тыңдаушылар (<i>Ожегов, 41</i>).</p> <p>«Аудитория» I. Зат есім.</p> <p>1. [латын. <i>auditorium</i>] п е д а г о г и к а л ы қ. Дәрісхан а.</p> <p><i>Кейде университеттің тыныштық билеген еңселі а аудиториясында отырған тәрізденеді</i> (С.Шаймерденов, Болашаққа жол). <i>Оқытушы шығып кеткеннен кейін екеу-екеуден қатар отырған қыздар бір-бірімен күбірлесе күлісті де, тегіс кеуделерін қозғап, жүздерін аудиторияның ең артында отырған маған қарай бұрды</i> (Ә.Нұршайықов, Махаббат жырлары). (<i>ҚС, 127</i>).</p> <p>«Дәріс». 1. [араб.] к ө н е р г е н с ө з. Жоғары және арнаулы оқу орындарындағы оқытушының тақырыпты түсіндіруі, лекция, сабақ жүргізудің негізгі әдістерінің бірі. Дәріс арнаулы кәсіптік оқу орындарында, жалпы білім беретін орта мектептердің жоғары сыныптарында, саяси-ағарту жүйелерінде қолданылады (<i>Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика</i>). <i>Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсына оқылған дәрістерден түзілген еді, бұл күнге шейін басылып шығып жарық көре алмады</i> (М.Жұмабаев, Шығармалары). (<i>ҚС, 116</i>).</p> <p>2. Әзербайжан: <i>auditoriya</i></p> <p>3. Қырғыз: <i>угуучулар</i></p> <p>4. Өзбек: <i>auditoriya</i></p> <p>5. Түрік: <i>seyirci</i></p> <p>6. Ағылшын: <i>lecture hall</i></p> <p>7. Испан: <i>auditorio</i></p> <p>8. Неміс: <i>auditorium</i></p> <p>9. Француз: <i>auditorium</i></p>
3413.	общежитие	жатақхана	<p>1. «Общеж́итие» (сөйлеу. «<i>Общага</i>») – басқа жақтан келген студенттердің оқу кезінде уақытша тұруына арналған орын, маусымдық жұмысшылар үшін – жұмыс уақытында немесе мекеме жұмыскерлерінің тұрғылықты жеріне айналған орын (https://ru.wikipedia.org/wiki/Общежитие).</p>

			<p>«Общежитие». 1. Кәсіпорынның жұмысшыларына, оқу орнының білім алушыларына берілетін, жабдықталған тұрғын үй-жай. 2. Қоғамдық тұрмыс. (<i>Ожегов, 1014</i>).</p> <p>«Жатақхана» I. Зат есім. 1. Бір мекемеде жұмыс істейтін немесе бір оқу орнында оқитын адамдардың бірге тұратын тұрақ жайы. <i>Кешкі тамақтан кейін жатақханада бір бөлмеде тұратын төрт жігіт сабағымызды әзірлеп отыр едік, Бейімбет кіріп келді</i> (Ғ.Мүсірепов, <i>Кездеспей кеткен бір бейне</i>). <i>Осы бригадалар комбинаттың жұмысшылары үшін жатақхана салған</i> (Е.Байзақов, <i>Еңбек эстетикасы</i>). <i>Кешке жатақхананың суық бөлмесінде жалғыз қалған мен көзіме күлімдеп тұрған сені елестеттім</i> (Ә.Нұршайықов, <i>Махаббат қызық мол жылдар</i>).</p> <p>«Нан» дүкенінің ғимараты (жатақхананың төменгі қабатында орналасқан) («Егемен Қазақстан»). (<i>ҚС, 485</i>).</p> <p>2. Әзербайжан: hostel 3. Қырғыз: жатакана 4. Өзбек: hostel 5. Түрік: pansiyon 6. Ағылшын: dormitory 7. Испан: hostal 8. Неміс: hostel 9. Француз: auberge</p>
3414.	лаборатория	зертхана	<p>1. «Лаборатория» (орта. лат. <i>laboratorium, laboro</i> – «жұмыс істеймін») – арнаулы тәжірибелер мен химиялық, физикалық, техникалық, механикалық, физиологиялық, психологиялық және т.б. зерттеулерге бейімделген, жабдықталған үй-жай; әдетте жоғары оқу орындарында, зауыттарда, дәріханаларда және т.б. болады. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Лаборатория).</p> <p>«Лаборатория». 1. Ғылыми және техникалық тәжірибелер, эксперименттік зерттеулер, талдаулар жүргізілетін мекеме, бөлім. 2. ауыс. Шығармашылық қызметтің ішкі жағы. (<i>Ожегов, 721</i>).</p> <p>«Лаборатория» I. Зат есім. 1. [латын. <i>laboratorium</i>]. Зертхана (арнаулы жабдықтары бар, техникалық және ғылыми-зерттеу тәжірибелерін жүргізетін орын). <i>Тұқымның өнгіштік проценти тұқым сапасын бақыл</i></p>

			<p><i>ау лабораториясында анықталады (А.Ажкеев, Қант қызылшасы). Туберкулез ауруының диагнозын қою үшін үлкен тәжірибе, лабораториялар мен рентгендер керек (Ш.Көшербаев, Туберкулез). (ҚС, 877).</i></p> <p>«Зертхана» I. Зат есім. 1. <көне латын. laboratorium>. Техникалық және ғылыми зерттеу тәжірибелерін жасайтын арнайы жабдықталған орын. <i>Бауырды ағза «зертханасы» деп те атайды (Тәнтану). (ҚС, 561).</i></p> <p>2. Өзбекбайжан: laboratoriya 3. Қырғыз: лаборатория 4. Өзбек: laboratoriya 5. Түрік: laboratuvar 6. Ағылшын: laboratory 7. Испан: laboratorio 8. Неміс: Laboratorium 9. Француз: laboratoire</p>
3415.	библиотека	кітапхана	<p>1. «Библиотека» (грек. Βιβλίον – кітап + θήκη – қойма, жәшік) – қоғамдық пайдалану үшін баспа және жазба шығармаларын жинаушы және сақтаушы, сондай-ақ ақпараттық-библиографиялық жұмысты жүзеге асырушы мекеме. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Библиотека).</p> <p>«Библиотека». 1. Қоғамдық пайдалану үшін баспа және жазба шығармаларын жинаушы және сақтаушы, сондай-ақ ақпараттық-библиографиялық жұмысты жүзеге асырушы мекеме. 2. Кітаптардың, баспа шығармаларының жиыны, сондай-ақ олар сақталатын үй-жай. 3. Тақырыбы немесе арналымы, жанры бойынша біріккен кітаптар топтамасының атауы. (<i>Ожегов, 79</i>).</p> <p>«Кітапхана» I. Зат есім. 1. [араб. + иран.]. Баспа өнімдерін пайдалану ісін ұйымдастырып, оқырмандарға мәдени-ағарту және ғылыми бағытта көмек көрсететін мекеме.</p> <p><i>Кітапхана тарихы 4-5 ғасырларда Қаңлы патшалығы сарайындағы кітапханалардан, 11-12 ғасырлардағы Отырар кітапханасынан басталды (Қазақстан Ұлттық энциклопедия). Қазақстанның кітапханаларынан көптеген әдебиеттің шығармаларын табуға болады (Ғ.Мүсірепов). Ресей Мемлекеттік кітапханасында Қазақстанның раритеттері болып табылатын, сонау XII ғасырдан бергі тарихты, мәдениетті, өнерді қамтитын кітаптар</i></p>

			<p>көрсетілді («Егемен Қазақстан»).</p> <p>2. Жеке адамның үйіндегі кітаптар жинағы. <i>Профессор Есімбекке иін тірескен екі бөлмедегі бай кітапханасынын қалаған кітабын оқуға беретін</i> (Е.Оразақов, Дәрігер). <i>Марқұмның кітапханасы жайлы сұрадым. Көршісі білетін боп шықты</i> (М.М ағауин, Бір ата). 1903 жылы <i>Петропавл, Көкшетау, Павлодар және Семей уезде рінде белгілі-белгілі қазақтардың үйінде тінту жүргізілді. Соның барысында алынған кітапханалар әлі күнге дейін иелеріне қайтарылмай отыр («Ана тілі»).</i></p> <p>3. и н ф о р м а т и к а л ы қ. <ағылшын. library> Атаулары бойынша тікелей қатынас құруға сәйкестендірілген тараулар мен бөлімдерден тұратын мәліметтер жинағы. <i>Кітапханаға және оның бөлімдеріне қатынас құру тікелей, ал бөлімдерден мәліметтерді таңдау тізбектік түрде іске асырылады</i> (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Информатика және компьютерлік техника). (ҚС, 718).</p> <p>2. Әзербайжан: kitabxana 3. Қырғыз: китепкана 4. Өзбек: kutubxona 5. Түрік: kütüphane 6. Ағылшын: library 7. Испан: la biblioteca 8. Неміс: Die Bibliothek 9. Француз: la bibliothèque</p>
3416.	казино	ойынхана, казино	<p>1. «Казинó» – Карта ойындарына және сүйекпен ойнайтын ойындарға арналған рулеткаларды, ойын үстелдерін, ойын автоматтарын, сондай-ақ басқа да ойын жабдықтарын қолдану арқылы ақшалай немесе басқа да мүліктік ұтыс жарияланатын құмар ойындар ойналатын орын. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Казино).</p> <p>«Казино». Ойын үйі (Ожегов, 585).</p> <p>«Казино». I. Зат есім. 1. [француз. casino]. Ойынхана (түрлі көңілдендіруші мақсаттағы қызметтері бар әмбебап ойынханалық орын). (ҚС, 317).</p> <p>2. Әзербайжан: casino 3. Қырғыз: казино 4. Өзбек: kazino 5. Түрік: kumarhane 6. Ағылшын: casino</p>

			<p>7. Испан: casino 8. Неміс: casino 9. Француз: casino</p>
3417.	ПОЛИКЛИНИКА	емхана	<p>1. «Поликлініка» (көне грек. πόλι – «көп» және көне грек. κλινική – емдеу, айықтыру) – науқастарға қабылдау кезінде және үйде амбулаториялық медициналық көмек көрсетуге арналған көпсалалы немесе мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемесі. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Поликлиника).</p> <p>«Поликлиника». Науқастар келгенде немесе оларға үйіне барып көмек көрсетуге арналған түрлі мамандықтардағы дәрігерлері бар емдеу мекемесі (Ожегов, 1283).</p> <p>«Поликлиника». I. Зат есім. I. [грек. poliklinik, polis – қала, klinike – ем] с ө й л е у. Емхана (науқас адамдар келіп-кетіп емделетін медициналық мекеме). <i>Әдетте мектеп және участкалық поликлиникалар оқушыларды арнаулы қабылдау комиссияларына жібереді (Семья тәрбиесі). (ҚС, 863).</i></p> <p>«Емхана» I. Зат есім. I. м е д и ц и н а л ы қ. Аурулар барып-келіп емделетін аурудың алдын алу шараларын жүргізетін мекеме.</p> <p>Емхананың негізгі міндеттері: <i>өзіне бекітілген тұрғындарына денсаулығын қадағалау, белгілі жоспар бойынша түрлі ауруларға қарсы егу, ауыр операция жасатқан және түрлі жұқпалы аурулармен ауырған адамдарды диспансерлік есепке алу (Қазақстан Ұлттық энциклопедия). Жаңылды емханаға тіркетіп, қай дәрігерге көрінетін қағазын бердім де, өзім Оралдың хал-жағдайын білуге ауруханаға келдім (М.Дүзенов, Ақәже).</i></p> <p>Жеті ауылдық отбасылық емханаларға, оның ішінде Қожбақы ауылдық емханасына жедел жәрдем автокөліктері берілді («Жас Алаш»). Ауруханаларды, емханаларды дәрігерлермен қамтамасыз ету және ауыл-селолық жерлерде жұмыс істейтін дәрігерлерге жағдай жасау жөнінде де бірсыпыра шаралар белгіленуде («Социалистік Қазақстан»). (ҚС, 168).</p> <p>2. Әзербайжан: poliklinika 3. Қырғыз: оорукана</p>

			<p>4. Өзбек: poliklinika 5. Түрік: klinik 6. Ағылшын: polyclinic 7. Испан: policlínico 8. Неміс: Polyclinisch 9. Француз: polyclinique</p>
3418.	пекарня	наубайхана	<p>1. «Пекáрня» – Нан-бөлке және кондитерлік өнімдерді пісірумен және сатумен айналысатын шағын механикаландырылмаған кәсіпорын. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Пекарня). «Пекарня». Нан өнімдерін пісіру кәсіпорны. (Ожегов, 1150). «Наубайхана» I. Зат есім. 1. Нан пісіретін орын. <i>Ұн дүкенге түседі, нан наубайханада піседі</i> (Қ.Ысқақов, Тұйық). Наубайхана қақпасынан жан-жағына жаңа піскен нан иісін таратып машина өтті («Лениншіл жас»). (ҚС, 346). 2. Әзербайжан: çöгәк 3. Қырғыз: наабаткана 4. Өзбек: o'choq 5. Түрік: fırıncılık 6. Ағылшын: bakery 7. Испан: panadería 8. Неміс: bäckerei 9. Француз: boulangerie</p>

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

3419.	амбициозный	өршіл, асқақ	<p>«Амбиция» – лат. ambitio – өзін-өзі аса сүюшілік. Белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу арқылы өзінің артықшылығын дәлелдеуге ұмтылудан көрінетін сананың бұзылуы. Өршілдік. зат. Қайсарлық, бірбеттік, табандылық (ҚС, 1038). Өршіл сын. Қайсар, қайтпас. Асқақ I. сын. 1. Биік, заңғар, зәулім; асқар. 2. ауыс. Өркөкірек, менмен, тәкаппар. 3. ауыс. поэт. Шарықтаған, шалқыған, шабытты. 4. ауыс. Жоғары, ұлы, өр, паң. 5. ауыс. Бейнелі, көркем, әдемі. 6. ауыс. Әдемі, сұлу. 2. Әзербайжан: iddialı 3. Қырғыз: мансапкор 4. Өзбек: shuhratparast 5. Түрік: hırslı 6. Ағылшын: ambitious 7. Испан: ambicioso 8. Неміс: Ehrgeizig 9. Француз: ambitieux</p>
3420.	боевик	содыр	<p>Содыр I. зат.1. жаңа сөз. Экстремизмді қолдаушы. II. сын. 1. Сотқар, тентек, бұзақы, бейбас адам. «Боевик» – заңсыз қарулы ұйымдарға (ұйымдасқан</p>

			<p>қылмыстық топ, террорлық ұйым және т.б.) қатысушы.</p> <p>2. Өзбекбайжан: thriller 3. Қырғыз: триллер 4. Өзбек: triller 5. Түрік: gerilim</p> <p>6. Ағылшын: thriller – триллер, соғыс туралы кино, қорқынышты кино</p> <p>7. Испан: novela de suspense 8. Неміс: Thriller 9. Француз: thriller</p>
3421.	взвешенный	байыпты (саясат, көзқарас)	<p>Байыпты I. сын. 1. Сабырлы, салмақты, орнықты (адамға қатысты). 2. Тұрақты, әбден қалыптасқан. 3. ауыс. Сәтті, жақсы.</p> <p>Салмақты I. сын. 1. Ауыр, салмағы көп. 2. ауыс. Байсалды, байыпты, орнықты (мінез). 3. ауыс. Нақты анық, асықпай орнықты айтылған (сөз). 4. ауыс. Астарлы, зілді (сөз). 5. ауыс. Қиындықты, ауыртпалықты, қайғылы, дертті.</p> <p>«Взвешенный» – 1. Жоғары көтеріліп тұрған қалып (ауыс. толық белгісіздік жағдайында). 2. Жақсылап ойластырылған, салмақты шешім.</p> <p>2. Өзбекбайжан: ағіrlіqlі 3. Қырғыз: салмактанып алынған 4. Өзбек: talabalari</p> <p>5. Түрік: ағіrlіklі</p> <p>6. Ағылшын: suspended – аспалы, шартты, ілінген, тоқтатылған, өлшенген, ілініп тұрған 7. Испан: ponderado 8. Неміс: Gewichtete – піскен, толған, ойластырылған, салмақтанған, негізді 9. Француз: pondéré</p>
3422.	воинствующий экстремизм	өштес экстремизм	<p>Экстремизм I. зат. 1. [лат. extremus – өте-мөте, аса]. Шектен асатын, біржақты көзқарастар мен шараларға берілгендік.</p> <p>«Воинствующий» – бітіспес, ымырасыз, агрессиялы, бір нәрсемен белсенді түрде күресуші.</p> <p>Өштес I. ет. 1. Қастасу, араздасу, жауласу, бір-бірімен дұшпан болу.</p> <p>Бітіспес I. сын. 1. Ешбір мәмілеге, ымыраға келмейтін.</p> <p>2. Өзбекбайжан: zoraki ekstremizm 3. Қырғыз: айыгышқан экстремизм 4. Өзбек: zo'ra von ekstremizm 5. Түрік: şiddetli aşırı cılık 6. Ағылшын: militant extremism</p> <p>7. Испан: extremismo violento 8. Неміс: gewalttätiger Extremismus 9. Француз: l'extrémisme violent</p>
3423.	насильственный экстремизм	зорлық-зомбылық	<p>Экстремизм I. зат. 1. [лат. extremus – өте-мөте, аса]. Шектен асатын, біржақты</p>

		экстремизмі	<p>көзқарастар мен шараларға берілгендік. Зорлық-зомбылық зат. 1. Қиянат-қылмыс, зәбір-жапа. «Насильственный» – зорлық-зомбылық, күштеу арқылы іске асырылатын; ерік-жігерге қарсы жүргізілетін. Зорлықшыл I. сын. 1. Қиянатшыл, әділетсіз, зорлық көрсеткіш. 2. Әзербайжан: zorakı ekstremizm 3. Қырғыз: айығышқан экстремизм 4. Өзбек: zo'ra von ekstremizm 5. Түрік: şiddetli aşırıcılık 6. Ағылшын: violent extremism 7. Испан: extremismo violento 8. Неміс: gewalttätiger Extremismus 9. Француз: l'extrémisme violent</p>
3424.	гармонизация	үндестіру	<p>Үндестіру I. ет. 1. Сәйкестендіру, үйлестіру. «Гармонизация» – 1. Үйлесім жағдайына әкелу. 2. Аккордты немесе хордың даусын қандай да бір әуенге үйлестіру. 2. Әзербайжан: uyğunlaşma 3. Қырғыз: шайкеш келтирүү 4. Өзбек: sergak 5. Түрік: uyumlaştırma 6. Ағылшын: harmonization – үйлестіру, үйлестірім 7. Испан: armonización 8. Неміс: Harmonisierung 9. Француз: harmonisation</p>
3425.	горячая линия	қауырт желі	<p>«Горячая линия» – оқиға орынан ең соны жаңалықтарды немесе мәліметтерді алғашқы дереккөзден таратуға арналған тікелей байланыс (мысалы, телефон желісі). Қауырт I. үстеу. 1. Жаппай. 2. Асығыс, тез арада. Шұғыл I. үстеу. 1. р е с м и. Тез, тығыз, жедел. 2. Дереу, бірден. 3. Кенет, кілт, аяқ астынан (жылдам, шапшаң, шалт, дереу, лезде, сәтте, заматта, демде, жедел, зәуметте, іле, әудемде, әндемде, әп-сәтте, қас-қағымда, тез). Қарбалас I. ет. 1. Жанталасу, жанұшыру; асығыс-үсігіс қимылдау. II. үстеу. 1. Тығыз-таяң, асығыс, қауырт. 2. Асығыс-үсігіс қимыл, жанталас. 2. Әзербайжан: qaunar xətt 3. Қырғыз: шашылыш 4. Өзбек: ishonch telefoni 5. Түрік: danışma hattı 6. Ағылшын: hot line – шұғыл желі, тікелей байланыс желісі 7. Испан: línea telefónica 8. Неміс: Hotline 9. Француз: hotline</p>
3426.	горячая точка	қақтығыс ошағы	<p>«Горячая точка» – қарулы қақтығыс, ұрыс қимылдары жүріп жатқан жер, өңір. Қақтығыс I. ет. 1. Қағылып-соғылу, соқтығысу. 2.</p>

			<p>Ұрысып-керісу, сөзге келу, айтысу. 3. Қырғи-қабак болу араздасу. II. Зат. 1. Бетпе-бет соғыс, шайқас. 2. Ұрыс-керіс.</p> <p>Ошақ I. зат.1. Үстіне қазан қойып, тамақ пісіруге арналған үш аяқты қоршау темір. 2. Үстіне қазан асып тамақ пісіретін, тастан, кірпіштен қалап жасалған немесе қазылған орын; жерошақ. 3. ауыс. Үй-іші, бала-шаға, отбасы. 4. ауыс. Бір нәрсенің шоғырланған, шоқталған жері. 2. Әзербайжан: hot spot 3. Қырғыз: ысык чекит 4. Өзбек: issiq nuqta 5. Түрік: sıcak bölge 6. Ағылшын: hot spot – шиеленіс ошағы, құнарлы жер, қызған жер 7. Испан: punto caliente 8. Неміс: Hot-Spot 9. Француз: point chaud</p>
3427.	корреспондировать	ұштастыру	<p>«Корреспондировать» – (ескі) қандай да біреумен хат-хабар алысып тұру; (ескі) қандай да бір жаққа хабарлама жазу және жіберу; (ресми) қандай да бір нәрсеге сәйкес келу; қандай да бір нәрсемен арақатынаста болу.</p> <p>Ұштастыру I. ет. 1. Ұластыру, жалғастыру. 2. ауыс. Байланыстыру, қатар алып жүру. 2. Әзербайжан: qiyabi daxil 3. Қырғыз: кат алышуунун салып 4. Өзбек: yozishmaga 5. Түрік: yazışma içine 6. Ағылшын: correspond 7. Испан: en correspondencia 8. Неміс: in Korrespondenz 9. Француз: en correspondance</p>
3428.	детонатор	тұтатқыш; пілте	<p>Детонатор (lang-fr etonер – жарылу) – бризанттық жарғыш заттар заряды; артиллериялық снарядтардың, миналардың, авиабомбалардың, ракетаның ұрыстық бөлігінің негізгі зарядын, сондай-ақ қопарғыш зарядты жару (оталдыру) үшін қолданылады. Тұтатқыш I. зат. Ашық оралған шиыршығы бар, тұтатуға арналған электр құрал. Пілте I. зат. 1. с ө й л е у. Білте (шам, шырақ сияқты жарық беретін құралдарды тұтандыру, от алдыру үшін пайдаланылатын ширатылған, өрілген мақта жіп). 2. Әзербайжан: detonator 3. Қырғыз: детонатор 4. Өзбек: detonator 5. Түрік: patlatıcı 6. Ағылшын: detonator – капсуль, детонатор, петарда 7. Испан: detonador 8. Неміс: Zünder – жарғыш, тұтандырғыш 9. Француз: détonateur – детонатор, петарда</p>

3429.	детонация	жарылыс	<p>«Детонация» – фр. détoner – «жарылу», лат. detonare – «күркіреу». Заттың бойы арқылы химиялық жану реакциясын тудыратын соққы толқын таралатын жану режимі, мұнда соққы толқынның қозғалысы экзотермиялық реакциядан бөлінетін жылу арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Жарылыс I. зат. 1. Оталып тұтанатын заттың жарылуынан пайда болған қопарылыс, дүмпу. 2. ауыс. Ішкі серпіліс, тұла бойды серпілткен күш. 2. Әзербайжан: detonasiya 3. Қырғыз: жарылуусунан 4. Өзбек: yonish 5. Түрік: patlama 6. Ағылшын: detonation – детонация, жарылыс, жарылыс кезіндегі гүрсіл 7. Испан: detonación 8. Неміс: Explosion – жарылыс, айырылу, детонация 9. Француз: détonation – детонация, атыс дауысы, жарылыс, гүрсіл, күркіреу</p>
3430.	досье	дерекнама	<p>Дерекнама I. зат. 1. Белгілі бір ғылыми зерттеуге негіз болатын жазба дүние, ескерткіш. «Досье» (фр. dossier) – қандай да бір нақты іске немесе мәселеге қатысты құжаттар мен материалдардың жиынтығы, сондай-ақ осы материалдар салынған папка. 2. Әзербайжан: dosye 3. Қырғыз: мумбайда 4. Өзбек: fayli 5. Түрік: dosya 6. Ағылшын: dossier – файл, егеу, картотека, қайрақ 7. Испан: dossier 8. Неміс: Dossier – іс, дерекнама, құжат 9. Француз: dossier – іс, арқалық, негіз, дерекнама, папка, жоба</p>
3431.	зрелость	кемелдік	<p>Кемелдік I. зат. 1. Кемеліне келгендік, жетілгендік, толысқандық. «Зрелость» – адам өміріндегі ең ұзақ әрі ең маңызды кезең (адамның жекетұлғалық қасиетіне байланысты 30-65 жас аралығын қамтиды).</p> <p>Кемелділік I. зат. 1. Толып жетілгендік, кемеліне келгендік. 2. Әзербайжан: yetkinlik 3. Қырғыз: мөөнөтү 4. Өзбек: yetuklik 5. Түрік: vade 6. Ағылшын: maturity – кемелдік, аяқталғандық, кәмететтік, ержеткендік 7. Испан: madurez 8. Неміс: Reife – піскендік, жетілгендік 9. Француз: maturité – кемелдік, пісу</p>
3432.	истерика	есерлену, аласұру, долылық	<p>«Истерика» – hystérique adj. < лат. hysterica < гр. hystera – жатыр (әйелдің дене мүшесі. Жүйкенің психикалық дерті; жүйке ұстамасы. Есерлену I. зат. 1. Әумесерлену, есіру, делқұлылану. 2. Ақымақтану,</p>

			<p>эңгілену, қызбалану. 3. ауыс. Ес жиғызбау, күшею, құтырыну. Аласұру I. зат. 1. Тыпыршып қолды-аяққа тұрмау; бой бермеу; байыз таппау. 2. Жанталасу, жаны қиналу, арпалысу. 3. Жанын салу, тыныштық көрмеу, тыным таппау. 4. ауыс. Желдің, боранның, дауылдың тұруы, қатты соғуы; теңіздің буырқануы, күннің күйдіруі. Долылық I. зат. 1. Қатты кернеген ыза, ызалы ашу. 2. ауыс. Өзен сулардың, табиғаттың ерекше өзгерісі, жайсыз құбылысы. 2. Өзербайжан: isteriya 3. Қырғыз: чатак 4. Өзбек: hysterics 5. Түрік: sinir bozukluğu 6. Ағылшын: hysterics – есерлік, есірік ұстама 7. Испан: histerismo 8. Неміс: Hysterie 9. Француз: hystériques</p>
3433.	конфронтация	текетірес	<p>«Конфронтация» (франц. confrontation) – текетірес, әлеуметтік жүйелердің, топтар мүдделерінің, сенімдердің қарама-қарсылығы. Текетірес I. зат. 1. Бірін-бірі жеңе алмаушылық, басым түспеушілік. II. ет. 1. Бірін-бірі жеңе алмау, басым түспеу. 2. Өзербайжан: qarşidorma 3. Қырғыз: бетме бет коюу 4. Өзбек: qaramaqarshilik 5. Түрік: yüzleşme 6. Ағылшын: confrontation – конфронтация, текетірес, беттестіру, салыстыру 7. Испан: confrontación 8. Неміс: Konfrontation – беттестіру, конфронтация, текетірес, қақтығыс, салыстыру 9. Француз: affrontement</p>
3434.	турбулентность	құйындама	<p>«Турбулентность» – лат. turbulentus – екпінді, қарқынды, ретсіз. 2. Өзербайжан: coşğunluq 3. Қырғыз: дуулдоо 4. Өзбек: girdobli harakat 5. Түрік: türbülans 6. Ағылшын: turbulence – турбуленттілік, қобалжу, екпінділік, ретсіздік 7. Испан: turbulencia 8. Неміс: Turbulenz – турбуленттілік, толқыныс, құйындау 9. Француз: turbulence</p>
3435.	«тихая дипломатия»	«үнсіз дипломатия»	<p>Үнсіз I. сын. 1. Дыбыс шығармай, дыбыссыз. 2. Жым-жырт, ләм демей. 3. ауыс. Меңіреу (тыныштық). Дипломатия I. зат. 1. [француз. diplomatie] саяси. Мемлекеттің сыртқы, халықаралық саясатын жүргізу жөніндегі үкімет әрекеті. 2. ауыс. Құлық, айла-шарғы. Бұйығы I. зат. 1.</p>

			<p>ботаникалық. Құмды жерде өсетін өсімдік. II. сын. 1. Тұйық, сөзге сараң, ұяң (адам). 2. ауыс. Енжар, марғау. 3. ауыс. Тыптыныш жатқан, меңіреу. 4. ауыс. Бір қалыпты, өзгеріссіз.</p> <p>2. Әзербайжан: sakit diplomatiya 3. Қырғыз: тынч дипломатия 4. Өзбек: sokin diplomatik 5. Түрік: sessiz diplomasi 6. Ағылшын: quiet diplomacy 7. Испан: diplomacia discreta 8. Неміс: stille Diplomatie 9. Француз: calme diplomatie</p>
3436.	ориентировать	бағдар беру	<p>«Ориентировать» – бір нәрсенің орналасқан жерін қоршаған ортаға қатысты анықтау. Бағдар I. зат. 1. <неміс. Marschrute>. Бағыт, беталыс, алдын ала белгіленген жол.</p> <p>2. Әзербайжан: səmtləmək 3. Қырғыз: багыт 4. Өзбек: yo'llamoq 5. Түрік: doğrultmak</p> <p>6. Ағылшын: orient – бағыттау, орналасқан жерін анықтау, шығысқа қарай бұру</p> <p>7. Испан: orientar 8. Неміс: ausrichten – тегістеу, туралау, теңестіру, дұрыстау, бағдарлау 9. Француз: s'orienter – бағдарлау, анықтау, бағыт беру</p>
3437.	отправная точка	бастапқы нүкте	<p>Бастапқы I. сын. 1. Әуелгі, алғашқы, алдыңғы. Нүкте I. зат. 1. Кішкентай ғана қара дақ, ноқат. 2. грамматика. Ойдың аяқталғандығын білдіру үшін сөйлем соңына қойылатын тыныс белгісі. 3. мат. Геометрияның жүйелі түрде баяндалуындағы негізгі ұғымдардың бірі. 4. Орын, мекенжай, елді мекен. 5. инфор. Экран бетіндегі немесе параққа басылған графикалық кескіннің бағдарлама бойынша түсі өзгертіле алатын ең кіші элементі.</p> <p>2. Әзербайжан: başlanqıç nöqtəsi 3. Қырғыз: баштапқы чекити 4. Өзбек: boshlang'ich nuqtasi 5. Түрік: hareket noktası 6. Ағылшын: a starting point – жолданатын жер, жолданатын пункт 7. Испан: punto de partida 8. Неміс: Ausgangspunkt – бастапқы пункт, жолданатын жер 9. Француз: point de départ</p>
3438.	«облетная группа»	байыптау тобы	<p>Байыптау I. ет. 1. Аңғару, көру. 2. Ақылға салып жан-жақты байқау; топшылау (абайлау, байқау, аңдау, аңғару, аңыстау, бағдарлау, байымдау, байқастау, парықтау, бағамдау, парлау). Байқастау I. ет. 1. Абайлап, байқап қарау. 2. Аңғару, аңдап білу.</p> <p>Топ I. зат. 1. Бірнеше адамның, малдың және т.б. заттардың басы қосылған шағын жиыны. 2. қоғ.-</p>

			<p>әлеу. Қоғамдағы өндірістік тәсілдерге сәйкес пайда болатын әлеуметтік жік. 3. Бір мүдде топтастырған адамдар. 4. пед. Әлеуметтік тұтастықтан белгілі бір нышанадары негізінде бөлінетін адамдардың шектеулі шамадағы қауымдастығы. 5. көнерген сөз. Зеңбірек.</p> <p>2. Әзербайжан: obletnaya qrup 3. Қырғыз: obletnaya тобу 4. Өзбек: obletnaya guruhi 5. Түрік: obletnaya grubu 6. Ағылшын: flying group 7. Испан: grupo obletnaya 8. Неміс: obletnaya Gruppe 9. Француз: groupe obletnaya</p>
3439.	«передовая группа»	алдыңғы топ	<p>Алдыңғы I. үстеу. 1. Ілгері, әуелгі, бастапқы, алдағы, кейінгі емес. 2. Бұрынғы, өткен уақыт, өткен күн, кешеден арғы күнгі, былтыр дан арғы жылы. 3. Болашақ, келер уақыт, алдағы уақыт. Топ I. зат. 1. Бірнеше адамның, малдың және т.б. заттардың басы қосылған шағын жиыны. 2. қоғ.-әлеу. Қоғамдағы өндірістік тәсілдерге сәйкес пайда болатын әлеуметтік жік. 3. Бір мүдде топтастырған адамдар. 4. пед. Әлеуметтік тұтастықтан белгілі бір нышанадары негізінде бөлінетін адамдардың шектеулі шамадағы қауымдастығы. 5. көнерген сөз. Зеңбірек.</p> <p>2. Әзербайжан: advance komanda 3. Қырғыз: алдын ала командасы 4. Өзбек: advance jamoasi 5. Түрік: öncü ekir 6. Ағылшын: advanced group 7. Испан: equipo de avanzada 8. Неміс: Vormannschaft 9. Француз: équipe avance</p>
3440.	отписка	сырғытпа жауап	<p>«Отписка» – қандай да бір сұрақ немесе мәселеге байланысты істің мән-жайына қатысы жоқ мазмұнсыз, формалды жазбаша жауап. Сырғытпа I. сын. 1. Шығарыпсалма, жылжытпа (сөз). Жауап I. зат. 1. [араб.] Біреудің сұрағына берілетін уәж, қайтарылатын сөз. 2. ауыс. Қарсы әрекет; еруліге қарулы. 3. ауыс. Тергеу, сот. 4. матем. Есептің қорытындысы, нәтижесі. 5. жерг. сөз. Рұқсат.</p> <p>2. Әзербайжан: gəlib-off 3. Қырғыз: келип-өчүрүү 4. Өзбек: kelib-off 5. Түрік: gel-off 6. Ағылшын: unsubscribing – әдіс-айла, бұлтақ, сырғытпа, аяқтау 7. Испан: venir-off 8. Неміс: Austritts 9. Француз: come-off</p>

3441.	калибровка	калибрлеу, дэлдеп-түзеу	<p>Калибрлеу – 1) прокат өндірісінде – металл шыбықтарды, сымды және басқа да осындай металл бұйымдарды белгілі бір өлшеммен шығару үшін созу станының арнаулы тесігінен өткізіп, суық күйінде сәл сығымдай созу; 2) тұқымды калибрлеу – әр түрлі дақылдардың (жүгері, қант қызылшасы және т.б.) дән түйірлерінің өлшемдеріне сәйкес іріктелуі. Дән сепкішті біркелкі тұқымдармен қамтамасыз етеді. Калибрлеу арнайы калибрлегіш машинамен жүзеге асырылады; 3) жемістерді калибрлеу – қолмен не калибрлеуші машина жәрдемімен жемістерді өлшемдеріне сәйкес біркелкі түйірлерге ажырату. Жемістерді (алма, цитрусты жемістер және т.б.) сапасы мен өлшемдеріне қатысты калибрлеу калибрлеуші машина (диам. 55-75 мм тесігі бар 5 транспортер) арқылы іске асырылады.</p> <p>Дәлдеу I. ет. 1. Дөп келетіндей етіп туралау, сәйкестіру, үйлестіру. 2. Нысанаға алып нақтай көздеу, мүлт жібермеу.</p> <p>Түзеу I. ет. 1. Қисық нәрсені түзу қалыпқа келтіру; дұрыстау. 2. Жөндеу, жөнге келтіру. 2. Өзербайжан: kalibrләтә 3. Қырғыз: калибрлөө 4. Өзбек: kalibr lash 5. Түрік: ayarlama 6. Ағылшын: calibration – калибрлеу, өлшемін алу, шамасы бойынша іріктеу 7. Испан: calibración 8. Неміс: Kalibrierung 9. Француз: étalonnage – калибрлеу, өлшемін тексеру, іріктеу, ыдысқа бөліп салу</p>
3442.	корреляция	корреляция, туралап-түзеу, арасалмақ	<p>Корреляция (көне лат. correlatio – арақатынас). 1) Биологияда – организмнің дамуы және тіршілігі кезіндегі клеткаларының, тіндерінің, органдарының және жүйелерінің құрылысы мен атқаратын қызметтерінің бір-біріне сәйкестілігі, үйлесімділігі. 2) Геологияда – бір-бірінен шалғай аймақтарда тараған тау жыныстары топтарының өзара қатынасы бойынша олардың геологиялық жасын анықтау. 3) Математикалық статистикада – қарастырылатын жалпы жағдайда тікелей функциялық байланыста болмайтын, ықтималдық немесе статисталық тәуелділік.</p> <p>Туралау I. зат. 1. инф. Мәтін жолына оның сөздерінің немесе символдарының арасындағы бос орындарды өзгерту (көбейту не азайту) арқылы көрсетілген пішімді пайдалану тәсілі. II.</p>

			<p>сын 1. Бағыты дұрыс, түзулеу; дұрыстау. III. ет. 1. Ретке келтіру, ыңғайлау. Түзеу I. ет. 1. Қисық нәрсені түзу қалыпқа келтіру; дұрыстау. 2. Жөндеу, жөнге келтіру. Арасалмақ I. зат. 1. Көлем-мөлшер. 2. Әзербайжан: nisbət 3. Қырғыз: өз ара байланыш 4. Өзбек: korrelyatsiya 5. Түрік: bağıntı 6. Ағылшын: correlation – корреляция, арақатынас, өзара байланыс, өзара тәуелділік, өзара қарым-қатынас 7. Испан: correlación 8. Неміс: Korrelation – корреляция, арақатынас 9. Француз: corrélation – корреляция, пропорция, келісу, өзара байланыс, арақатынас</p>
3443.	линия разлома	тайталас сызығы	<p>«Линия» – лат. linea – «жіп, бау; сызық». Созылған, жіңішке объект; ауыс. Бір-бірімен байланысқан объектілер тізбегі. «Разлом» – қандай да бір нәрсенің сынған жері. Тайталас I. зат. 1. Талас-тартыс, егес, қақтығыс. 2. Қатарлас, бірге, тең. II. ет. 1. Сөзбен я күшпен тіресу, таласып-тартысу. 2. Бәсекелесу, жарысу. Сызық I. зат. 1. Қағаз бетіне болмаса басқа бір затқа түскен жазу, сы зылған шимай. 2. геом. Түзу түріндегі геометриялық фигура. 3. ауыс. Бетке, маңдайға түскен әжім. 4. ауыс. Тағдыр бұйрығы, жазуы. 5. ауыс. Көңілдегі қайғы-қасірет, іштегі күйік. 6. ауыс. Қас, қыздың қасы. 7. инф. Экрандағы түзу сызық түріндегі геометриялық фигура немесе оны кескіндеу элемент і және графиктік редактордағы ең қарапайым геомет риялық элемент. Кікілжің I. зат. 1. Реніш, кейіс, өкпе (реніш, кірбің, кірбелең, кейіс, қыжыл, өкпе, қынжылыс, кірбең, кіркілжің, қаяу, нала, налыс, наза, керкіл, қапа, қырқылжың). Күйреу I. ет. 1. Құлдырау, дағдарысқа ұшырап, құру, құлау. 2. Бұзылу, қирау, сыну. 3. ауыс. Іштей таусылып жер болу, жасу. 4. ауыс. Әлсіздік, осалдық көрсету, имену. 2. Әзербайжан: qırıq xətt 3. Қырғыз: жаракан сызық 4. Өзбек: sinish liniyasi 5. Түрік: kırık çizgi 6. Ағылшын: fault line 7. Испан: línea de fractura 8.</p>

			Неміс: Bruchlinie 9. Француз: ligne de fracture
3444.	линия соприкоснове ния	тоғысу сызығы	<p>«Соприкосновение» – 1. Екі немесе бірнеше дененің бір-бірінің шегімен, бөліктерімен жанасқан жағдайы. 2. Қандай бір нәрселердің арасында тікелей жанасу орын алуы мүмкін тікелей жақындық, қалып. 3. ауыс. Тікелей қарым-қатынас, таныстық.</p> <p>«Линия» – лат. linea – «жіп, бау; сызық». Созылған, жіңішке объект; ауыс. Бір-бірімен байланысқан объектілер тізбегі.</p> <p>Тоғысу I. ет. 1. этн. Айдың Үркерді басып өтуі. 2. Әр тараптан келіп, бір-бірімен түйісу, тоқайласу, бір арнаға құю. 3. Бір жерге жиналу, бас қосу, кездесу. 4. ауыс. Ойлары бір жерден шығу, үйлесе кету. 5. ауыс. Табысу. 6. ауыс. Ұштасу, ұласу. 7. ауыс. Үстін-үстін үйілу. 8. ауыс. Ұқсау, бірдей болу. 9. ауыс. Тартысу, таласу.</p> <p>Сызық I. зат. 1. Қағаз бетіне болмаса басқа бір затқа түскен жазу, сызылған шимай. 2. геом. Түзу түріндегі геометриялық фигура. 3. ауыс. Бетке, маңдайға түскен әжім. 4. ауыс. Тағдыр бұйрығы, жазуы. 5. ауыс. Көңілдегі қайғы-қасірет, іштегі күйік. 6. ауыс. Қас, қыздың қасы. 7. инф. Экрандағы түзу сызық түріндегі геометриялық фигура немесе оны кескіндеу элементі және графиктік редактордағы ең қарапайым геометриялық элемент.</p> <p>2. Әзербайжан: təmas xəttində 3. Қырғыз: байланыштын сызык 4. Өзбек: aloqa liniyasi 5. Түрік: temas hattı 6. Ағылшын: contact line 7. Испан: línea de contacto 8. Неміс: Berührungslinie 9. Француз: ligne de contact</p>
3445.	маргинал	маргинал	<p>Маргинал (лат. margo – шет). I. зат. 1. лат. marginalis. филос. Әртүрлі әлеуметтік институттар мен топтар арасында аралық жағдайда тұрған, өз тобына тән белгілерінен айырылған жеке тұлғалар мен топтар.</p> <p>Қолшоқпар I. зат. 1. Ерте кездегі жорықшылардың, батырлардың қаруы (бір құлашқа таяу шоқпар ағаш). 2. ауыс. Біреудің сойылын соғушы, сөзін сөйлеуші.</p>

			<p>Қуыршақ I. зат. 1. Сәби бейнесіндегі қыз балалар ойыншығы. 2. Осы ойыншықпен ойнайтын ойын. 3. Ойыншық сияқты, кіп-кішкентай. 4. ауыс. Әркімнің еркінде кететін, біреудің айтқанын істейтін адам. 5. саяси. <франц. marionette>. Басқа біреудің, күштердің ырқымен жүріп, еркіне бағынатын адам, ұйым, мемлекет т.б. 6. Адам бейнесіндегі мүсін. 7. зоол. Толық түрленіп дамитын насекомдардың ересек насекомға айналар аралығындағы қоректенбейтін, қозғалмайтын, тыныштық қалпы.</p> <p>2. Өзербайжан: səfil 3. Қырғыз: кошпой 4. Өзбек: quvilgan 5. Түрік: serseri 6. Ағылшын: marginal 7. Испан: marginado 8. Неміс: Ausgestoßene 9. Француз: banni</p>
3446.	месседж	месседж; жолданым	<p>Месседж (ағылшын. message) – хабар, жолдау, арнау.</p> <p>2. Өзербайжан: mesaj 3. Қырғыз: кайрылуусу 4. Өзбек: xabar 5. Түрік: mesajı 6. Ағылшын: message 7. Испан: mensaje del 8. Неміс: Botschaft 9. Француз: message</p>
3447.	международный посредник	халықаралық дәнекер	<p>«Посредник» – коммерциялық, қаржылық операциялар жасау, сондай-ақ әртүрлі қатынастардағы даулы мәселелерді реттеу бойынша қызмет көрсететін заңды немесе жеке тұлға.</p> <p>Халықаралық I. сын. 1. Сыртқы саясатқа, халықтар мен елдердің өзара байланысына қатысты, соларға тән. 2. Көптеген халықтарға тараған, солардың арасында болатын, интернационалды.</p> <p>Дәнекер I. зат. 1. тех. Металдан жасалған заттарды ұстатып біріктіретін қорытпа, металл. 2. Екі затты қосып байланыстырушы зат. 3. ауыс. Адамдар арасын тығыз байланыстыратын, жақындастыратын негіз, себеп. 4. ауыс. Түрлі әрекеттерге ықпал етуші жағдайлар, себеп. 5. Қорек, қорек бергіш. 6. Байланыстырғыш, жалғастырғыш. 7. ауыс. Дәлел, көмек, айғақ.</p> <p>2. Өзербайжан: beynəlxalq vasitəçi 3. Қырғыз: эл аралык арачы 4. Өзбек: xalqaro vositachi 5. Түрік: uluslararası arabulucu 6. Ағылшын: international mediator 7. Испан: mediador internacional 8. Неміс: internationale Vermittler 9. Француз: médiateur international</p>

3448.	мозговой центр	ойталқы орталығы	<p>«Мозговой центр» – аналитикалық орталықтар, «фабрика мысли», «мозговой трест»; англ. think tanks, англ. brains trust. Әдетте өздерінің күш-жігерін гуманитарлық ғылымдар – саясаттану, экономика, әлеуметтану, құқық және т.б. салаларда үйлестіретін ғылыми-зерттеу ұйымдары.</p> <p>2. Әзербайжан: hesab-tank 3. Қырғыз: ойлоу борбору 4. Өзбек: deb o'uyayman 5. Түрік: düşünce kuruluşu 6. Ағылшын: think-tank – ойшыл орталық, сарапшылар комиссиясы, бақыраш, құты, бас 7. Испан: de reflexión 8. Неміс: Think-Tank 9. Француз: think-tank</p>
3449.	«мягкая сила»	«жұмсақ күш»	<p>«Мягкая сила» (англ. soft power) – еркін қатысу, мейірбандық көрсету негізінде оң нәтижелерге қол жеткізуді көздейтін сыртқы саяси стратегия нысаны.</p> <p>2. Әзербайжан: yumşaq güc 3. Қырғыз: жумшак күчтү 4. Өзбек: yumshoq kuch 5. Түрік: yumuşak güç 6. Ағылшын: soft power 7. Испан: poder blando 8. Неміс: soft Power 9. Француз: soft power</p>
3450.	приветственное слово	ілтпат сөз	<p>«Привётствие» – адамның (адамдар тобының) басқа адаммен (адамдар тобымен) қатынасқа түсуіне қажетті ым-ишара, сөз, сөз тіркестері, жазбаша жолдау (немесе осылардың барлығы) немесе басқаша бір жоралғы. Ілтпат I. зат. 1. [араб]. Біреуге деген жақсы ниет, риясыз көңіл; назар, ықылас, пейіл, ниет. Лебіз I. зат. 1. Сөйленген сөз, лепес. 2. Үн, дауыс. 3. линг. Айтылым, сөйлеу мағынасында. 4. ауыс. Ант, серт, уәде. 5. ауыс. Махаббат, сезім. 6. ауыс. Жанға жайлы жаймашуақ ауарайы туралы. 2. Әзербайжан: hoş ünvan 3. Қырғыз: саламдашуу дареги 4. Өзбек: xush kelibsiz manzil 5. Түрік: karşılama adresi 6. Ағылшын: greeting – сәлемдесу, кездесу, тағзым, тәжім 7. Испан: bienvenida 8. Неміс: willkommen Adresse 9. Француз: discours de bienvenue</p>
3451.	поздравительно е слово	құттықтау сөз	<p>«Поздравление» – қандай да бір салтанатты немесе қуанышты жағдай бойынша өзінің сәлемін және көзқарасын білдіру. Құттықтау I. зат. 1. сөйлеу. Құттықтау хат. II. ет. 1. Ресми құттықтау хат жолдау. Сөз I. зат. 1. Адамның ой-пікірі, көзқарасы. 2. линг. Белгілі бір</p>

			<p>мағынасы бар заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін тілдің негізгі бірлігі. 3. Бір нәрсе жайында айтылған әңгіме. 4. Жиналыста көпшілікке қаратыла айтылатын пікір, мәлімдеме, деректі ақпар. 5. Өнге арналған өлең мәтіні.</p> <p>Лебіз I. зат. 1. Сөйленген сөз, лепес. 2. Үн, дауыс. 3. линг. Айтылым, сөйлеу мағынасында. 4. ауыс. Ант, серт, уәде. 5. ауыс. Махаббат, сезім. 6. ауыс. Жанға жайлы жаймашуақ ауарайы туралы. 2. Өзбек: tabrik so'zi 3. Қырғыз: куттуктоо сөзү 4. Өзбек: tabrik so'zi 5. Түрік: tebrik kelime 6. Ағылшын: congratulatory word 7. Испан: palabra de felicitación 8. Неміс: Gratulations Wort 9. Француз: mot de félicitation</p>
3452.	резонанс	резонанс, жаңғырық	<p>Резонанс – лат. resono, фр. resonance – үн қосу, дыбыс қайтару. Периодты түрде сырттан әсер етуші күштің жиілігі тербелмелі жүйенің меншікті жиілігіне жақындағанда сол тербелмелі жүйедегі еріксіз тербелістер амплитудасының күрт арту құбылысы; мәжбүр етуші күштің жиілігі жүйе тербелісінің меншікті жиілігіне жуықтаған кезде жүйедегі мәжбүр тербеліс амплитудасының кенеттен артып кету құбылысы Резонанс I. зат. 1. Дыбыстың жақсы естілуі. 2. Дыбысты күшейтетін, жақсы естіретін сипат, мекеме, орын-жайдың ыңғайлылығы. 2. Өзбек: rezonans 3. Қырғыз: резонанс 4. Өзбек: rezonans 5. Түрік: rezonans 6. Ағылшын: resonance 7. Испан: resonancia 8. Неміс: Resonanz – резонанс, жаңғырық, үн қату 9. Француз: résonance</p>
3453.	риторика	1. Риторика, 2. сөзуарлық	<p>«Ритóрика» – көне грек. ῥητορικὴ – «шешендік өнер», ῥήτωρ – «шешен». Сөйлеу өнерін, көркем сөйлеудің құрылу ережесін, шешендік өнерді зерттейтін филологиялық пән. Даурықпа I. зат. 1. Көпірме, бос сөз. II. сын. 1. Дабырлаған, қатты шыққан (дыбыс). 2. Айғай-шулы, таласты. 2. Өзбек: ritorika 3. Қырғыз: риторика 4. Өзбек: ritorikasi 5. Түрік: belâgat 6. Ағылшын: rhetoric – риторика, сөзуарлық, шешендік өнер 7. Испан: retórica 8. Неміс: Rhetorik – шешендік өнер, сөзшендік,</p>

			риторика 9. Француз: rhétorique
3454.	умеренный	бірқалыпты	<p>«Умеренный» – екі шектің арасындағы орташа қалып – үлкен емес және кіші емес, күшті емес және әлсіз емес.</p> <p>Біртоға I. сын. 1. Бірқалыпты, сабырлы, көп сөйлемейтін, бірмінезді.</p> <p>Ұстамды I. сын. 1. Байыпты, байсалды, сабырлы (сабырлы, байсалды, салмақты, маңғаз, салиқалы, сарабал, тағатты, байыпты, басалқы).</p> <p>2. Әзербайжан: mülayim 3. Қырғыз: орточо 4. Өзбек: o'rtacha 5. Түрік: ılımlı</p> <p>6. Ағылшын: moderate – бірқалыпты, орташа, шағын, ұстамды, тапал, шамалылық</p> <p>7. Испан: moderado 8. Неміс: mäßig – бірқалыпты, ұстамды, сабырлы, шағын, орташа</p> <p>9. Француз: modéré – бірқалыпты, ұстамды, сабырлы, ақыл-ойы түзу</p>
3455.	утечка информации	ақпараттың таралып кетуі	<p>«Утечка информации» – қорғалатын ақпараттың жария болуы, ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу және қорғалатын ақпаратты шетелдік барлаушылардың алуы салдарынан бақылаусыз таралуы.</p> <p>2. Әзербайжан: məlumat sızmaq 3. Қырғыз: маалымат ийилүү 4. Өзбек: axborot oqish</p> <p>5. Түрік: bilgi sızıntı 6. Ағылшын: information leak – ағу, ағып кету, ақпараттың таралуы, борпас жер 7. Испан: información fuga 8. Неміс: Informationen Leck 9. Француз: information fuite – жосу, шұбыру, ағу, ағып кету, ақпараттың таралуы, жылтылдау</p>
3456.	скептически	күмәнмен қарау	<p>«Скептически» – грек. skeptomai – ойға бату, толғану. Қандай да бір нәрсеге сындарлы, сенімсіз қатынас, қандай да бір нәрсенің дұрыстығына, шынайылығына күмәнмен қарау. Күмән I. зат. 1. [иран] Сенбеуден туған сезікті ой, шүбә, күдік.</p> <p>2. Әзербайжан: skeptically 3. Қырғыз: күмөн 4. Өзбек: skeptically 5. Түрік: skeptically</p> <p>6. Ағылшын: skeptically – сенімсіз, күмәнмен 7. Испан: escepticismo 8. Неміс: Skeptisch – сенімсіз 9. Француз: sceptiquement</p>
3457.	скептик	күмәншіл	<p>«Скептик» – грек. skeptomai – ойға бату, толғану.</p> <p>1) скептикалық ілімнің ұстанушысы. 2) ешқандай дәлелі жоқ болса да үнемі күмәнданып жүретін, ешкімге сенбейтін адам. Күмәншіл I. сын 1. Күдіктене қарайтын, қауіпшіл.</p> <p>2. Әзербайжан: skeptik 3. Қырғыз: шектенгендерден 4. Өзбек: shubhachi</p>

			<p>5. Түрік: kuşkucu 6. Ағылшын: skeptic – дiрге сенбейтiн, скептик 7. Испан: escéptico 8. Немiс: Noes – қарсы дауыс берушi, терiстеушi, скептик, нигилист, барлық нәрсенi терiстеушi 9. Француз: sceptique</p>
3458.	соображение	ой-пайым	<p>Ой I. зат. 1. Объективтік шындық туралы түсiнiк, пiкiр, ұғым. 1. Адамның ой-өpiciне тән ұғым-түсiнiк, бiр нәрсенiң жөн-жобасы. 2. псих. Адам санасындағы ойлау процесiнiң тұжырымынан кейiнгi нәтижесi. Пайым I. зат. 1. Адамның ой-өpiciне тән ұғым-түсiнiк, бiр нәрсенiң жөн-жобасы. 2. псих. Адам санасындағы ойлау процесiнiң тұжырымынан кейiнгi нәтижесi. 2. Әзербайжан: mülahizə 3. Қырғыз: карап чыгуу 4. Өзбек: ko'rib chiqish 5. Түрiк: düşünce 6. Ағылшын: consideration – қарастыру, назар, түсiнiк, талқылау, өтеу, құрмет 7. Испан: consideración 8. Немiс: Berücksichtigung – аргумент, дәлел, сылтау, түсiнiк, ақыл-ой, логикалық ойлау, шама, өлшем 9. Француз: considération – қарастыру, бағалау, түсiнiк, құрметтеу</p>
3459.	обострение	шиеленiсу, асқыну	<p>Шиеленiсу I. ет. 1. Ушығысу, күрделене түсу. 2. Егесу, қақтығысу, шекiсу. Асқыну I. ет. 1. Күшею, мендеу. 2. Әзербайжан: көskinләşməsi 3. Қырғыз: курчуу 4. Өзбек: alangasi 5. Түрiк: azdırma 6. Ағылшын: exacerbation – шиеленiсу, күшею, экзациербация, пароксизм, ушықтыру 7. Испан: exacerbación 8. Немiс: Exacerbation – шиеленiсу, күшею 9. Француз: exacerbation</p>
3460.	эскалация	ушығу	<p>«Эскалация» – ағылшын. escalation – сөзбе-сөз: баспалдықтың көмегiмен көтерiлу. Қандай да бiр нәрсенiң үнемі артып отыруы, күшеюi, кеңеюi (мысалы, билiктегi сыбайлас жемқорлықтың артуы, соғыс эскалациясы); асқыну, созылу (соғыс қимылдары), таралу (қақтығыс), шиеленiсу (жағдай). Ушығу I. зат. 1. Жарақаттың асқынып кетуi. 2. ауыс. Араздықтың, өкпе-ренiштiң үдей түсуi, өршуi. 2. Әзербайжан: gərginlik 3. Қырғыз: эскалация 4. Өзбек: bekorchilik 5. Түрiк: kızışma 6. Ағылшын: escalation – эскалация, шиеленiсу,</p>

			кеңею, ауқымның ұлғаюы 7. Испан: escalada 8. Неміс: Eskalation 9. Француз: escalade – асып түсу, өр, көтерілу, эскалация
3461.	персона нон-грата	персона нон-гранта	<p>«Персона нон грата» (лат. persona non grata) – «жағымсыз персона», «жағымсыз тұлға» ретінде түсіндірілетін дипломатиялық термин.</p> <p>Жағымсыз I. сын. 1. Сүйкімі жоқ, ұнамсыз. 2. Қолайсыз, жайсыз, келіссіз. 3. Құлаққа жат, қатқыл. 4. Денсаулыққа жақпайтын, улы.</p> <p>Тұлға I. зат. 1. Адамның дене бітімі, пішіні. 3. Белгілі бір елдің танымал адамы, қоғамға еңбегі сіңген қайраткер, айтулы азамат. 4. филос. Жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым.</p> <p>2. Әзербайжан: persona non grata 3. Қырғыз: персона нон грата 4. Өзбек: persona non grata 5. Түрік: istenmeyen adam 6. Ағылшын: persona non grata 7. Испан: persona non grata 8. Неміс: Persona non grata 9. Француз: persona non grata</p>
3462.	переплетение	астасу, ұштасу	<p>«Переплестись»– 1. Өрілу. 2. ауыс. Шатасу, араласып кету, астасып кету.</p> <p>Астасу I. ет. 1. Үйлесу, үндесу.</p> <p>Ұштасу I. ет. 1. Ұласу, жалғасу, байланысты болу. 2. Бірігу, қосылу.</p> <p>2. Әзербайжан: interweaving 3. Қырғыз: аралаштыруу 4. Өзбек: qorishib</p> <p>5. Түрік: birbirinin içine girme 6. Ағылшын: weave – торап, тор, тізбек, сұлба, қоғамдастық, өрілу, араласу 7. Испан: entrelazamiento</p> <p>8. Неміс: Verflechtung – араласу, бітісіп кету, өзара байланыс, байланыстылық</p> <p>9. Француз: entrelacement – қосылыс, орап байлау, таңу, өру, байланыстырушы, қоспа</p>
3463.	размораживани е конфликта	жанжалды қайта қозғау	<p>«Разморозиться» – 1. Тоңазытылған қалыптан шығу, жібу. 2. Жылудың ықпалынан мұзынан арылу.</p> <p>Жанжал I. зат. 1. Дау, шатақ, ұрыс-керіс. 2. саяси. Қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы қордаланған өткір проблемалардың, халықаралық кикілжіндердің дер кезінде реттелмей, әртүрлі қақтығыстарға алып келуі.</p>

			<p>Жаңғырту I. ет. 1. Белгілі бір дүниені, халықтық мұраны жаңарту, қайт а өңдеу. 2. ауыс. Асқындыру, ушықтыру, шиеленістіру.</p> <p>Өршіту I. зат. 1. Үдету, күшейту. 2. Әзербайжан: münaqişənin unfreezing 3. Қырғыз: жанжал эритүү 4. Өзбек: mojaro ozod 5. Түрік: çatışma serbest bırakılması 6. Ағылшын: thawing out a conflict 7. Испан: descongelamiento del conflicto 8. Неміс: unfreezing des Konflikts 9. Француз: décristallisation du conflit</p>
3464.	реакция	реакция	<p>Реакция – лат. re... – қарама-қарсы + лат. actio – іс-әрекет. I. зат. 1. физ. Организмнің сыртқы және ішкі тітіркендіргіштерге әр кезде берет ін жауабы. 2. хим. Зат құрамының химиялық әсерлестігі. 3. хим. Бір заттардың бастапқы заттардан құрамы мен қасиеттері жағынан ерекше басқа бір зат тарға айналуы. 4. саяси. Күні бітуге айналған таптардың қоғамдық прогреске жасайтын қарсылығы. 2. Әзербайжан: reaksiya 3. Қырғыз: жооп 4. Өзбек: reaksiya 5. Түрік: reaksiyon 6. Ағылшын: reaction – реакция, ден қою, қарама-қарсы әрекет, іс-әрекет, әсер, ықпал 7. Испан: reaktion – reacción 8. Неміс: Reaktion – реакция, үн қату, жауап 9. Француз: réaction – реакция, кері әрекет, қарама-қарсы әрекет</p>
3465.	рецессия	рецессия	<p>Рецессия (<лат. recessus – шегіну) – өндірістің құлдырауы, өсу қарқынының баяулауы. 2. Әзербайжан: uzaqlaşdırma 3. Қырғыз: тереңдик 4. Өзбек: tushish 5. Түрік: durgunluk 6. Ағылшын: recession 7. Испан: recesión 8. Неміс: Rezession – рецессия, өндірістің құлдырауы 9. Француз: récession – шегіну, секіру, қайтарым, рецессия, регресс</p>
3466.	заморозка конфликта	жанжалды түмшалау	<p>«Заморозить» – 1. Қандай да бір нәрсені немесе қандай да бір адамды суықтың, үсіктің әсеріне шалдықтыру. 2. Қандай да бір нәрсенің қатты суыту. 3. Қандай да бір жерді ауыртпау. 4. ауыс. Қандай да бір нәрсені немесе қандай да бір істі бұрынғыша қалдыру, пайдаланбау.</p> <p>Жанжал I. зат. 1. Дау, шатақ, ұрыс-керіс. 2. саяси.</p>

			<p>Қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы қордаланған өткір проблемалардың, халықаралық кикілжіндердің дер кезінде реттелмей, әртүрлі қақтығыстарға алып келуі.</p> <p>Доғару I. ет. 1. Жегулі арба-шананы тоқтатып, босату. 2. ауыс. Тоқтату, аяқтау.</p> <p>2. Әзербайжан: dondurulmuş münaqişə 3. Қырғыз: тондурулган жанжал 4. Өзбек: muzlatilgan mojarо 5. Түрік: dondurulmuş çatışma 6. Ағылшын: freezing of the conflict</p> <p>7. Испан: conflictо congelado</p> <p>8. Неміс: frozen Conflict</p> <p>9. Француз: conflit gelé</p>
3467.	«сверка часов»	«уақыт салыстыру», іс-қимылдарды үйлестіру	<p>«Сверка часов» – әскери және полициялық операцияларға дайындықтың маңызды элементі және күнделікті флоттық әдет-салт. Бұл операцияны ескермеудің салдары жеке құрам шығынының көп болуына, техникалық құралдардың, тартылған күштердің іс-әрекетінің үйлестірілмеуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.</p> <p>2. Әзербайжан: saatlar sinxronizasiya 3. Қырғыз: саат синхрондоштуруу 4. Өзбек: soatlar sinxronlashtirish 5. Түрік: saatlerimizi ayarlayalım 6. Ағылшын: clock reconciliation 7. Испан: sincronizar relojes 8. Неміс: synchronisieren Uhren</p> <p>9. Француз: synchroniser les montres</p>
3468.	ультраправый	әсіреоңшыл	<p>«Ультраправые» («крайне правые», «радикальные правые») – саяси алаңның оң «жағында» болатын топтың немесе жеке адамның көзқарасын, айқындамасын білдіру үшін қолданылатын термин. Мұндай идеология әдетте авторитаризм, ұлтшылдық, расизм, фашизм және ксенофобия сияқты саяси жүйелерге тән болады.</p> <p>Әсіре I. үстеу. 1. Шамадан, шектен тыс, ерекше, тез.</p> <p>Оңшыл I. сын. 1. саяси. Саяси кертартпалықты қуаттайтын, реакцияшыл.</p> <p>2. Әзербайжан: - 3. Қырғыз: - 4. Өзбек: - 5. Түрік: - 6. Ағылшын: ultra-right 7. Испан: de ultra 8. Неміс: - 9. Француз: -</p>
<p>СӨЗДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНЕ ЖАСАЛҒАН ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ</p>			

3469.	сторнирование	түзетім	<p>1. «Сторнирование» – жазбада жіберілген қателерді түзету мақсатында жазылатын кітаптағы жазбаны (мақаланы) білдіретін бухгалтерия термині. (https://ru.wikisource.org/wiki/Сторнирование). «Сторнирование» – қандай да бір операцияны жоймай-ақ оны болдырмау. Мұндай операция кассалық операциялардың қорытындысына әсер етеді. (http://www.jadatex.com/wiki/documentation/storn). «Қайтарылу» I. Етістік. 1. «Қайтарыл» етістігінің қимыл атауы. <i>Жолаушылардың бір тобы билетке төлеген ақшаларының қайтарыл уын талап ете бастаған</i> (Ә.Әлімжанов, Отырардан жеткен сый). (ҚС, 734). «Түзету» I. Есістік. 1. «Түзет» етістігінің қимыл атауы; жөнге салу, жөнге келтіру. <i>Салдырдың жиырма мың сомасынан, Оздырдың бұл ісінді алашыңнан. Түзету ондай орын қиын сауда, Шығарып бір кісінің шамасынан</i> (Кердері Әбубәкір). <i>Кәсібі жаман нысықтың – «Жүзік көзінен жүз өту». Орыннан тұрар ұшып кім, Арманы – елді түзету?!</i> (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). (ҚС, 1293). 2. Әзербайжан: bəpə 3. Қырғыз: өзгөрүү 4. Өзбек: bekor qilish 5. Түрік: tersine çevirme 6. Ағылшын: reversal 7. Испан: inversión 8. Неміс: umkehrung 9. Француз: renversement</p>
3470.	нерациональное расходование бюджетных средств	бюджет қаражатын тиімсіз жұмсау	<p>1. Бюджет қаражатын жұмсауда сараланатын бухгалтерия саласының термині. «Нерациональный» – 1) ұтымдылығынан айырылған, бір нәрсені ақылмен қолдануға бағытталмаған; 2) өмірге деген аса парасатты көзқарасымен ерекшеленбейтін. (https://ru.wiktionary.org/wiki/Нерациональный) «Бюджет қаражаты» – мемлекеттік меншікке түсуі және жұмсалуды бюджетте ақшалай нысанда көрсетілетін мемлекеттің ақшасы мен өзге де активтері. (http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095_). «Расходовать» – 1. Бір нәрсені жұмсау, қолдану. 2. Өзінің жұмысы, қозғалысы үшін тұтыну. (Ожегов,</p>

1557).

«**Тиймсіз**» I. Сын есім.

1. Қажеті шамалы, пайдасыз. *Бұл жағдайдың өзіне **тиімсіз***

*екенін түсінген қарсыласы қызбалықты қойып, шай қастың барысын басқаша жоспарлай бастады (Ә.Б үркімбаев, Жетімек). Ханға **тиімсіз** жағдай бүкіл қазақ даласына*

***тиімсіз** болып саналуға тиіс (I.Есенберлин, Жанталас). (ҚС, 1249).*

«**Орынсыз**» I. Сын есім. 1. Жөн-

*жосықсыз, ретсіз, қисынсыз. **Фибрат** ал жақсылықтан жақын жүріп, Аулақ қаш жамандықтан сырттан шеттей. **Орынсыз** батырлыққа аран дама, Әр істің мазмұнына көзің жетпей (М.Дулатов). Мұндайда*

*сый алған балалар сый алу үшін гана тырысып, кеуделеріне **орынсыз** менмендік,*

ретсіз тәкаппарлық кіріп, сый алмаған балалар күншіл һәм өзіне-өзі сенбейтін

жасық болып шығады (М.Жұмабаев). Сол жаһатты сөз жаздым, Рүстембек,

*Шайхы шырыңға. Сіздерге бұл сөз насихат, Есен жүрсең ер жетіп: **Орынсыз** іске*

ұрынба! (О.Шораяқов, Шайыр). Мұндай жағдайда қай-қайсымыздың да ортақ

үйіміздің тезірек іргесі бүтінделіп, үзігі азаруы үшін істейтін өз міндетіміз бен парызымызды түсіндір

месек, сый-сияпат пән құрмет дәметуіміз

***орынсыз** болар еді (Ә.Кекілбаев, Үш белес). (ҚС, 1012).*

«**Жұмсау**» I. Етістік. 1. «Жұмсау» етістігінің

қимыл атауы. Бір істі атқаруға, орындауға

жіберу. *Жұмыстан бос уақытың **Билігі** енді*

*өзіңде. **Жұмсауға** байдың әлі жоқ*

Бос отырған кезіңде (С.Сейфуллин, Шығармалары).

2. Сілтеу, қолдану. *Өзі*

*тікелей ұрысқа қатыспайтындығынан хан көптен б ері сойыл, найзаны **жұмсауды***

ұмытқан (I.Есенберлин, Алмас қылыш). (ҚС, 529).

«Бюджет» – ескі норманд. bougette – ақша салынған әмиян, сөмке, қапшық.

2. Әзербайжан: büdcə fondlarının səmərəsiz xərcələnməsi

3. Қырғыз: бюджеттик каражаттардын калдыктары

4. Өзбек: byudjet mablag'larining samarasiz sarflanishi

5. Түрік: bütçe fonlarının verimsiz harcamaları

6. Ағылшын: inefficient spending of budget funds

			<p>7. Испан: gasto ineficiente de los fondos presupuestarios 8. Неміс: ineffiziente Ausgaben der Haushaltsmittel 9. Француз: dépenses inefficaces des fonds budgétaires</p>
3471.	законодательная инициатива	заң шығару инициативасы	<p>1. «Инициатива» – лат. initium – бастау. «Законодательная инициатива» – заң шығару билігі органдарының заң жобасын немесе заңды қабылдау, өзгерту, күшін жою туралы ұсыныстарды қарауына енгізуден тұратын заң шығару процесінің кезеңі. (https://ru.wikipedia.org/wiki/Законодательная инициатива). «Законодательство»– 1. Заңдар жиынтығы. 2. Заңдарды әзірлеу және шығару. 3. Акт (<i>Ожегов, 462</i>). «Инициатива». 1. Бастама, қызметтің жаңа түрлеріне деген ішкі ниет, тапқырлық. 2. Қандай да бір істегі басқарушылық рөл. 3. Талқылауға шығарылған ұсыныс. (<i>Ожегов, 556</i>). «Инициатива» I Зат есім. 1. [француз. initiative]. Бастама (белгілі бір істі, жұмысты атқаруға байланысты алғашқы бастама, ілкі қадам). Инициативаның <i>қандайы болсын дер кезінде көрсетілген көмектің жәрдемімен ғана буыны қатайып, бұғанасы бекімек (Б.Ырзабаев, Егінді көл жұлдыздары). Республикам ыздың қолөнершілері цементтің орнына жүретін материалдарды өндіру жөніндегі тамаша инициатива көрсетіп отыр (Қ.Сәтбаев, Қазақстан – менің Отаным).</i>2. Искерлік, өз бетінше белсенді әрекет жасау қабілеті. <i>Жеткіншектердің қоғамдық істерге өз инициативаларымен қатысуына мектепте, мектептен тыс жерлерде жағдайлар баршалық («Қазақстан мектебі»).</i> Инициатива – ынта, ықылас (іс-әрекетке жетелейтін қабілет). <i>Сыртқы тұлғалардан және өзіне тәуелсіз де фактормен анытайтын адамның белсенділігі (Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі).</i> 3. р е с м и. Талқылауға ұсынылған ұсыныс. <i>Бейбіт инициативалармен танылды.</i> <i>Білгіңіз келсе мұның өзі дәл осы менен шыққан инициатива (Ж.Еділбаев).</i>(ҚС, 581). «Бастама» I. Зат есім. 1. Бір нәрсенің, істің басы, ең алғашқы ұйытқысы. <i>Өк інішке орай, жоғары жақтан қолдау таппауы себепті – жақсы бастама жалғасын таппады («Қазақстан заман»). 1963 жылы Ашхабад</i></p>

			<p><i>та түйе шаруашылығы көрмесі өткізілді. Бұл жақсы бастама</i> (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). 2. Әдеби немесе музыкалық шығарманың басы. <i>Күй бастамасында жосылта шапқан ат тұяғының тасыр-тұсыры құлаққа келгендей</i> (Ж.Рысалдин, Ахмет Жұбанов). 3. ауыс.</p> <p>Бір нәрсенің бастауы, қайнар көзі, түп-тамыры, негізі. <i>Әлди, әлди – бастамасы бар әннің, Әлди, әлди – арманы зой адамның, Өмірімнің күй сазы боп шалқыған, Әлдиі зой менің әзіз анамның</i> (Ғ.Мүсірепов, Раушан).(ҚС, 201).</p> <p>«Заң шығару бастамасы – елдегі заң шығарушы органның қарауына белгіленген рәсімдемеге сәйкес заң жобасын ресми түрде енгізу құқығы; заң шығару процесінің алғашқы сатысы. Заң шығарушы орган енгізілген заң жобасын өзінің мәжілісінде қарауға міндетті. Қазақстанда Конституцияның 61-бабының 1-тармағына сәйкес Заң Шығару Бастамасының құқығы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Республика Үкіметіне берілген және заң жобасы тек Парламент Мәжілісінің қарауына тапсырылады. Мәжіліске заң жобаларын енгізу туралы шешімді Парламент (Мәжіліс пен Сенаттың) депутаттары тиісті ұсыныспен рәсімдейді. Үкімет заң жобаларын енгізу туралы шешімге тиісті қаулы шығару арқылы қатысады. Заң Шығару Бастамасы құқығы жоқ мемл. ұйымдардан, қоғамдық бірлестіктер мен жеке азаматтардан түскен заң жобалары Мәжіліске Заң Шығару Бастамасы құқығы бар органдар мен тұлғалар арқылы ғана енгізілуі мүмкін. Президентке Заң Шығару Бастамасы құқығы берілмеген, алайда, Президент заң шығару процесіне ықпал ете алатындай өкілеттікпен қамтамасыз етілген (https://kk.wikipedia.org/wiki/Заң_Шығару_Бастамасы).</p> <ol style="list-style-type: none"> 2. Әзербайжан: qanunvericilik rəhbərliyi 3. Қырғыз: мыйзам жетекчилиги 4. Өзбек: qonun rahbariyati 5. Түрік: yasama liderlik 6. Ағылшын: legislative initiative 7. Испан: iniciativa legislativa 8. Неміс: legislative Initiative 9. Француз: initiative législative
3472.	правопреемник	біреудің	1. Азаматтық-құқықтық қатынастарда құқықтар мен

құқығын
ауыстырып
алушы,
мирасқоры

міндеттерді бастапқы иеленуші орында тұрған жеке немесе заңды тұлға.

«**Правопреемник**» – басқа адамның барлық құқықтарын, міндеттемелерін, борыштарын өз мойнына алатын адам. Мысалы, қайтыс болған адамның (өмірі сүрген кезінде болған) қызметінің барлық субъектілері мұрагерлік жолымен оның туыстарына өтеді. (<http://1nasledstvo.ru/nasledniki/pravopreemnik.html>).

«**Құқықтық**» I. Сын есім.

1. Құқыққа қатысты, құқықпен байланысты.

Адамның

және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірілген деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық

актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды (ҚР Конституциясы). Біз

құқықтық қоғамға негұрлым жақындай түскен сайын, қазақстандықтар өздерінің

еліміздің толыққанды және белсенді азаматтары екендіктеріне көбірек сене

түсетін болады (Н.Ә.Назарбаев, Ғасырлар тоғысында). Қоғамымыздың әлеуметтік-

экономикалық және саяси өмірінде болып жатқан өзгерістер жедел құқықтық

ресімдеу мәселесін алға қойды («Егемен Қазақстан»).

Біздің де бастапқы екі жылымыз тәуелсіздігімізді жүзеге асырудың құқықтық негізін жасауға кетті

(Ә.Кекілбай, Тіл және тәуелсіздік).(ҚС, 837).

«**Мирасқор**» I. Зат есім.

1. Мирасқа (мұраға) ие болушы, мұрагер. *Ғалым өмірінің заңды*

жалғасы, ата мұрасына ие болып қалған –

мирасқор шәкірт еді

(С.Мәуленов, Үркер төбеде тұр). Біздер, ақынның

мирасқорлары Сұлтанмахмұт

мерекесін поэзия тойына айналдырып, кемеңгер ақынның есімін жаңғырта түсуге

тиістіміз («Қазақ әдебиеті»). Жоқ еді бұрын менің

мирасқорым, Басымнан

Қайысты алып кетті сорым. Оллаһи, маған малдың керегі жоқ, Ол малға ие болмақ сіздерге орын (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары).(ҚС, 932).

«**Мұрагер**» I. Зат есім. 1. Өзінен бұрынғы кісінің артында қалған дүниесіне ие болушы,

мирасқор.*Елуге таяған Әбілқайырдың тікелей*

хан тағына отырар
мұрагерің тұңғышы марқұм Шах-Будақ сұлтан болатын (І. Есенберлин, Алмас қылыш). Мұра қалдырушының шығармасын **мұрагерлер** өзге біреудің иемденіп кетуінен қорғай алады (Қазақстан Ұлттық Энциклопедия). *Нақ сол адам күйеу балам болады, Әрі мына т ағыма да мұрагер боп қалады!* (М.Шаханов).

2. Белгілі бір істі, өнерді т.б. жалғастырушы, дамытушы, өнегелі жолды қуушы. *Ол шыбықтай бұралып өсіп, енді-енді толыса бастаған домбырашы Динадан өз өнерінің мұрагері мен ертеңгі дағдырын бірден тани ды («Қазақстан әйелдері»). Қазақ баласы жердің негізгі иесі, даладағы ұлы тарихтың мұрагері екенін, осы елдегі жақсыға да, жаманға да жауапкер екенін толық сезінетін болды («Егемен Қазақстан»). Бүгінгі замандас – кешегі сұрапыл соғыс майданында ел намысы мен халық бостандығын қорғап қалған Ұлы Отан соғысы батырларының мұрагері (Ж.Исмағұлов, Адам мерейі).*

3. Бала, ұрпақ. *Сен де тұр қатарға, Манастың мұрагер ұлы, аяулы Шыңғыс ағам-ау, қырғыздың құлагер ұлы. Халқының жігер-күшіне қаламын жаныған Азияның заңғар шыңысың заманың таныған (М.Шаханов). (ҚС, 950).*

2. Әзербайжан: təqaüdçü
3. Қырғыз: оордун басуучу аял
4. Өзбек: huquq egasi
5. Түрік: halef
6. Ағылшын: assignee – құқықтық мирасқор, уәкілетті тұлға, өкіл
7. Испан: cesionario
8. Неміс: Rechtsnachfolger
9. Француз: cessionnaire

**2017 ЖЫЛЫ
БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР**

Редактор

Б.Ысқак

Корректорлар

О.Мақсұт, А.Әлайдар